

Ерлібай Өзбекбайұлы

Хирург

(Деректі роман)

Астана-2012

**УДК
ББК
Ө**

Ө **Өзбекбайұлы Е. *Хирург (деректі роман)*.**
– Астана-2012. -184 бет+жапсарма 20 бет.

ISBN

Ерлібай Өзбекбайұлының бұл кітабында медицинаның хирургия саласына еңбегі сіңген Толықбай Қадырбаевтың өмір жолы баяндалады. Атқарған адал жұмыстарының арқасында халықтың алдындағы қадірі артқан азаматтың бүкіл еңбек жолы өскелең өрендерге өнеге боларлықтай.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

**УДК
ББК**

ISBN

Өзбекбайұлы Е, 2012

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Бар саналы ғұмырын, білімі мен білігін туған халқының бағы мен бақытын өрлетуге арнап, осы қасиетті де қастерлі азаматтық парызына адалдығын әрбір әрекетімен, әрбір іс-қимылымен, ізгі ниетімен дәлелдеп отыратын, барша адам баласына тек қана жақсылық жасасам-ау деген жан сезімін жасыра алмайтын ақжарқын абзал жандар иісі қазақ баласында аз емес. Дей тұрғанмен де, солардың арасында қалай да бір ерек қасиетімен ерекшеленетін тұлғалар болады. Солардың бірі әрі бірегейі – хирург Толықбай Қадырбаев. Қолыңызға тиген бұл жаңа туындыны оқып шыққаннан соң Сіз де біздің бұл пікірімізге қол қоятыныңызға күмәніміз жоқ, қадірлі оқырман.

Журналист-жазушы Ерлібай Өзбекбайұлының бұл жарық көріп отырған үшінші кітабы. Бұған дейінгі «Аманжол» және «Тарих пен тағдыр» атты екі кітабы оқырман жылы қабылдаған сәтті шығармалар болды. Бұл жолы Ерлібай деректі романның жалына жармасыпты. Жазушының таңдап алған кейіпкерінің өмір жолын, осы жолда бастан кешкен қиын-қыстау шақтарын, бақыт пен шаттыққа, абырой мен құрметке бөленген сәттерін, азаматтық ар үшін намыс қайрағын қайраған нар тұлғасын, ізгілігі мен парасат пайымын жан-жақты ашып көрсету үшін осындай салмағы ауыр жүкті қаймықпай көтеруге тәуекел еткеніне риза боласың. Романды оқи отырып қарапайым қазақ азаматының алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығына, ізденісі мен жанкешті еңбегіне сүйсінесің.

Тағдыры жиырмасыншы ғасырдың аумалы-төкпелі алпыс жылға жуық кезеңімен қатар өрілген азаматтың балалық шағы да заманының қилы-қилы қиындықтары – сұрапыл соғыс салған зіл батпан ауыртпалықтармен, ел басына түскен нәубеттермен тұспа-тұс келді. Осынау алмағайып кезеңде өмірдің ащысы мен тұщысын алмакезек көре отырып қанда бар арда қасиеттерінің арқасында азамат деген ардақты ұғымның шыңына көтерілген хирург Толықбайдың өмір белестерін бейнелейтін әрбір әсерлі оқиғаны жазушы өз оқырмандарына әдемі тілмен әсем әдіптеп барып ұсынады. Кітап сонысымен де құнды.

Бүкіл өмір жолы үлгі-өнегеге толы азаматтың алдын кесе көлденеңдеген күншілдіктер, қызғаныш деген қып-қызыл қырсықтар да аз болмаған. Солардың барлығын ақылмен, парасаттылықпен, сабырлылықпен жеңе білген Толықбайдың асқақ рухы таңғалдырады. Тіпті ғажап дерсіз. Бұл ойымызға дәлел болар сәттер шығарманың өн бойында өріліп жатыр. Солардың бір парасы оңтүстік өлкесінде аты аңызға айналған хирургтың кітаптың соңғы жағындағы «Айтайын дегенім...» атты ойтолғауы.

Ерғазы ӘСЕМБЕКОВ

Доктор Қадырбаев

Өмірдің көріп қиынын,
Көтердің талмай иінің.
Қанша жыл, аға, қой бақтың,
Докторлыққа бұрып бүйірің...

Өмірдің сырын түсіндің,
Көңілдің құсын ұшырдың.
Жабығып келген жандарға,
Жаныңды бірге ұсындың.

Шипасын тауып дертінің,
Өшірдің бетін өртінің.
Ұйқысыз өтіп әр түнің,
Күлкісіз өтті әр күнің.

Біліммен аға емдедің,
Тіліңмен аға емдедің.
Өмірден күдер үзгенді,
Өлімге сірә бермедің.

Тәжірибе, білім қосылып,
Жаңалықтар жатты ашылып.
Үмітін үзген жандарға,
Жүресіз әркез асығып.

Атыңыз шықты доктор деп,
«Доктор ағай өткір» - деп.

Халқың берді бағаңды,
«Доктор барда көңіл тоқ тұр»
– деп

Халқыңның алып алғысын,
Арналды соған бар күшің.
Өлеңмен соқтым мүсінді,
Азаматына Нар мүсін.

Марқайып аға жүріңіз,
Шалқайып аға күліңіз.
Жарқылдап шықсын үніңіз,
Жарқырап тұрсын күніңіз.

Жарасар Сізге бәрі де,
Түсінген өмір мәніне.
Өзіңізге арнап жыр-толғау,
Жазылар талай әлі де.

Оған мен, аға, сенемін,
Тұңғық, түпсіз тереңім.
Бауырына басып балқытар,
Сағынып Сізді келемін.

Мұхтар ҚҰРАЛОВ,
ақын, сазгер

I БӨЛІМ

Табиғаттың тосын мінезін қарашы, қыстан қысылмай шыққан Ащыкөлдегі қоңыраттарды көктем келгелі көкке телміртіп қойды. Онсыз да қарға қарық қыла қоймайтын қыс мезгілінен кейін Ащыкөл халқы көктемгі жауыннан көп үміт күтетін. Аспанды бұлт торлай кетсе, көкке қол жеткізердей көңіл-күй ауыл тұрғындарының жүзінен байқалып, тұла-бойларына күт дарығандай тамаша күй кешуші еді. Ал, бұлт арасынан буырқанған күшімен қақ жара найзағай жарқылдағанда, шөл қысқан қара жердің өзі құшағын кең жайып, қақ төбедең төкпелей жауатын жаңбырды асыға күтетін. Елдің де, жердің де үміті ақталып, су тамшылары көктем үздіксіз себелей түскенде ауыл бейнесі бұрынғы қалпынан тіпті өзгеріп, жер-ананың кеудесінен шыққан жұпар иіс Ащыкөл аймағын жайлап кететін. Бойына судың нәрін сіңірген қара жер көп күн жоғалтпай көкке оранып, жайылымды торуылдап жүрген төрт түлікке тиісті тамағын қол созып ұсынбаса да, ерекше ықыласпен емеурін танытатын.

Егін салған ауыл тұрғындарының да көңілі тоқ. Жаңбырдан кейін құнарлы жер егіндерін сағат сайын өсетін құдды ертегі кейіпкерлеріндей өсіріп берген. Көктем шыға жер қойнауына дән сепкен дихандардың дән риза болатындығы да сондықтан. Ащыкөл аймағын жайлаған қоңыраттардың жыл сайынғы тыныс-тіршілігі осылайша жарасым тапты. Алайда, биылғы табиғат құбылысы ауыл тұрғындарын тіпті таң қалдырып отыр. Қыс мезгілі қытымыр мінезін көрсетпей, тіршілік иелеріне

жайлы болғанымен, көктем жылы қабақ таныта қойған жоқ. Ақпан айының орта тұсына қарай күн сәулесі жылуын аямай-ақ төкті. Ел іші көктем мезгілі ерте келді деп, егіншілік қам-қарекетке бел шеше кірісіп кеткен. Жердің көгі көзге көріне бастағаннан-ақ жайылымдық жерлерде де төрт түлік төбе көресете бастады. Жылдағы тіршілігін қамдай жөнелген қарапайым халық көктемнің алғашқы айы жауынды болады деп күтіп еді. Егер жаңбыр бір себелесе, егіндік алқаптың шырайы кіргелі тұр. Бірақ, амал нешік, аспанда бұлт атаулының бір мысқалы да байқалмайды. Көпшіліктің көкке телміріп, Құдайдан жауын тілеп жүргеніне де бір айдың жүзі болды. Әу, баста қара жерді жасыл желекке орап жіберген көк шалғынның реңі қуарып, күзді күнгі көріністі бейнелеп тұрғандай. Қыстың соңғы айында қылаң берген бұл құнарлы жер өнімдері су тапшылығын әбден тартты. Тамырлары тырысып, буындары бүріскен сайын олар да адамдар секілді аспанға қарап, тіршілік көзін тағатсыздана күтіп тұрғандай. Еккен егіні мен жайылымынан күн санап қайыр азайған сайын Ащыкөл халқының мазасы кете бастады. Ауыл іргесінде көлдің жоқтығы әсіресе осы қуаңшылық кезде анық байқалды. Еткен еңбек еш кетіп, ел әрі-сәрі күй кешкен сайын Қоңыраттың ру басылары жиі бас қосатын болды. Енді не істемек керек? Барлығының басын қатырған осы сұрақ. Егер жағдай осылай ушыға беретін болса, ауыл тұрғындары аштықтың кебін кимек. Онсыз да қуаңшылықпен бірге белгісіз, дауасыз бір дерт келіп үлгерген.

Мырзашөл өңіріне іргелес орын тепкен Ащыкөл ауылын негізінен Қоңыраттан тараған Қаракөсе руы мекен етеді. Елуді еңсеріп қалған Егем деген

кісі ел тіршілігімен біте қайнаса өскен азамат болғандықтан ауыл тағдырына қатысты мәселе талқыланатын ақсақалдар жиынынан әсте қалыс қалған емес. Бір жиында ол «бабаларымыз «сулы жер – нулы жер» деп текке айтпаған ғой. Осы біз ел болып сулы жерге көшер болсақ, дәл бүгінгідей тығырыққа тірелмес едік» деген ойын айтып қалған. Ауыл ақсақалдары оны ә, дегеннен қолдай кетпесе де, кейінгі жиындарда осы бір ойдың шырмауынан шыға алмай-ақ қойды. Содан келісе келе Сырдария көлінің жағасынан орын тебуге бел буды.

Тосыннан келген қуаңшылықтың салдарынан ауыл тұрғындарының әл-ауқаты әлсіреген тұста өзге өңірге қоныс тебу айтар ауызға ғана жеңіл болатын. Тығырықтан шығатын басқа жол болмағандықтан ащыкөлдіктер бұл ұсынысқа амал жоқ көнді. Алда сан қилы жол азабы тұрғандығын олар жақсы біледі. Сондықтан қолда бар азығын алып, барынша қамданып-ақ жатыр.

Жалпы, Қазақ жерінің оңтүстігін мекендеген Қоңырат руы тағдырдың талай рет тепкісін де көрді. Сонау Хиуа хандығының тұсында шеттен келгендердің тізіміне ілігіп, жергілікті халықтың қоқан-лоққысына төзуіне тура келді. Ру ішінен рухы мықты, өмірден көрген, түйгені көп азаматтар шыққан күннің өзінде оларды елеген ешкім болмады. Билік бұл ру үшін аспандағы айды алғанмен бірдей еді. Әйтсе де, қоңыраттардың кез келген жауды жайпай жөнелетін жауынгерлік қасиеті Хиуа хандығындағы қолбасшылардың назарына ілікті. Дұшпанға бетпе-бет келіп, аттан сала алға ұмтылатын негізгі жасаққа Қоңырат руының білекті, жүректі ұлдарын қосу қалыпты үрдіске айналды. Алайда, жасақ басқару ісіне оларды тіпті араластырған жоқ. Сондай-ақ, Бұхар

және Қохан хандықтарында да қоңыраттардың тыныс-тіршілігі осылайша өрбіді. Өзгенің қабағына қарап, жетім баланың күйін кешу олар үшін оңай тимегені анық. Рудың беткеұстарлары бас қоса қалса, хандықтан қалай да сытылып шығып, іргені аулақ салуды ойластыратын. Бұл үшін бірінші кезекте күш біріктіру керектігін олар қаперден шығарған жоқ. Әрине, қазығы мықтап қағылған хандықты қаймықтыру аз ғана халқы бар Қоңырат үшін тіпті мүмкін емес жағдай. Сондықтан діттеген мақсатқа жету үшін айла-шарғының сан түрін қолданған абзал. Ру басшыларының кезекті бір жиынында аз-аздан топ болып, хандық аумағынан қантөгіссіз сытылып шығу жоспары жасалды. Бұл – ұтымды жасалған жоба болатын. Қоңырат бірнеше топқа бөлініп, мақұлданған жоспарға сәйкес түпкі ойларын жүзеге асыра бастады. Әйткенмен, бұл әрекеттерінің негізгі дені қантөгіссіз болғанымен, хандық аумағынан өткеннен кейінгі сапарлары сан түрлі сәтсіздікке ұрынды. Қоңыраттан таралған топтар Мырзашөл өңірінде бас біріктіруді жоспарлаған болатын. Алайда, тағдыр оларды жан-жаққа шашыратып жіберді. Жол азабын еңсеріп, қолайлы қоныс тапқандар тіршілігін өз беттерінше жасап жатты. Тағдыр тауқыметін тартып, орта жолда ойсырай күйрегендері де аз болған жоқ. Қоңыраттан бөлініп, қалыпты тіршілік қамына көшкен топтар кейін келе жеке-жеке ру атанып, Мырзашөл өңірінің аумағынан орын тебе бастады. Олардың кейбірі тапқан қонысына «тастай батып, судай сіңіп» кетсе, енді біреулері әртүрлі жағдайлармен қоныстан қонысқа көшу машақатын бастан кешірді. Тіпті, қазақ орыстың боданына айналып, қылышынан қан тамған Кеңес Одағы құрылған кездің өзінде де осындай халден

арыла қоймаған Қоңырат рулары кездесіп жатты. Бұл жағдай әлгі рулардың әлсіздігін емес, тауқымет тұзағына оңбай іліккендігін байқатып тұрғандай еді. Мәселен, сан жылдар бойы Ащыкөлді мекен етіп, табанды еңбек, маңдай термен жер емген Қаракөсе руының табиғат апаты – қуаңшылыққа ұрынып, өңі түгіл, түсіне енбеген халге душар болғанын қараңызшы.

Ащыкөл ауылы абыр-сабыр. Халық хал-қадірінше ұзақ жолға дайындалу үстінде. Ру ақсақалдары көш басталардан бір күн бұрын ағайынды бір жинап, нысанаға алынған негізгі бағыт Ташкент жақ екендігін ескертті де, бұл сапардың жеңіл болмайтындығын қаперге салды. Ертесіне таң ата халық тайлы-тұяғы қалмай, тізіле көш түзеді де, тәуекел деп Ташкентке қарай жол тартты. Еккен егіннің жемісін көре алмаған ел ұзақ жолға шығар алдында «алты айлық азығын» қамдай алмағандығы да анық. Талай күнді артқа тастаған көш алдымен тамақтан тарыға бастады. Көпшіліктің көлігі болған жылқы мен түйе жануарын ас етуге эсте болмайды. Халық қолда бар өзге түліктерді бөлісе жеп, бар амалын қарастырып-ақ келеді. Әйтсе де, ауру-сырқауға шалдыққан жандардың ахуалы тіпті қиындай түсті. Олардың арасында жол азабын көтермей, бақилық болғандар да болды. Күн өткен сайын халі мүшкілдей түскен халық Келес өзеніне келгенде ғана ес жиды. Осы жерді олар бірер күн қоныс етті де, біраз тыңайып алған соң қайта жолға қамданды. Ру ішінен Келестен әрі қарай жол жүруге құлықты емес әулеттер де кездесті. Ақсақалдарға кейінгі жолға шыдас бермейтіндіктерін айтып, көштен қалатындықтарын ескертті. Отбасының амандығын ойлағандар осындай қадамға да барды. Ал, нар тәуекел деп алға ұмтылғандары Ташкентке

қарай бет түзеп, көшті әрмен қарай жалғады. Бұл сапардың да бұралаң жолдары көп болды. Мал шығынымен қатар адам шығынына да ұшырап жатты. Тауқыметті аз тартпаған ел Ташкентті айнала өтіп, тұрғылықты жұрт Піскен деп атап кеткен жерге келгенде күпті көңіл жайына түсті. Сырдария өзенінің іргесіндегі бұл жерден қаракөселіктердің басым бөлігіне қоныс та бұйырды. Ал, біраз бөлігі іргедегі Тайтөбеден қоныс тапты.

Толқыны дүлей дауыл болмаса қатты тербеле қоймайтын Сырдария өзені іргелей қоныстанған ел үшін құт болатын. Көктем шыға жерге себілген дәнге суы нәр болса, адам ағзасына аса пайдалы сан түрлі балығы ашықтырмас азығына айналды. Аулаған балықтарын өзеннен алыс орналасқан елді мекендерге апарып, шай-пұлын айырып жүрген ағайынның қарасы да аз болған жоқ. Осындай құтты жерден қоныс бұйырғанына Қаракөсе халқы дән риза. Егін ексе судан тарықпай, мал жайласа жасыл желек оранған жайылымдарды еркін пайдалана кететін шуақты күннің туғанына кім қуанбайды дейсің?! Әсіресе, тағдыр тауқыметін көп тартып, бірде адам қолынан, енді бірде табиғаттың тосын мінезінен оңбай таяқ жеп, көшіп-қонудың машақатын көп көрген қаракөселіктердің аузында тек «Құдайға шүкір». Тірлігі оңалған соң ел еңсесін көтере бастады. Тырбандап тіршілік жасағандар табиғат-анадан тиісті жемісін алып жатты. Қорадағы төрт түлік саны да артып, көпшілік көңілін тоқ санап қалған. Ағайын бар қиындық артта қалғандай арқа-жарқа күй кешіп, жер жәннатында жүргендей жадырап қалып еді. Осындай халде жүрген халықты тағы да тосын жағдай ойсыратады деп кім ойлаған? Ел арасына тез таралып үлгерген екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты ақпарлар

Сырдария өзенінің іргесіндегі елді мекендерді де дүр сілкіндірді. Бұл уақытта Қоңыраттан таралған рулардың көпшілігі бір жерге шоғырланған кез. Олар ел басына бұлт үйіргелі тұрған бұл соғысты жалпы қазақтың басына төнген қасірет деп қабылдады. «Не көрсек те, елмен бірге көерміз» деп ауыл ақсақалдары қару ұстауға қауқарлы жастарға «қандай жағдай болса да, сақадай сай болып тұрыңдар» деп арагідік ескертіп те отырды. Соғыс болған соң әскерге ауыл-аймақтардан жастар шақырылатынын ақсақалдар жақсы біледі. Мұндай науқан бастала қалса, ел жастары дүрлікпесін деп, батыр бабаларымыздың сонау зұлматты жылдарда жасаған ерліктерін жиі насихаттауға да көшті. Көнекөз қариялар болжағандай, көп ұзамай соғысқа азаматтарды алу жұмыстары басталып та кетті.

Жаратқан иеміз жар болып, жайлы қонысқа енді қол жеткізген кезде мына бір дүрбелеңнің басталуы қаракөселіктер үшін тас төбеден жай түскенмен бірдей болды. Егін мен мал жайлау жұмыстарының негізгі денін атқаратын тепсе темір үзетін атпалдай азаматтар енді ел азаттығы жолындағы соғысқа аттанбақ. Бұл суыт хабар әсіресе туған перзентін өз қолымен сұрапыл соғыс майданына шығарып салғалы тұрған ата-аналарға ауыр тиді. Олар Отан от құшағына оранғалы тұрғанын ойлағанда ғана сабырға келетін. Жүрегі қан жылап тұрса да тағдырдың салғанына көніп, соғысқа аттанғалы тұрған перзенттеріне амандық тілегеннен басқа шарасы қалмады. Сырдария өзенін жағалай орын тепкен елді мекендердің біразы соғыс дүрбелеңі салдарынан өзге өңірге қоныс тебуіне тура келді. Оның үстіне бұл уақытта Өзбекстанда жаңадан үш аудан ашылған болатын. Соның желісінде ұжымдастыру науқаны қызып,

кеңшарлар мен ұжымшарлар жедел құрыла бастады. Сондай ауданның бірі – Сырдария болатын. Қаракөсе руының ел билігіне араласып жүрген азаматтарының бірқатары осы ауданның шаруашылығына қолғабыс жасауға бел буды. Іргесі там-тұмдап қалана бастаған 28-ұжымшарды құру ісіне қаракөселіктерге іскерлігімен танылған Егем Бабақұлұлы табанды еңбек сіңірді. Ол шаруашылық ісі ілгерілеген сайын кезінде түрлі себептермен «тарыдай шашыраған» рулас ағайындарды ұжымшар аумағына топтастыруды ойлады. Бұл мақсаты біртіндеп жүзеге асты да. Қаракөселердің қарасы әжептәуір көбейген ұжымшардың «тасы өрге де домалады». Сондықтан болса керек, бұл жерге тек қаракөселер ғана емес, Қоңыраттан тараған басқа да рулар келіп қоныстанып жатты. Барлығының «илегені бір терінің пұшпағы» болғандықтан іске келгенде бір атаның балаларындай жұмыла кірісіп кететін.

Ұжымшар шаруашылығына атсалысып жүрген Егем Әлім деген кісімен етене араласатын. Ол бұл кісінің адамгершілік, бауырмалдық қасиетін аса бағалаушы еді. Үйіне барған сайын құлақ құрышы қанғанша әңгімесін тыңдайтын. Сондай-ақ, кетер алдында үй іргесіндегі ұстаханаға бір соқпай көңілі көншімейтін. Тіккен етігі көздің жауын алатын Бейсен ұстаға өзі барып сәлем беріп, рулас бауырымен біраз әңгіме көрігін қыздыратын.

Әлім ақсақалдың үйін уақытша пана еткен Бейсен шағын ұстахана ашып, тіршілік қамымен тігіншілікті кәсіп етті. Ақсары өңді, бойшаң келген ұста жігіт сырт көзге сырын ішіне бүккен ұяндай болып көрінгенімен, шын мәнінде сөйлеген сайын ашыла түсетін, ақтарыла сөз сабақтағанда кәнігі шешендердей көсіле кететін көңілі дария азамат.

Оның осы бір қасиетін жақсы білетін Егем жүздескен сайын әңгімесін алдымен Бейсенді қызықтырады-ау деген тақырыптан бастайды. Екеуара айтылатын әңгіме желісі негізінен ел шаруашылығы мен бірлік-берекесі жөнінде өрбиді. Ал, кезекті бір кездесуінде Егем әңгімесін ә дегеннен бұл тақырыпта емес, Бейсеннің жеке өміріне қатысты жауабын күткен сұрақтардан бастады.

– Осы біз әңгіме-дүкен құрғанда жалпы ел тіршілігіне қатысты сан алуан мәселелердің шырмауынан шыға алмай қаламыз. Бұл тақырып сені де қатты қызықтыратындықтан әңгімеміз әжептәуір жарасып-ақ кетеді. Әйтсе де, мен бүгін өзің жайлы жақынырақ білгім келіп тұр.

– Түсіндім, аға. Біз отбасында төрт ағайындымыз. Менің Тағай деген ағам және Қадырбай мен Қазыбек деген бауырларым бар. Қазір олар Сырдария ауданына қарайтын XVII және XVIII партсъезд ұжымшарларында тіршілік жасап жатыр. Ал, мен дәм-тұз бұйырып, осы шаруашылыққа келдім. Осында Әлім ақсақалды кездестірдім. Кісіні жүріс-тұрысы мен сөйлеген сөзінен танитын Әлекең өз үйін паналатумен қатар, жеке кәсіппен азын-аулақ нәпақа табуыма да мүмкіндік берді.

– Е, солай де бауырым. Әлі-ақ аяққа тұрып кетесің. Сенің мына саусақтарыңда үлкен қасиет бар. Тіккен етіктерің жайлы ел аузында тек жақсы әңгіме айтылып жүр. Бұл өнеріңмен кезінде елдегі менмін деген болыс-билерді де таң қалдырған екенсің. Бізге келгелі де біраз жұртқа танылып үлгердің. Мен сенің өз ісіңе деген жауаптылығыңа тәнтімін.

– Рахмет. Айтпақшы, жақын күндері Әлім ақсақалдың үйінен енші алып, жеке тіршілік қамына көшпекпін.

– Әп, бәрекедді! Ендеше, өзіңе тек сәттілік тілеймін. Менің тарапымнан қандай да көмек керек болса, қысылмай айт, қолұшын беруге қашанда дайынмын.

– Пейіліңізге, рахмет.

Бір-бірімен туған бауырлардай сыр шертіскен Егем мен Бейсен біраз уақыттан соң қайтадан бұрынғы сарынға басып, ел тіршілігіне қатысты әңгімеге көшті. Олар күн сайын кездеспесе де, сәт түсіп жүздескен сайын осылайша емен-жарқын әңгіме-дүкен құрады.

Бір күні Егем тұңғышы Айтуғанды жетегіне алып, XVIII партсъезд ұжымшарына қарай бет түзеді. Салт аттың үстінде әкесінің белін құшақтай отырған Айтуған біраз жолды артқа тастаған соң:

– «Әке, біз қайда, кімге барамыз?», – деп көкейін тескен сұрағын қойды. Құлаққа жағымды естілген бала дауысқа ризашылық пейіл танытқан Егем сәл жымың қақты да:

– «Балам, біз бара жатқан XVIII партсъезде ауылдағы ұста көкең Бейсеннің бауырлары тұрады. Солармен жүзбе-жүз кездесуге бара жатырмын», – деп баласының сұрағына жауап қайтарды.

Сырдария ауданы Ташкенттен бөлінгеніне көп уақыт бола қоймағандықтан онда жаңа құрыла бастаған кеңшарлар мен ұжымшарларда жұрт негізінен мал шаруашылығымен айналысатын. Егем өзі нысанаға алған ауылға жақындай бергенде оң жақ беткейдегі жайылымнан ұзын бойлы бір кісіні көзі шалды. Ізін ала аттың басын сол жаққа қарай бұрды да, жорға шабысқа басып, арагідік тұлпарын қамшылап та қойды. Алыстан көрінген беймәлім бейне жақындаған сайын Егем тұлпарының шабысын бәсеңдете түсті. Ал, жайылымда қойдың жайын жасап жүрген әлгі кісі жүзін салт аттыға

қарай бұрғанда, Егем «О, Тоба» деп таңырқай көз тікті. Таңданыс үстінде осы бір сөзді бірнеше рет қайталап жіберген әкесінің бұл қылығын түсіне қоймаған Айтуған:

– «Әке, не болып қалды? «Тоба, Тоба» деп қоймадыңыз ғой», – деп мән-жайды білгісі келген. Сол-ақ екен, Егем баласына қарай бұрыла қарады да:

– «Анау жігіт Амангелді Имановтан аумайды екен. Түр-тұлғасы тура сол. Қалайша таң қалмассың?!», – деп тағы да «О, Тобасын» бірнеше рет қайталап жіберді.

Баласын бауырына алып, ат үстінде ақырын тербеліп келе жатқан Егем әлгі батыр тұлғалы беймәлім кісіге жақындай бергенде, оның жүзінен имандылық сәулесін көргендей әсер алды. Бойын билеген бұл сезім тектен-тек пайда болмаған екен. «Көке, ассалаумағалейкум. Аттан түсіп, бізде қонақ болыңыз» деп аласұра елпілдеп жүрген азаматтың шынайы ықыласына Егем дән риза. Аттан түсіре сала, сүт пісірімдей жердегі қазақы киіз үйге қарай жетелей жөнелген тұлғалы жігіт Егемнің жай сұраспақ әрекетіне де мұрша берген жоқ. «Алыстан ат арытқанға ұқсайсыздар, қазір үйден дәм татып, асықпай дем алып та аларсыздар» деген секілді жүрекке жағымды жылы сөздерін жаудырып, бар ықыласын танытып келеді. Ал, киіз үйге жақындай бергенде «Ақтамақ, бізге қонақтар келді» деп жарнамалай сөйлеп, тағы да құрақ ұшты. Сол-ақ екен, ақшаңқай киіз үйден ақ дидарлы, киген киімі өңіне түстес бір келіншек шықты да, келген қонақтарға қарай бұрыла сала иіліп сәлем берді. Ізін ала «Хош келдіңіздер, үйге кіріп дәм татыңыздар» деп ол да шынайы қонақжайлық мінезін танытты. Қазақы мінезге бай жарасымды

жұптың жан қызығарлықтай пейіліне тәнті болған Егем «Жаратқан ием, осы пейілдеріне қарай мол несібе берсін» деп іштей күбірлеп те келеді. Тіпті, кішкентай Айтуғанның бар ықыласы осы қонақжай аға, жеңгесіне ауған. Оның да ризашылық кейпі жадыраңқы жүзінен байқалады. Қонақтар ішке қарай енгенде дастарханды айнала төселген үш қабат көрпені көріп, тағы да таңдана көз тікті. Егем «Біз келгенде келін үйден дереу шығып еді, көрпе жайып қалай ғана үлгерді. Әлде күтіп отырған өзге қонақтары бар ма екен» деп дүдәмал ой құшағына енді. Оның бұл алаңдаушылығын байқаған үй иесі «Көке, қысылмаңыз, бүгінгі құтты қонағымыз сізсіз. Төрге шығыңыз» деп ағынан жарылғанда ғана күпті көңілі жайына түсті.

Қонақтарды жайғастырған соң әлгі келіншек дастархан мәзірін жасауға кірісіп кетті. Ал, үй иесі ас түрлерінің әрбірін қонақтар жаққа рет-ретімен қоюмен әлек. Бір кезде сөзді Егемнің өзі бастады.

– Бауырым, беймәлім қонақ болсақ та, құда күткендей арқа-жарқа күй кешіп отырған шынайы пейілдеріне рахмет. Енді мен бұл жаққа келгендегі мақсатымды айтайын. Өзім 28-ұжымшарда еңбек етемін. Атым Егем, руым Қаракөсе. Мен басқаратын шаруашылықта он саусағынан өнер тамған ұста Бейсен деген бір ағайыным бар. Соның осы жерде туған бауырлары бар деп естідім. Соларды өз көзіммен көрсем деген ниетпен келіп едім.

Қонақтың әрбір сөзін тыңдаған сайын қосыла сөйлеп кеткісі келгендей сыңайда отырған үй иесі өзін әрең ұстап, әліптің артын бақты. Егем өз сөзін екшелеп, соңғы нүктесін қойғаны сол-ақ екен, малдас құрып отырған тұлғалы жігіт көрпеге аяғын жедел бүгінкірей жайғасты да, жанары тіпті жадырай түсіп:

– «Ағатайым-ау, шынында да сіз құтты қонақ екенсіз ғой. Сіз білетін Бейсен деген кісі менің туған ағам болады. Менің атым – Қадырбай», – деп бейне бір әкесі тіріліп келгендей көңілі қуаныштың бесігінде тербелді.

Егемде де ес жоқ. «Құдайдың бізді сәтті кездестіруін қарашы» деп ол да «Тәубасын» жиі-жиі қайталап жатыр. Шай құйылған шәйнекті қолына ұстап, Қадырбайдың келіншегі үйге енгенде жадыраңқы жүздерді көріп, бір қуаныштың нышанын ол да байқағандай болды. Келіншегі дастарханға иіле тізесін бүккенде қуанышы қойнына сыймай тұрған Қадырбай:

– «Көке, мынау қасымда отырған сіздің келініңіз болады. Аты – Ақтамақ. Екеуміз ұжымшар іргесіндегі осы бір жайылымда Шопан атаның түліктерін бағып-қағудамыз. Тіршілік қамымен арагідік сауда-саттық кәсібімен нәсібімізді айырып жүрген де жайымыз бар», – деп отбасы жағдайынан да хабардар етті.

Екі ағайынды ас үстінде ұзақ-сонар әңгіме-дүкен құрып, кейде жақын туысқандардай сыр шертісіп те алды. Бір уақытта сырт жақтан шулаған қос баланың дауысы естілді. «Бұлар кім екен» деп дүдәмал жүз танытқан Егемге жауапты Қадырбайдың өзі берді.

– Көке, ол “жүгермектер” менің ұлдарым ғой. Үлкені – Өзбекбай, жеті жастан енді асты. Ал, одан кейінгісі – Серікбай, екі жасқа ештеп аяқ басып келеді. Бағана Өзбекбай бауырын алып, жайылымның оң жақ беткейіндегі шағын төбеге ойнауға кеткен болатын. Енді келіп отырғаны ғой.

Жүздері бал-бұл жанған қос баланың жүзін көрген Егем «Кіндігіңнен өрбіген ұрпағыңның тек қызығын көре бер» дей келе:

– Ұлдарыңның атын әдемі ұйқастырып қойыпсың. Болашақта тағы бір ұлың дүниеге

келсе, осы бір жақсы үрдісінді жалғастыратын да боларсың», – деп сырлас бауырлардай сөз сабақтады. Бұған Қадырбайдың да жауабы дайын екен. Жүзі жадыраңқы күйде:

– «Әрине, көке. Құдай қаласа, болашақта тағы бір ұлым дүние есігін ашар болса, оның атын Толықбай деп қою ойымда бар. Бұл айтқаным, әзірге, тек екеуміздің арамыздағы сыр болып сақталса деймін», – деп жүрек түбінде жатқан сырын да ақтарып салды.

Аузын ашса, жүрегі көрінетін батыр тұлғалы азаматтың өзінің рулас бауыры болып шыққанына қатты қуанып отырған Егем әңгіме арнасын ел жағдайына да бұрды.

– Қадырбай қазір біз, тағдырдың жазуымен жан-жақта тіршілік жасап жатырмыз. Түбінде біздің басымызды бір жерге тоғыстыратын бұрынғы өсіп-өнген жеріміз Мырзашөл аумағының батыс жағы болуға тиіс. Әзірге бұл мақсатты жүзеге асыруға мұршамыз да жоқ. Бәріміз жаңа құрылып жатқан ұжымшарлардың «пұшпағын илеп жүрміз». Алайда, бас біріктіруге мұрындық болатын негізгі мақсат әрдайым жадымызда болуы керек.

– Дұрыс айтасыз, ағайынның басы бір жерде тоғысатын болса, қуанышымыз бен қайғымыз да ортақ болып, береке-бірлігіміз анағұрлым арта түсер еді. Бас аман болса, ол күнге де жетерміз.

Ел жағдайына қатысты әңгімеге келгенде ойын салмақты, жинақы жеткізе білетін Қадырбайдың бұл қасиеті ағасы Бейсеннің де бойында бар екенін Егем жақсы біледі. Сондықтан болса керек ол: «Бұл әулеттің қанына шешендік қабілет дарыған» деп ой түйіндеп те үлгерді.

Ортаға салынған тұщымды ой-пікірлерімен әңгіме көрігін қыздырған ағайындылар күн бесінге

ауған шақта ғана орындарынан тұрып, сыртқа қарай аяңдады. Бұл кезде Айтуған рулас бауырлары Өзбекбай мен Серікбайдың көшіне ілесіп, сонау жердегі ойын төбесінде сайран құрып жүрген. Егем қайтадан елге қарай жол жүретіндігін ескерткен соң, Ақтамақ Айтуған бастаған балалар көшінің басын киіз үйге қарай бұрды. Кішкентай бауырын ешкімге бермей, өзі көтеріп келе жатқан Өзбекбай қолы әжептәуір талса да, өлермендікпен діттеген жеріне дейін жеткізді. Мұны жіті бақылап отырған құтты қонақ: «Қадырбай мына үлкен балаң, бастаған ісін толық аяқтамай, тыным таппайтын еңбекқор азамат болатын түрі бар. Құдай ойлаған арманына жеткізсін» деп тілектестігін білдірді. Салт атқа ақырын мініп, жайғаса кеткен қонақтар келген ізіне қайта түсіп, жорға шабысқа басты. Олардың соңынан біраз уақыт көз алмай қарап тұрған Қадырбай мен Ақтамақ ат көлік аман жетулерін тілеп, іштей дұға оқып тұрды.

Арада бір жарым жылдай уақыт өткенде Қадырбайдың үшінші ұлы дүниеге келді. Сүйінші хабар лезде Егем басқаратын шаруашылыққа да келіп жетті. Бұл кезде ел билігінде жүрген азамат ұста Бейсеннің қара шаңырағында отырған. Қуанышты хабарды естіген ағайын шат-шадыман күй кешіп-ақ тұр. «Ұста қайынағаның туған бауыры ұлды болыпты» деп улап-шулап жүрген ауыл келіндері «ел құлағын елу» етті. Бейсеннің үйін бетке алған ағайынның қарасы көбейген үстіне көбейе түскені де сондықтан. Құтты болсын айтып, келіп-кетіп жатқан ауыл тұрғындары игі тілектерін жаудырып-ақ жатыр. Жұрттың келуі саябырлады-ау дегенде дастархан басында отырған Егем: «Қадырбай енді бұл перзентінің атын Толықбай деп қоятын шығар» деп нық сеніммен айтып қалды да, артынша «қап,

мұным дұрыс болмады-ау» деп іштей күбірлеп, қысылып-қымқырылған адамның кейпіне енді. Әлгі сөзді естіген жамағат Егемді жайына қалдырсын ба?! «Дүниеге енді ғана келген балаға Толықбай деп ат қойып үлгергенін қалай?», «Мұндай сәуегейлікті қайдан шығардың?» деген секілді сан сауалдың астына алып, одан жауап күткендей барлығы одырая қарап тұр. Бір кезде Егем еңсесін тіктей ұстады да, «Аузымнан байқаусызда шығып кетті. Мұны жаманның бір сандырағы деп қабылдандар» деп көпшіліктің көңілін жайландырғандай болды. Бұлай демеске шарасы да қалмаған. Егер елге шындықты айтса, Қадырбайдың алдында ұятты болғалы тұр. Оның көптен бері көкейінде жүрген мақсаты әлі толық жүзеге асқан жоқ. Сондықтан елге дабыра қылуға еш негіз жоқ.

Осы оқиғадан кейін арада бірнеше күн өткенде ел аузында «Қадырбай үшінші ұлының атын Толықбай деп қойыпты» деген сөз тез таралып кетті. Сол-ақ екен, «Егемнің айтқаны дәл келді. Ол кісі әулие екен, баланың есімін алдын-ала болжаған сол емес пе?» деген секілді кісіні таңдандырарлық кәуесеттер де қатар таралды. Егем бұл жағдайды ушықтырмас үшін бір күні Бейсеннің үйіне келді де, Қадырбайдың үйінде қонақта болған кездегі екеуара айтылған әңгімені кеңірек баяндап берді. Сондай-ақ, жол-жөнекей кездескен адамдарына да мән-жайды түсіндірді. Осылайша көпшіліктің аузында жүрген кәуесеттің де тынысын тарылтты.

Ел арасында етікші ұста атанып, қолдан жасаған сапалы өнімдерімен өңірге кең танылған Бейсеннің тірлігі өрге домалап тұрғанымен, туыстарындағы түрлі жағдайлар қабырғасын қайыстырып-ақ кетті. Туып-өскен атамекенге ағайын қайта қоныс аударуға қамданып жүргенде Тағай атты ағасы

тосыннан қаза тапса, арада көп уақыт өтпей, үйленгеніне бір-ақ ай болған Қазыбек деген ең кіші бауыры суға кетіп, қапыда о дүниелік болды. Қайғыдан қан жұтқан Бейсен бауырларының соңында қалған жесір мен жетімдерді ойлағанда жүрегі тіпті езілді. Сан ойланып, сан толғана келе оларды әменгерлік жолмен өз қамқорлығына алуды ұйғарды. Бұл қадамға екі бірдей бауырының жаққан ошағын сөндірмеу мақсатында барған болатын.

Кейінгі кездері Шыбынтай деген ауылды қоныс етіп, шаруашылық жұмыстарына белсене араласып жүрген Қадырбай үшінші ұлы Толықбай дүниеге келгелі бойына қосымша күш біткендей тың қалыпта жүрді. Шаңырақтың қамымен қатар, ауыл тұрғындарына ортақ мәселелерге қатысты шаруалардан да әсте қалыс қалып көрмеген ол қаракөселердің Ащыкөл өңіріне қайта қоныс аудара бастағанына іштей қуанып жүрген. Көп ұзамай бұл көшке өзі де қосылмақ ниетте еді. Шыбынтайда қолға алған біраз шаруалардың бетін қайырып тастамақ. Бұл тірлікті орта жолда тастау тіпті ойында жоқ. Күйбің тірлікпен өтіп жатқан күндердің бірінде Қадырбай оң жақ бүйрек тұсының аздап сыздайтынын аңғарды. Өткінші жағдай деп бұл жайында ешкімге тіс жарған жоқ. Тіпті, сүйген жары Ақтамақ та бейхабар болатын. Алайда, намазға жығылып, Құдайға құлшылық ету жолына шындап түскен Ақтамақ күйеуінің күн өткен сайын жүдей түскен түрін көріп, сөздің реті келгенде «Осы сен сырқаттанып жүрген жоқсың ба?» деп сұрап қоятын. «Сап-саумын, қам жеме» деген Қадырбайдың жауабы дүдәмал көңілін көншіте қоймаса да, өткінші жағдай шығар деген топшылауға әкеп тірейтін. Бала-шаға қамымен таңның атысы, күннің батысы тырбаңдап тірлік

жасайтын Қадырбай бойындағы сырқаты кейде жанына батса да, елемеген адамдай еңбекке белсене араласа кететін. Бір күні ауылдан шалғайда орналасқан жайылымға жол жүруіне тура келді. Ақтамақ қажетті жол азығын дайындап, жолдасының бар жағдайын жасаумен әлек. Алыс жолға жарарлық жорға шабысқа епті тұлпарды ерттеп мінген отағасы еңкейе қолын созып, «Шешелеріңе қарайласып тұрыңдар» деп ұлдары Өзбекбай мен Серікбайдың бастарынан ұстаса, ал Ақтамақтың мойнына асыла әкесіне көз тігіп тұрған Толықбайдың маңдайынан бір иіскеді де, аттың жүгенін босатып, нысанаға алған жеріне қарай бет түзеді. Оның соңынан қалған бала-шағасы біраз уақыт көз алмай қарап тұрды. Әсіресе, Ақтамақтың көңілі алаң. Күйеуінің бойын бір сырқат билеп алғанын жүрегі сезеді. Екі күн бұрын көрген түсі есінен әсте кетер емес. Сол түні түсінде қараңғы түнектен шыға алмай, алға қарай аяқ-қолын тыпырлата жанталасып жатқан жолдасының бейнесін көрген болатын. Қанша әрекеттенсе де ол сол бір түнектен шыға алмай-ақ қойды. Амалы әбден таусылған соң «хош болыңдар» дегендей қол бұлғап, көзден әп-сәтте ғайып болған. Шырт ұйқыдан шошыта оятқан осы бір түсті Ақтамақ ертесінде-ақ Қадырбайға баяндап берген еді. Келіншегінің әңгімесін жұмысқа кетер алдында атүсті тыңдаған Қадырбай «Түс – түлкінің тезегі» демеуші ме еді. Сен де әр нәрсені жүрекке жақын қабылдай береді екенсің» деп жылы қайырып қойған. Содан кейін бұл жайында әңгіме қозғалған жоқ. Арада екі күн өткенде, яғни жолдасын алыс сапарға аттандырарда Ақтамақтың ойы сан-саққа жүгіріп, түнеукүнгі түсі көз алдына елестей берді. Құдай қосқан қосағы мінген ат алыстаған сайын жүрек қағысы қалыпты жағдайдан ауытқып, екпіні

еселене түскенде алқына тыныс ала бастады. Анасының жайсыз күй кешіп тұрғанын байқаған Өзбекбай: «Апа, сізге не болды? Өңіңіз қашып кетті ғой» деп жанашырлық кейіп танытқан. Сол кезде ғана лезде ес жиып үлгерген Ақтамақ «Ештеңе етпейді, балам. Сәл мазам болмай тұрғаны» деп айтты да, ізін ала ұлдарын жетектеп, үйіне қарай бой түзеді.

Біраз жолды артқа тастаған Қадырбай түстеніп алмақ ниетте қыратты жерге аялдап, жапырақтары жайқала өскен бір талдың көлеңкесін пана етті. Тамаққа деген тәбеті ашыла қоймаса да, «түс уақыты ғой» деп дәм татпақ болған ол сүйген жары дайындап берген ас түрлерін алдына жайғастыра қойып, ақырын ауызға салып көрген. Дәмі тіл үйіретін тағамдарды түк қалдырмай тауысқысы-ақ келеді. Бірақ, амал нешік, тұла бойын қыздырып бара жатқан беймәлім дерт бұл ойының жүзеге асуына тіпті мұрша берер емес. Ол ол ма, бірер минут өткенде көзі қарауытып, айналасы бұлыңғыр қара түнекке айналғандай болды. Өзін тіпті жайсыз сезінгендіктен орнынан түрегелмек болып, ақырын қимылдап көрді. Алайда, әлсіз дененің бұл әрекетті орындай алмағанын сезгенде Қадырбай өз халінің мүшкіл екеніне көз жеткізді. Содан соң «отырған жеріме ақырын жантая кетіп, біраз дем алып алсам, мүмкін басылар» деген ойға келді. Бірақ, ішкі дүниесін от-жалынға орап бара жатқан дүлей күш дем алдырмақ түгіл, көңілін сәл де болсын жайландырар түрі байқалмайды. Бар амалы таусылған соң «жол-жөнекей өтіп бара жатқан жолаушылар болса, естір» деген ниетпен «Кім бар, кім бар, көмектесіңдер» деп шама-шарқынша айқайлай бастады. Қыратты жанамалай соққан желдің екпіні бұл кезде үдей түскен.

Ащылау шыққан әлгі дауыс Шыбынтай ауылына бағытталған жолға дейін жаңғыра жетіп жатты. Бір уақытта осы жолдың бойынан атқа мінген бір кісінің қарасы көрінді. Ол Қадырбай тұрақтаған қыратты жерге жақындағанда адам дауысына ұқсайтын жаңғырықты ести сала, астындағы тұлпарын қамшыға басып, дереу сол жаққа жетуге асықты. Діттеген жерге жедел жеткенде бір қолымен ағашқа сүйеніп тұрған жүзі таныс адамды көрді де «Көке, мен Шыбынтайдағы Еркін деген бауырыңызбын. Сізге не болды? Жүзіңіз тіпті сұрланып кетіпті ғой» деп ет-жүрегі елжіреді. Таныс дауысты құлағы шалған Қадырбай «Сені Құдай жеткізді ғой, мені жылдамдатып үйіме апарғайсың. Халім мүшкіл» деген сөзді еңтіге әрең айтты. Сол-ақ екен, әлгі жігіт науқас ағасын еппен орнынан көтерді де, ат үстіне амалын тауып жайғастырды. Ал, өзі екінші тұлпарға мініп алып, қос атты қатарлата жүргізіп, Шыбынтайды бетке алды. Жол жүрген сайын сырқат кісінің жағдайы нашарлап бара жатқанын Еркін сезіп келеді. Сондықтан оның ойында «бұл кісі орта жолда үзіліп кете ме екен» деген қауіп те бар.

Жүрген сайын жол қысқарып келеді. Көзге ауыл көрінісі шалынған кезде Еркін екінші аттағы ағасына бұрыла қарап: «Көке, сәл шыдаңыз. Ауылға келіп те қалдық» деп көңілін жұбатқысы келді. Сол кезде «Бәрекелді, бауырым!» деген ыңырсыған дауыс шықты. Мұны естіген Еркін «Тәңірге тәубә!» деп тұлпарын сәл қамшылай түсті де, жүрісті үдетті. Ол тікелей Қадырбайдың шаңырағына қарай бағыт алды. Үйге жақындай бергенде құрғыр жүрек сезді ме, қара шаңырақтан Ақтамақ шыға келді. Ат үстіндегі белі бүгіле тұлпар жалынын құшағына алған күйеуін көзі шалғанда

төбесіне жай түскендей күй кешіп, «Қадырбай ойбай-ау саған не болды?» деп жерге қарай сұлая салбыраған оң қолынан ұстады. Сол мезетте Ермек те науқас ағасына келіп, оны аттан түсіруге әрекеттенді. Содан соң Қадырбайды екеулеп үйге кіргізбек болған. Бірақ, жүрегі алқымға келгендей тым ауыр халдегі Қадырбай «тұра тұрындар» деп оларды тоқтатты да, Құдай қосқан қосағына қарап тұрып: «Ақтамақ – үш ұлым саған аманат» деген ақтық сөзін айтуға ғана шамасы келді. Сүйген жары көз алдында бақилық болғанда Ақтамақтың көзі қарауытып, көңілі алай-дүлей күй кешті. Қадырбайдың қапыда қаза тапқаны жайлы қаралы хабарды естіген ағайын-туыстың да қабырғасы қайысты. Марқұмның қара шаңырағына көңіл айтып келіп жатқан көпшілікте есеп жоқ. Көзі тірісінде адам түгілі шыбын-шіркейге де залалын тигізбеген адал азамат жайлы жиылған жұрт тек қимастық сезімдерін білдіріп жатыр. Ал, Ақтамаққа көңіл айтқанда «Құдайға да бір жақсы адам керек болған шығар», «Ажалдан арашалап алар-ақ азамат еді, амал нешік, жазмыштан озмыш жоқ», «Енді соңынан қалған ұрпағына Құдай ұзақ ғұмыр бергей» деген секілді сөздер жұрт жүрегінен шығып жатты.

Бұдан бұрын екі бірдей туған бауырын қара жерге қан жұта тапсырған Бейсен тағы бір інісінің қазасын естігенде сұм тағдырға лағнет айтып, жан-жағындағы жұртқа қарамай, жанарын жасқа малыды. Тұла бойын қасірет жалыны өртеп барады. «Бауырым, айналайын бауырым» деп күйзеле сөйлеген сайын көз алдына үш бауырының бейнелері келіп, шарасыз халді бастан кешіреді. Бейсеннің бұл халін көрген жұрт сабырға шақыруға бата алмай тұрғанда ел билігінің тізгінін ұстап

жүрген Егем үйге келіп, ұста бауырының қасына жайғасты да, «Бұл қаза менің де қабырғамды қайыстырды. Алғаш естігенде сенер-сенбесімді білмей, жүрегім қатты күйзелді. Тұлғасы тура Амангелді Имановтан аумайтын ізетті інімізден қапыда айырылып қаламыз деп кім ойлаған?! «Ажал айтып келмейді» деген осы екен. Бейсеке, «болған іске болаттай болыңыз». Құдайдың салған ісіне не шара бар» деп жүрекжарды сөздерін сабақтады. Бұдан кейін басқа да алыс-жақын жерлерден келген ағайын шынайы көңілдерін білдіріп жатты.

Отағасынан айырылғанда шаңырағы қақ ортаға түскендей күйде болған Ақтамақ сүйген жарының соңғы аманат сөзін көкейіне мықтап түйді. Перзенттерімді өзім өсіп-өндіремін деген байламға келіп, Шыбынтайда Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейін шаруашылық жұмыстарында еңбек етті. Бұл кездерде Бейсеннің әулеті Мырзашөл өңірінде жаңадан ашылған Қызыл құм ауданындағы ХХ партсъезд кеңшарына қоныс аударған болатын. Ал, Ақтамақ болса, бала-шағасымен бірге Сырдарияны жағалай жүріп, Қалғансыр деген шағын сиыр фермасы бар шөбі шүлгін жерге келіп тұрақтады. Сонда көп ұзамай сауыншы болып орналасып, тіршілік қамына көшті. Алғашқы жалақысын алып, алдағы күндеріне болжам жасай алатын жағдайға жеткенде үш ұлын да мектепке беріп, сауат аштырмақ болды. Үлкен ұлы Өзбекбайдың мүшел жасқа жақындап қалған кезі. Әкеден 10 жасында айырылған ол еңбекке ерте араласты. Шыбынтайда жүргенде мектептің тым шалғайлығынан әліппе ұстау маңдайына жазылмап еді. Енді ер жете бастаған шағында ізінен ерген қос інісімен бірге мектеп табалдырығын аттау туралы ұсыныс анасы тарапынан айтылып отыр. Сиыр фермасында

мал бағу ісіне машықтана бастаған Өзбекбай өзінің есейіп қалғандығын бір ойлап, сондай-ақ отбасындағы әлі де мәз емес жағдайды екі ойлап, бір күні анасының жанына келді де:

– «Апа, менің жасым Серікбай мен Толықбайға қарағанда анағұрлым үлкен екенін сіз жақсы білесіз. Енді олармен бірге бір партада отыратын болсам, жасы кіші замандастарымның күлкісіне қалмаймын ба, оның үстіне шаңырақтың қамы жалғыз сіздің ғана мойныңызға артылатын түрі бар, одан да қазір істеп жүрген жұмысыммен бұйырған нәпақаны тауып, өзіңізге қолқанат болайын», – деп көкейге түйген ойын ортаға салды.

Тұңғышының түйсігіне сүйсінген Ақтамақ баласының айтқан уәжіне бас изеп келіскендігін білдірді де, оның қасына жақын барып: «Жарайсың, балам, сен шынында да есейіп қалыпсың» деп маңдайынан бір иіскеді. Бұл кезде жандарында тұрған Серікбай мен Толықбай анасының мейірге толы жүзін көріп, олар да жылы лебіз дәмметкендей ыңғай танытты. Мұны байқаған анасы «Көрдіндер ме, мына ағаларың сендерді алаңсыз білім алсын деп жан бағу қамын таңдап алып отыр. Енді сендер білімді азамат болып өсулерің керек» дей келе «ботақандарым менің, келіндерші жаныма» деп жылы құшағына алды.

Таң атар-атпас Ақтамақ Өзбекбайды жетегіне алады да, сиыр фермасына қарай жол тартады. Өзімен үзеңгілес екі келіншекпен бірге сиырларды сауып болған соң, баласының алдына бірнеше Зеңгі баба түлігін салып, іргедегі жайылымға шығарып салады. Ал, одан кейін ферма аумағында орын тепкен өз үйіне барып, Серікбай мен Толықбайды тамақтандырады да, қос ұлының таптырмас көлігіне айналған қорадағы жабағыға оларды қосарлай

мінгізіп, 20 шақырымдай жердегі 4 сыныптық мектепке аттандырады. Ізін ала жердің бетінде шатыры мен екі терезесі ғана көрінетін жертөле іспетті үйіне кіреді де, жайнамазын құбылаға қарата жайып, Нәпіл намазын оқиды. Құдайға құлшылық еткен сайын үрімдей үш ұлының амандығын тілеп, солардың қызығын көрсетуді Жаратқаннан сұрайды.

Ақтамақ жұмыстың қандай түрін атқарса да, бес уақыт намазын әсте қаза қылған емес. Балашағасының бабын жасаумен қатар, қым-қуыт тірліктің орайын да келтіре біледі. Сауыншылық іспен бірге ферманың өзге де шаруашылық жұмыстарына араласып, қосымша табыс та табады. Осылайша өтіп жатқан күндердің бірінде Ақтамақ түсінде туған атасын көреді. Күн сәулесімен шағылыса алға жылжып келе жатқан аққұба өңді, аппақ киімдегі ақсақал қызының қасына жақындап келді де:

– «Айналайын, қызым. Сен дүниеге келгенде құмалақпен ауыздандырып едім. Мұндағы мақсат – есейгенде болашақты болжай білетін көріпкел болса екен деген ой еді. Тұла-бойында осы бір қасиеттің пісіп-жетілгенін жүрек құрғыр сезіп тұр. Саған ақ жол деп бата бергелі келдім», – деп тіл қатып, қос алақанын өзіне қарата екі қолын жоғары көтерді де, “Әумин” деп бетіне сүйкеді.

Осы мезет Ақтамақ аяғын шапшаң басып, атасына қарай ұмтылғаны сол еді, көз алдындағы бейне лезде ғайып болды. Жан-жағына көз жүгіртіп, әлгі бейнені таппақ ниетте әуре-сарсаңға түсіп жатқанда шошына оянып кетті. Бұл – жұрттың бәрі шырт ұйқыда жатқан кез болатын. Ұйқысы шайдай ашылған Ақтамақ көрген түсін көз алдына қайта-қайта елестетіп, «бал ашатын құмалақты қайтадан қолыма алмасам, болмас сірә» деген ойға келді.

Ақтамақ бойындағы тылсым қасиетті бұдан бұрынырақ сезген болатын. Жолдасы Қадырбайдың көзі тірісінде қолына құмалақ ұстап, Шыбынтай ауылында мал жоғалтқан кісілерге талай рет жөн сілтеген. Айтқандары дөп келіп, жұрттың жоғын табуға септігін мол тигізген ол ауыл-аймаққа «Ақтамақ-тәуіп» атанып та кетіп еді. Бір күні ағайын-туыс жиналған бір жиында көпшілік тарапынан «Ақтамақ әкеңнің соғысқа кеткеніне екі жылдай уақыт болды. Әлі күнге еш хабар жоқ. Неге құмалақ ашып, аман-саулығын білмейсің?» деп қолқа салынған болатын. Сол-ақ екен, балаша қуанған күйде Ақтамақ ақшыл түсті орамалдағы бал ашатын құмалақтарды алды да, іштей күбірлей сөйлеп, тегістеу жерге шашып жіберді. Содан соң үніле қарап біраз тұрды. Оның әр қимылын бағамдап отырған ағайын-туыс «енді не дер екен» дегендей үнсіз қалыпта тұнжырай қалған. Әшейінде, шашылған құмалақтарды көре сала бірден болжамын айта кететін Ақтамақ, бұл жолы басқаша қалып танытты. Басын төмен салған бойда көп уақыт тіл қатқан жоқ. Арада біраз уақыт өткен соң сырт көзге іштей қайғы жұтып отырған кейпі байқала бастады. Мұны сезген бәзбіреу «Ақтамақтың айта алмай тұрғаны қаралы хабар шығар» деп ділмәрси жөнелді. Соны құлағы шалды ма, әйтеуір бір уақытта Ақтамақтың жанарынан жас тамшылары жаңбырша төгілді. Ол жердегі құмалақтардың екі-үшеуін уысына алды да, «Ендігері құмалақ ашпаймын» деп шамасы жеткен жерге дейін лақтырып жіберді. Ақтамақты қаумалаған жұрт «көзіңе елестеген жай нәрсе шығар, әкең тірі, әлі-ақ көрісерсің» деп су сепкендей басылған көңілін жұбатпақ болып әбігерге түсіп жатыр. «Жоқ, мынау сұм құмалақ әкемнің әлсіреп, өлейін деп жатқан бейнесін көз алдыма әкелді ғой.

Қатты жараланған әкем жәутендеп жан-жағына қараған бойда о, дүниелік болып кете барды» деп тағы да өкси жөнелген Ақтамақ ауыл ақсалдарының тоқтамынан кейін ғана барып, өз-өзін сабырға шақырды. Көп ұзамай Шыбынтайға Ақтамақтың әкесі Үдербайдың соғыс майданында қаза тапқаны жайлы қаралы хабар келіп жетеді.

Осы бір оқиғадан кейін көп жылдардан бері құмалақ салып, бал аспаған Ақтамақ абыз атасы түсіне еніп, бата берген соң бойындағы қасиетін ел игілігі жолында пайдалануға бел буады. Қалғансыр өңірінің халқы да оны көріпкел, шипагер тәуіп ретінде таниды. Әсіресе, тіл-көз тиген нәрестелерге шипасы мол тиеді. Тәуіптікті табыс көзі ретінде қарамаған Ақтамақ алдына келген адамдардың ризашылықпен берген азын-аулақ тиын-тебенін жақын маңдағы елді-мекендерде тұратын жетім-жесірлі отбасыларға таратып беруді қалыпты үрдісіне айналдырады. Мектепке барғалы тұрған ұлдары Серікбай мен Толықбайға да «Қоржынға тамақты артықтау салдым, мектептегі жолдастарыңа да дәм татқызындар. Олардың арасында киім-кешекке мұқтаждары кездесіп жатса, қолдан келгенше көмек те берейік» деп ескертіп қоятын.

Анасы Ақтамақ пен ағасы Өзбекбайдың тынымсыз тіршілігінің арқасында аса тарыға қоймаған Серікбай мен Толықбай білім алуға шындап ден қойды. Күн сайын 20 шақырымдай жолды артқа тастап барып жететін орталықтағы мектепке кіре салысымен олар бар зейінін оқуға аударып, бәзбір балалар секілді жат қылықтарға бой алдырмады. Бұл кезде бойынан ерке қылық сезілгенмен, ойынан зеректіктің ұшқыны байқалатын Толықбай 1-класта оқыса, көкейіндегі ойын көп уақыт іште сақтап, ашыла әңгіме айтуға аса құлықты

емес Серікбай 2-класс оқушысы болатын. Екеуі де мектепке кеш барды. Кішісі тоғыз жасында, ал үлкені он бір жасында оқу ошағының табалдырығын аттаған еді. Олардың мектептегі ермегі оқу болса, Қалғансырға келгенде үй тіршілігінің қамына кірісіп кететін. Әсіресе, мал жайлау секілді шаруашылық жұмыстарға Серікбайдың ептілігі басым. Ал, соңынан қалмай еріп, азын-аулақ қолғабыс жасап жүрген Толықбайдың қара жұмысқа келгенде қалыс істері арагідік байқалып тұрды. Соны аңғарған ағасы көбіне «Сен үйге барып, сабағыңа дайындалғын. Қалған жұмысты өзім бітіремін» деп жөніне жіберетін. Мұндай сөз Толықбайға майдай жағушы еді. Жадыраңқы жүзбен «жарайды» деп жауап қайтарады да, әп-сәтте жертөленің ішінен табылады. Онда ол анасы айшықтарын жарастыра тігіп берген қоңыр түсті қоржынын ашып, ішіндегі кітабы мен дәптерін алады да, үй тапсырмасын орындауға кіріседі. Алдымен берілген жаттығуды мұқият оқып алады. Бірден қалай ғана түсіне қойсын. Бала тіліне оралымсыз кейбір сөздерді ежектеген күйде жаттығуды екі-үш рет, кейде тіпті үш-төрт рет оқып барып, көкейіне қондырады. «Ойбай, мынау қиын екен» деп орта жолда жаттығудан жалтарып кету онда жоқ. Ағасынан көмек сұрауға да құлықты емес. Жеке отырып, жаттығудың түпкі мағынасын жетесіне жеткілікті деңгейде құйып алады да, оны орындауға бел шеше кіріседі. Бастапқы кездегі қиыншылықартта қалып, жетістік шыңын бағындыра бастағанда көңілі көктемдей құлпырып, көкейіне келген ән ырғағын ең далада жалғыз тұрғандай көмейінен төкпелете кетеді. Оның қуанышқа толы дауысы сыртта жүрген Серікбайдың да құлағына шалынады. Шаруақор ағасы сол мезетте ісін тоқтата тұрып, інісі салған әуенді ынты-шынтысымен

тындайды. Бауырының бір тапсырманы орындап біткендігін ол да сезеді. Кейде дастархан басында «Толықбайдың орындаған әр жаттығуы – бір той» деп әзілдеп қоятындығы да сондықтан. Шынында да, інісінің оқуға деген ықыласы айрықша. Үй тапсырмасын өз деңгейінде орындамаса, көңілі бір көншімейтіндігін Серікбай жақсы біледі. Кенже ұлының мұндай зеректігін анасы да аңғарған. Бұл жағдайға байланысты Өзбекбайдың да өзіндік жақсы байламы бар. Кітапқа бір бас қойса, ондағы дүниелерді мұқият зердесіне құятын Толықбайдың діттеген мақсатқа жете сала әуелете ән айтып кететіні отбасы мүшелеріне таңсық емес. Мұндай шат-шадыман көрініске анасы Ақтамақ та, ертелікеш мал соңында жүретін Өзбекбай да талай рет куә болған.

Қалғансырдағы тіршілік осылай жалғасып жатқанда бір күні Ақтамақтың Қызыл құм өңіріндегі Алғабас ұжымшарында тұратын абысыны Сындықыз қонаққа келді. Көптен бері көріспеген абысындар арқажарқа әңгіме-дүкен құрып, өткен-кеткенді еске түсірді. Алыстан ат терлетіп келген Сындықыздан кезінде тарыдай шашыраған қаракөселер ел ағасы атанған Шольқбай, Арыстан секілді азаматтардың арқасында бір жерге топтаса бастағанын естігенде Ақтамақ «бұл бір кездері Қадырбайдың да көксеген арманы болатын» деп күрсіне сөйледі де, «Менің де сол жаққа барғым-ақ келеді. Алайда, осындағы тұрмысымыз бір ізге түсіп қалды. Ұлдарым да қолқанатым болып, отбасы тіршілігіне жарап жатқан жайы бар. Күндердің күнінде сол Қызылқұмға біз де барарымыз анық» деп ойын ортаға салды. Абысыны осы тұста өз бұйымтайын айтудың орайы келгенін сезіп:

– «Ақтамақ, тұрмысқа шыққаным бір айдан енді асқанда күйеуім Қазыбек суға кетіп, қыршынынан

қиылды. Содан жастай жесір қалған мені Бейсен қайынағам әмеңгерлік жолмен қамқорлығына алғанын сен жақсы білесің. Содан бергі уақытта көтерген сегіз құрсағымның бәрі шетінеді. Жүрегім қан жылап жүрсе де, тағдырдың салғанына көніп жүрмін. Қолдан келер басқа шара жоқ. Әйтсе де, алдыңда алданыш болар балаң болмаса, көрген күнің тозақпен тең екен. Саған жайсыз тисе де, мен бір жағдайды айтқалы тұрмын. Талай күн ойланып, толғана келе «сенің кенже балаңды өз қамқорлығыма алсам ба екен?» деген тоқтамға келдім. Ендігі сөз өзіңде», – деп іштегі шерін ақтарып салды.

Ақтамақ абысынынан мұндай сөзді күтпеген болатын. Маңдайынан күніне бір иіскемесе, көңілі көншімейтін еркетайын өзге қолға ертіп жібере салу кім-кімге болсын оңай тимесі анық. Ана жүрек біраз уақыт ой құшағына шомды. «Апа, мен бүгін сабақтан бес алдым» деп мойнына асыла кететін кенжесінің аңқылдақ бейнесін көз алдына елестетіп, қимастық сезімнің бесігінде тербеледі. Бір жағынан талай жылдан бері тағдырдың тауқыметін тартып келе жатқан абысыны Сындықыздың «сағын сындырып алам ба?» деген қауіпі де бар. Біраз уақыт үнсіздіктен кейін сөзді Ақтамақтың өзі бастады.

– Сенің басыңа түскен жағдайды үш ұлдың анасы болғандықтан мен жақсы түсінемін. Менің Толықбайым оқып, білім алуға зерек болып өсіп келеді. Биыл 1-класты аяқтап та қалды. Талабы таудай балам сенің жараланған жүрегіңнің қайта жадырауына сеп болады деп сенемін. Бөтен біреуге берейін деп тұрған жоқпын ғой. Бейсен атасының қасына барып, тәлім-тәрбиесін де алсын. Сындықыз, сүт кенжем өзіңе аманат.

Айтар сөзін айтып болған соң, «енді анасы не дер екен» деп көңілі алып-ұшып тұрған Сындықыз

Ақтамақтың салиқалы сөзінен кейін құдды қапастан шығып, тынысы кеңейген адамдай жүзі жадырап, жүрегіне жылылық ұялағандай күй кешті. Қуанышында шек жоқ. Діттеген мәселесі бірден шешіле кететініне күмән келтіре келген ол абысынының даналығына дән риза. Ал, Ақтамақ болса, келген қонағының көңілін бағып, бәз-баяғы қалпын сақтаған күйде дастархан мәзірін әзірлеумен әлек. Арагідік абысынының жадыраған жүзіне көз жүгіртеді де, «Шынында да баламды бауырына басатын болса, жүрегіндегі мұң-шері тарқайтынын ә, дегеннен-ақ байқатып тұр-ау. Маған жетіскеннен келді дейсің бе? Кенжемді ризашылықпен қолына ұстатып, жетегіне ергізейін» деген секілді орынды ойларын көкейінде сайратады. Үй иесінің жанарынан жанашырлық пен жүректі елжіретерліктей шынайы ілтипаттың ұшқынын байқаған Сындықыз өзін еркін сезініп, Қызылқұмдағы ағайынның тыныс-тіршілігі төңірегінде тағы да әңгіме өрбітті. Бұл өңірдегі қоңыраттар мақта өсіру ісіне машықтана бастапты. Ал, жайылымның аздығына байланысты мал шаруашылығы аздап кенже қалған. Кезінде Сырдария ауданының аумағындағы әртүрлі ауылдарды мекен еткен қаракөселіктердің біраз бөлігі Қызылқұм өңіріне көшкенде Алғабас ұжымшарында тұрақтап, бір атаның балаларындай күн кешуге көшкен. Бейсеннің отбасы Егемнің әулетімен бір көшенің бойында көрші тұрады екен. Ауыл-аймаққа етікші ұста ретінде кең танылған Бейсен сырлас ағасы Егемнен көз жазып қалғанына да біраз уақыт өтіпті. Оның ошағын кіндігінен өрбіген ұрпақтары абыроймен түтетіп отырған көрінеді.

Осы секілді көптеген жағдайларды әсерлі әңгімелей отырып баяндаған Сындықыз сөзінің

соңына қарай бір күн түнеп, таң ата жол жүретіндігін абысынының қаперіне салып қойды. Сол-ақ екен, Ақтамақ «Неге асықтыңыз, екі-үш күн үйде болып, содан кейін-ақ барсаңыз болады ғой» деп тыпырши қимылдап, терезе жаққа үңілді де, сырт жақта жүрген Серікбай мен Толықбайды көз жүгірте іздей бастады. Бір уақытта аузынан «Қазір, қазір келем» деген сөз шыққан бойда сыртқа қарай бет алды. Есікті аша сала қос құлынының атын атап, үй маңайынан көрінбеген соң, олардың ойын алаңына қарай аяғын жылдамдата басып, жүйткі жүріп келеді. Сиыр фермасының іргесіндегі тоғайлы аймаққа 100-150 метрдей жетпес жерде шағын дөңбекшік болатын. Соны Қалғансырдағы балалар ойын алаңына айналдырған. Ақтамақ дйттеген жеріне жақындай бергенде бір топ балалардың арасынан Серікбайды ғана көрді. Ал, кенже ұлы Толықбай көзіне шалынбады. Онсыз да көңілі сан құбылып келе жатқан ана жүрек «Серікбай, Серікбай» деп бірнеше рет қайталап, шыңғыра айқайлай жөнелгенде дауысы тым ащылау шыққанын аңғарған ортаншы ұлы балалардың арасынан сытылып шығып, шешесіне қарай аяндады. «Толықбай қайда, неге қасыңда жоқ?» деп сұрақтарын жаудыра кеткен Ақтамақ жүзі сұрлана ұлына көзін тікті. Қандай жағдай болса да, сабырлы қалпынан сірә танбайтын анасының мұндай халін бірінші рет көрген Серікбай «Апа, сізге не болған. Толықбай жаңа сиыр фермасына қарай кетіп еді. Өзбекбайдың келетін уақыты болды ғой, соны күтіп алмақ» деп сөздерін ізбе-із сабақтап, әшейінде әңгімесін асықпай өрбітетін ол бұл жолы таңдайын тақылдата сөйлей кетті. Алаңдаулы анасына мән-жайды тез түсіндірмек ниетте осындай әрекетке барған Серікбай өз-өзін тани алмай да қалды.

Еріндерінде сәл діріл білініп, бойында еңтігу байқалып тұр. Мұны ана жүрек те сезгендей. «Жарайды, балам, Толықбайды анау тоғай жаққа қаңғырып кетті ме деп қауіп алғаным ғой. Жүр, біз де Өзбекбайды қарсы алайық. Сындықыз шешей де күтіп қалған шығар» деп Ақтамақ ұлын жетектеп, сиыр фермасына қарай бой түзеді. Олар жақындай бергенде Өзбекбай мен Толықбай да үйге баратын жолға түскен екен. Төртеуі бірде қатарласа, енді бірде бірі алға, екіншісі сәл артта қалып, үнсіз қалыпта келе жатыр. Бір кезде Ақтамақ айналасындағы балаларын бір ізге түсіріп алды да, Толықбайға қарай мойын бұрып, «Балам, сенің оқуға, білім алуға деген шынайы құштарлығыңды көптен бері байқап жүрмін. Қазір Серікбай екеуің барып жүрген мектеп Қалғансырдан тым қашықта орналасқан. Жол азабын тартумен-ақ өздеріңді зорықтырып жүргендеріңді де жүрек құрғыр сезеді. Сондықтан сенің болашағыңды ойлап, білім алуға Қызылқұм өңіріндегі 1-май мектебі қолайлы деп шештім. Бұл ойымды Бейсен атаңның үйінен келген Сындықыз шешен де құп алып отыр. Балам, онда сен үйдегі сол кісінің қамқорлығыңда боласың. Мені қалай сыйласаң, оны да солай сыйла» деп жай-жапсарды ретін таба түсіндірумен қатар, аналық ақылын да жеткізді.

– Ура, мен қыдыратын болдым, – деп жан-жағына күлімсірей қараған Толықбайдың бойында үйреніскен жер мен ортадан, әсіресе жүрегіне тым жақын отбасыдан тысқары кететінін сезген үрей ұшқыны аз-кем байқалып та тұрды. Бірақ, анасы мен ағаларына бойындағы бұл үрейді сездірген де жоқ. Кенжесінің күлімдеген жүзін көрген анасы «Айналайын, ендігі жерде Бейсен атаң мен Сындықыз шешеннің ақылын тыңдап өсесің. Мен

сенің болашағыңнан көп үміт күтемін. Оқуыңды жақсы оқы, жарай ма?» деп тағы да бар тағылымын үйретіп келеді.

Ақтамақ үш ұлымен бірге үйге кіргенде төрде отырған Сындықыз орнынан өре түрегеліп, үш ұлдың бетінен кезек-кезек сүйді де, жүзі жадыраңқы күйде қайта жайғасты. Ізін ала Толықбай оның қасына келді де, «Шеше, мен сіздің ауылыңыздағы мектепте оқитын болыппын ғой. Ол мектеп сіздің үйге жақын ба?» – деп тосын сұрақты қоймасы бар ма?! Сол сәтте сәл сасқалақтағандай күй кешумен қатар, абысыны Ақтамақтың ақылдылығына тағы да тәнті болған Сындықыз:

– Ия, балам, енді сен біздің ауылдағы 1-май мектебінде оқисың. Ол мектеп біздің үйге тым жақын. Арасы сүт пісірімдей жер ғана, – деп жүрегі алып-ұшып жауап берді. Содан соң оның маңдайынан бір иіскеп, қасына отырғызды.

Толықбайдың келген қонақты әсте жатырқамайтын жайдары мінезі бар. Қасында отырған Сындықыз шешесіне күлімсіреп қарап, бал тілімен сан сұрақтарды жаудырып-ақ жатыр. Бауырға басар баланың қойған сұрақтарына тұщымды жауап қайтарып отырған қонақтың қуанышты жүзі сырт қараған адамның көзіне шұғылалы сәулесін аямай, мейірлене шашқан күнді елестетеді. Оларды тамашалап отырған үй иесі мен екі ұлы да шатшадыман күй құшағында. Әсіресе, Ақтамақ кенжесінің екінші анасымен ә, дегеннен-ақ арқажарқа әңгіме-дүкен құра кеткеніне ризашылық кейіп танытып, іштей тілектестігін білдіріп отыр.

Ақтамақ таңертең тым ерте оянды. Бұл кезде балалары да, келген қонақ та шырт ұйқыда жатқан болатын. Кенжесін кешегі түнде бауыр баса берсін деген ниетпен Сындықыздың қасына жатқызған.

Сол жаққа қарайлап бір көріп еді, Толықбайдың қасындағы кісінің созыла жатқан сол қолының орта тұсына басын қойып, алаңсыз ұйықтап жатқанына көз жеткізді. Екеуінің тез үйренісетіндігіне күмән келтіре қоймаса да, Ақтамақтың бойында еркетайын қимастық сезім байқалып-ақ тұр. Ол тәтті ұйқыда жатқан ұлына ұзақ қарап тұрды да, өзінің жабырқаулы жанарын абайсызда абысынына байқатып қалмас үшін төсегіне қайта жайғасып, ұйқыда жатқан адамның кейпіне енді. Екі көзін жұмғандығы болмаса, ойы сан-саққа жүгіріп жатыр. Жұрт тұрып, тіршілігіне көшетін уақыт та жақындап келеді. Ақтамақ әдеттегідей жұмысты емес, өз қолымен өзгенің тәрбиесіне бергелі тұрған ұлын шығарып салар сәттің тым жақын қалғандығын ойлаумен әлек. «Әшейінде уақыт шіркін өтпей қоюшы еді, бүгін зуылдап барады ғой» деп өзінше өкпелеп те қояды. Бір уақытта ақырын түрегеліп, сыртқы есікке қарай аяндап бара жатқан Сындықыздың қимыл дауысын естіді де, ол да жаңа оянған адамдай еміс-еміс есінеген күйде абысынының ізіне түсті. Сыртта таза ауа жұтып тұрған Сындықыздың жүзінен шынайы қуаныштың лебі сезіледі. Бақыттан басы айналып тұрғандай. Құшағын жатсынбай, құдды туған баласындай емірене кеткен Толықбай перзент жылуын аңсап жүрген жүрегін тіпті толқытып жібергендей. Оның көңілі көкке бір елі жетпестей күй кешіп тұрғанда қасына Ақтамақ келіп:

– Түнде Толықбай балаңыз жайлы ұйықтаған сияқты. Көзі ілінгенде ұйқысұрап, бірденелерді айтатын әдеті бар еді. Ондай жағдай бүгін тіпті байқалған жоқ, – деп сөз сабақтағаны сол еді, Сындықыз:

– Ақтамақ-ау, мені айтсайшы, мені. Дәл қазір жүрегім жарылардай қуанып тұрмын. Мына

жалған дүниеде перзенттің жөні бөлек екен. Сен кеше «Балам, бүгін Сындықыз шешеннің қасына жатасың» дегенде Толықбай қарсылық білдіре ме деп қатты секем алып едім. Тәлім-тәрбиеңе рахмет, перзентің бір сөзге келмей, айтқаныңа көнді. Туған анасының қасында жатқандай еркелей еміренгенде жүрегім ес-түссіз елжірегенін айтсайшы. Маған аманат етіп беріп отырған кенжеңді ешкімнен кем қылмай өсіремін деп өзіңе уәде беремін. Сенен бастау алған тәрбиенің тамырына тағы да қан жүгіртіп, өрелі болып өсуіне бар күш-жігерімді жұмсаймын, – деп ақтарыла ағынан жарылды.

Абысынының аузы емес, жүрегі сөйлеп тұрғанын айқын аңғарған Ақтамақ бойындағы бәзбір толқыныстарды таппа тыйды да:

– Айналдырған бір күннің ішінде перзентім балаңыздай болмаса да, бауыр басуға бейіл болып қалғанына мен қатты қуанып отырмын. Бүгіннен бастап Толықбай сіздің балаңыз. Сан жылдардан бері жүрегіңізді жаралап келе жатқан қайғының сеңін перзентіңіз Толықбай бұзуға сеп болып жатса, менде де арман жоқ, – деп шынайы пейілін білдірді.

Екеуі сыр шертісіп тұрғанда олардың жандарына Өзбекбай келіп: «Апа, қазір шай ішіп болған соң, мен жұмысқа кете берейін. Шешем мен Толықбайды өздеріңіз шығарып саларсыздар» деп рұқсат сұрай келгенін аңғартты. Оның күн шыға ферма сиырларын жайылымға алып кететінін Сындықыз да біледі. Сондықтан жауапты бірінші болып сол берді:

– Дұрыс, балам. Өз жұмысыңа осылай тиянақты бол. Бейсен атаңның үлкен ұлы Біллә өңір орталығындағы мал базарына сауда-саттыққа келген еді. Ол сонда қалып, мен сендерді көрмек

ниетте бері жылжығанмын. Казір сол ағаң да келіп қалады. Өзбекбай, өзің де білесің, мен сенің кіші ініңді Қызылқұмға алып кетіп барамын. Ол сонда оқуын жалғастыратын болады. Сен анаңа қолқанат болып, аянбай еңбек етіп жүр екенсің. Құдай өмір жасыңды ұзақ қылғай, – деп ризашылық ниетін сездірді.

Үшеуі үйге қайта кіргенде Серікбай мен Толықбай да оянған екен. Екеуі әжептәуір әңгіме-дүкен құрып та үлгергенге ұқсайды. Езулері күлкіден тыйылмай-ақ тұр. Тіпті, сыртқы есіктің ашылғанын да байқамай қалғандай. «Кәнеки, енді төсекті жинап, шәйімізді ішейік» деген анасының дауысын естігеннен кейін ғана терезе жаққа қарай бір-біріне қарайласа отырған қос бауыр орындарынан түрегеліп, жуынып-шайыну қам-қарекетіне көшті. Өзбекбай әдеттегідей шәйін асыға-аптыға іше салысымен «Сындықыз шеше, Қызылқұмдағы ағайынға сәлем айтыңыз» деп шынайы ниетін білдірді де, інісі Толықбайдың жанына жақындап келіп, «енді сенің оқу тапсырмасын орындап болғаннан кейін айтатын әуендеріңді сағынатын болдық ғой. Сенің білімді болып өсуіңе бәріміз де тілектеспіз. «Білімді мыңды жығатынын» ұмытпағайсың» деп оң қолын бауырының басынан сипалай өткізді де, күнделікті жұмысына қарай аяндады. Арада сүт пісірімдей уақыт өткенде сырт жақтан арбаның дүрсілі естілді. Сол-ақ екен, құлаққа сіңген дауысты лезде тани кеткен Сындықыз «Ақтамақ, Біллә да келіп қалды-ау. Біз енді жол жүруге қамданайық» деп өзімен бірге алып жүрген қоржынын қолына ұстады да, сыртқы есікке қарай аяндады. Қалғандары да соның ізіне түсті. Сыртқа шыққанда ат жегілген арбаны қораға қарай сүйрелей жүріп бара жатқан Біллә көзге шалынды.

Серікбай оны көре сала жанына жетіп барып, жолай амандасып, көмек қолын созды. Содан соң екеуі қайта артқа бұрылып, үй іргесінде көз тігіп тұрғандардың жанына келді. Амандық-саулықтан соң Ақтамақ Білләні үйден дәм татқызбақ болған еді. Қайнысы орталықта таңғы асты жегендігін айтып, нан ауыз тиіумен ғана шектелді.

Орта тұсы орташа бойлы адамның тізесіне жетерліктей ойықталған арбаның арт жағындағы жиегіне өзіне ыңғайлы жайғаса кеткен Толықбай соңында қол бұлғап қалған анасы мен ағасына бейнелері бұлдыр тартқанға дейін көз алмай қарады. Ойы сан-саққа жүгіріп тұр. Өн-бойын өткен күндердің тәтті елесі билеп алғандай. Бірде анасының аяулы алақаны, енді бірде екі бірдей ағасының риясыз ілтипаты елестеп, жүрегiнiң лүпiлiнен қимастық сезiм бұлағының сыңғырлаған дауысы шығып жатқандай сезiндi өзiн. Жол ұзаған сайын Қалғансырдан қашықтап барады. Толықбайдың алаң көңiлiн аңғарған Сындықыз оны өзiнiң қасына жақындата отырғызды да, Қызылқұм ауылындағы 1 май мектебi жайында кеңiрек әңгiмелеуге көштi.

– Ауылдағы сен оқитын мектеп пен бiздiң үйдiң арасында екi-үш қана үй бар. Iргемiздегi арықты жағалай жүрiп, лезде мектепке де жетiп барасың. Сенiң оқуға деген талабыңның жақсы екенiн естiгенде мен де қуанып қалдым. Талабыңа нұр жаусын. Әлгi мектепте тәжiрибесi мол, бiлiмдi мұғалiмдер сабақ бередi. Солардың тәрбиесiн алсаң, ертеңгi күнi елдiң азаматы болып шығатыныңа мен кәмiл сенемiн.

Құлағына өзіне беймәлім оқу ошағы жайында біраз мағлұматты құйған Толықбай Сындықыз шешесінің әңгімесін мұқият тыңдап отырған

адамның бейнесіне енгендей болғанымен, туып-өскен жерінен алыстаған сайын көңілі әжептәуір құлази бастады. Жол бойында кездескен тоғайлы, қыратты жерлерге көз жүгірте қарап қояды да, мұның бәрі Қалғансырға жетпейді-ау деп ой топшылап үлгереді. Бірде көз алдына тоғай іргесіндегі дөңбешікте бірге ойнаған жора-жолдастарының бейнелері келсе, енді бірде анасы Ақтамақтың құшағында еркелеген сәттері оралады. Ұзақ жолда екі күнді артқа тастаса да, туған жерін ойынан еш шығара алмаған Толықбай арбаға жегілген ат тұяғының ізі Алғабас ауылының аумағына түсе бастаған тұста алыстан қарағанда ақ ұлпа қар іспетті көрінетін егінді алқапты көріп:

– «Шеше, бұрын біз тұрған Шыбынтай ауылындағы секілді мұнда да мақта өсіріледі екен ғой» деп таңдана, тамсана ұзақ қарады. Толықбайдың жүзінен қуаныштың лебін сезген Сындықыздың да жанары жадыраңқы. Бауырға баспақ ниетте алып бара жатқан баланың екі күн бойы ойы сансаққа жүгіргенін ол сезбеді емес, сезді. Арбаның арт жағына қарай үйіршектеп, соңына ұзын-сонар қараумен келген Толықбайды сырттай бақылаумен ғана болды. Көңілін баурамақ ниеттегі алғашқы талпынысынан мардымды нәтиже шықпаған соң оны еркіне салып, бойындағы қимастық сезімінің сеңі бұзылғанға дейін күтіп бақты. Діттеген жерге жеткенде бала Толықбайдың бал-бұл жанған жүзін көріп, өзі де балаша қуанғанын қарашы. Мақталы алқапты құдды аралап жүргендей күй кешіп тұрған көз қуанышының қасына барып, ауыл тіршілігінің айшықты беттерін парақтады. Бала зейіні бұрнағыдай емес. Сындықыздың әрбір сөзін мұқият тыңдап, көңілге қонған сәттерінде мез-мәйрам болып қалады. Жасы он жастың ол жақ, бұл

жағындағы ол Қызылқұм ауылындағы бейтаныс көріністерді тамашалаған сайын көкейінде көптеген сауалдар да жаңғырды. Иықтарына иіңкі ағашқа жапсарлаған ілгішке ілінген қос шелекті асынып, көше бойында тізіле кетіп бара жатқан қыз-келіншектерді көргенде «Бұлар қайда бара жатыр?» деп шешесіне қарай бет бұрғаны сол еді, Сындықыз қас-қағым сәтте жауап та беріп үлгерді.

– Балам, біздің ауылда әзірге ауыз су тапшылығы байқалып тұр. Іргеміздегі көрші ауылда ғана жалғыз құдық бар. Жұрттың бәрі сол жаққа қарай сабылады. Мұның бәрі өткінші ғой. «Бір қиындықтың бір қызығы болады» демей ме халқымыз. Уақыт өте келе бұл күндер де артта қалар.

Сындықыздың көмейінен шыққан бұл сөздердің астарында терең күрсіністің де лебі есіп тұрды. Көпшіліктің көкейіндегі мәселені ширата әңгімелемек те ниеті болған. Алайда, алыс жолды артқа тастап, ауыл аумағына енгелі көңілін күпті еткен ойлардан арылған Толықбайды жабырқатпауды ойлап, әңгіме арнасын жақсы жайларға қарай бұрды.

– Қазір, қаракөселердің басы бір жерге тоғыса бастады. Олардың негізгі дені Алғабас бөлімшесінде шоғырланған. Бейсен атаң бас-көз болып жүрген біздің әулетте осы бөлімшеден орын тепті. Қысқасы, бір қауым ел болып қалдық. Сенімен бірге мектепке баратын қаракөсе балалардың да саны әжептәуір. Көп ұзамай олармен де таныса жатарсың. Біз қазір үлкен үйге, яғни Бейсен атаңның қара шаңырағына бара жатырмыз. Ауыл-аймақ етікші ұста ретінде жақсы білетін атаңмен амандасып, ақ батасын алғын. Ол кісінің ауызы дуалы.

Таңсық жерге табаны тигелі шешесінің әңгімесіне мұқият құлақ асып келе жатқан зерделі

ұл сырт көзге сыр білдірмес биязы қалыпта танылды. Көше бойында кездескен ағайынмен күнде жүздесіп жүрген адамдарша жайдары жүзде амандасып, бәзбірінің қойған сауалдарына атүсті емес, анық та, қанық жауап қайтарып отырды. Ал, қара шаңыраққа жақындағанда бойына ерекше қуат біткендей аяғын алшаңдай басып, қасында ілесіп келе жатқан Сындықыз бен Білләдан да оза шауып кетті. Соңынан қараған адамға жүйрік тұлпардың жүрісін елестететін бала қылығы шынында да таңтамаша етерліктей еді. Алға озған оған тәйт деген ешкім жоқ.

Қалғансырға кеткен Сындықыздың қайта оралғаны жайындағы хабарды естіген бойда Бейсен үйде отыра алмай, сырт жаққа қарай аяңдады. Далаға шығып, көше жаққа көз жүгіртіп еді, ақсары өңді, бой өлшемі тұлғасына жарасымды, бейнесі таныс баланы көрді. Оның соңына ілескен Сындықыз бен Білләні де көзі шалды. Бұл көрініс Бейсенді тіпті көңілдендіріп жіберді. Жүзі жадырап, қарсы алдында келе жатқан балаға қарай ол да аяғын шапшаң баса түсті. Толықбайдың жанына жете салысымен оны құшаққа алған бойда жоғары көтерді де, маңдайынан бір иіскеп, «хош келдің, айналайын» деп мауқымын басқандай бір серпілді. Содан соң баланы жетегіне алып, үйіне қарай бет түзеді. Қалғансырдан келген Қадырбайдың кенжесін көргенде көзіне басқа ешкім көрінбегендей күй кешкен Бейсен тіпті бала соңынан ерген Біллә мен Сындықыздан хал сұрасуды да ұмыт қалдырғандай. Оның бұл қылығын сырт көз әрқалай топшылап жатыр. Бірі Толықбайды көргенде көз алдына бауыры Қадырбайдың бала күнгі бейнесі елестеген болса керек десе, енді біреулері үш бірдей бауырынан қапыда айырылған Бейсенге олардың

әрқайсысының перзенті ыстық қой деп ықылас-ниеттерін білдіріп жатты. Баланы көргенде басқаны елең-құлаң қылмаған Бейсеннің қылығына ұлы Біллә мен Сындықыз да түсіністікпен қарады.

Дастархан басында атасының қасында отырған Толықбай үйге кіріп жатқан адамдарға көз жүгіртіп, таңырқай қарап қояды. Үлкенді-кішілі кісілер көп-ақ жиналды. Былдыры мен сылдыры естілетін балашаға да аз емес. Ас үстінде айтылған әңгімелеріне мұқият құлақ асып отырған қонақ бала оларды ағайыннан гөрі туған-туысқа телігендей болды. Оның бұл топшылауында жаңсақтық жоқ еді. Тіккен етігінің сапасы мен сәніне ауыл-аймақты тәнті ететін Бейсен бақилық болған аға-інілерінің ошағын өшірген жоқ. Тағай мен Қазыбектің шаңырағына қамқор болды. Былайғы тірлікте әр шаңырақ өз беттерінше тіршілік жасағанымен, ас ішерде Бейсеннің қара шаңырағына жиналатын. Етікші ұстаның туысындай болып кеткен Қамбар деген кісінің кіндігінен өрбіген ұрпақ та дастархан басынан табылады. Түскі аста бір қауым ел болып отырғандығы да сондықтан. Бастапқыда әртүрлі ойдың жетегінде кеткен Толықбай әңгіме ауанына терең бойлаған сайын мән-жайды түсінгендей болды. Ал, атасы Бейсен жиналған туысқандарды тәптіштеп тұрып таныстырғанда тіпті көп жайтқа қанықты. Қалғансырда жүргенде анасы Ақтамақтың аузынан шалғайдағы туыстар жайында азды-көпті естігенімен, олардың көпшілігімен жүзбе-жүз кездесудің сәті түсе қойған жоқ еді. Күйбің тіршілік біраз уақыт Ақтамаққа балаларын ағайынмен кездестіруге мұрша берген жоқ. Есесіне Бейсен балаларын Қалғансырға жиі жіберіп, амандық-саулықты біліп отыратын.

Толықбай түскі астан соң сыртқа атасымен бірге шықты. Екеуі үй іргесінде орын тепкен төбесі

қамыспен, ал айналасы орташа бойлы адамның белінен сәласарлықтай көлемдегі матамен жабылған шағын үйшікке қарай аяндап келеді. Олар ішке қарай енгенде көзге шалынған құрал-жабдықтар етікші ұстаның еншісіндегі заттар екенін білдіріп-ақ тұрды. Бейсен «бісмілләсін» бір қайырды да, ұстаханадағы орынтағына жайғаса кетті. Ал, Толықбай болса таңырқай қарап тұр. Оң қолына бізін алып, сол қолындағы етіктің табанын теріге жапсарлай тігу қам-қарекетіне кіріскен атасының бірде аузына, енді бірде епті қолының қимылына қарап қояды. Өз ісіне қызу кіріскен Бейсен етік табанының оң жақ беткейін түгел тігіп біткенге дейін әсте тыным тапқан жоқ. Қолындағы бізіне ілінген жібек жіппен табан мен теріні қабыстырған әр сәтінде үңіле көз тігіп, артық-кемін анықтауға кіріседі. Содан соң көңілін тоқ санаса ғана келесі қарекетіне көшеді. Ол діттеген негізгі ойын жүзеге асырған соң, қасында тұрған Толықбайдың үңіле қараған жүзіне мойнын бұрып:

– «Балам, сені ә, дегеннен әдейі осы ұстаханаға алып келдім. Менің бұл кәсіппен айналысып жүргеніме талай жылдың жүзі болды. Сан жылдық тәжірибеден ұққаным, халық қай адамның ісі адал болса, соны құптайды екен. Қандай іс атқарсаң да, жан-тәніңмен беріліп істе. Әсіресе, халық аманатына адал бол», – деп тілін шұрайландыра сөйлей кеткенде етікші атасының тек ұста ғана емес, аузы дуалы абыз екеніне көз жеткізгендей болған Толықбай тағы да сөз тыңдағысы келгендей зейін танытты. Оның бұл ынтасын байқаған Бейсен әңгімесін әрі қарай сабақтай кетті.

– Ең бірінші кезекте тігетін етігімнің сапалы болуына мән беремін. Бір етікті бір ай бойы тіксем де жалыға қоятын мен жоқ. Тек сапалы болып

шықса болғаны. Балам, мұны мақтаныш ретінде айтып отырған жоқпын. Сенің болашағың алда. Есінде болсын, еткен еңбегіңді ел елейтін болса, ең үлкен бақыт сол. Халықтың алдында қашанда қадірің болсын. Мансап пен байлық басың аман болса біте жатар, ал халықтың қадірлісі болу кез келгеннің маңдайына жазылмаған. Азаматтың келбеті адалдылығымен ажарлана түседі. Бойындағы адалдық нәтижелі ісіңмен астасатын болса, абыройың да асқақтай түсетіндігі айдан-анық. Осы айтқандарымды ұмытпа.

Көмейінен шыққан әрбір сөзінің әрін келтіріп, әсерлі әңгімелей кететін Бейсен он жастағы Толықбайдың да жүрегін толқытты. Оның осылайша ақыл-кеңес айтарлықтай хақы да бар еді. Бейсен – ауыл-аймаққа шебер етікші ұста ретінде танылған абыройлы кісі. Қолынан шыққан етіктеріне елдің тізгінін ұстаған және ауқатты азаматтар аса қызығатын. Сапасы мен сәніне тәнті болатын жұрт тарапынан берілетін тапсырыс та аз емес еді. Тапсырыс демекші, бір күні күтпеген қызық жағдай болған. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірінде Бейсенге көрші ауылда тұратын Құралбай деген бір танысы келеді. Қонақ үйден дәм татқан соң әдеттегідей ұстаханаға бас сұғады. Кіре сала шебердің орынтағының жанында тұрған көздің жауын аларлықтай етікке көңілі ауып, Бейсенге оны беруін өтінеді. Мұндай жағдайды ұста тіпті күтпеген еді. Ол бұл етіктің тапсырыспен жасалғанын, яғни иесі бар екенін айтып, танысына басқа етік тігіп беретіндігін мәлімдейді. Қызықты қараңыз, әлгі танысы ынтызар еткен етіктен арылмай, қалай да оны өз меншігі етуге ықыласты екендігін байқатады. Тіпті, тапсырыс берген кісіні тапжылмай күтіп, онымен уағдаласуға әрекет

те жасап көреді. Етіктің құнын төлеумен қатар, тапсырыс берген кісіге де шай-пұл ұстату ниетін де білдіреді. Алайда, етік иесі оның бұл ұсынысын құп көрмейді. Екеуі бір тоқтамға келе алмаған соң, бұл мәселені дау-дамайсыз шешу мақсатында Бейсен өз уәжін айтады. Ол Құралбайға алыстан көз тартатын астындағы күрең қасқасын қасындағы кісіге беріп, есесіне етікті алуын сұрайды. Бұл ұсынысқа екі жақ та келіседі. Ес-түсін аудырған етікке қол жеткізген Құралбай ұстаға оның құнын да төлеп, ауылына айды аспанға шығарғандай көңіл-күйде қайтады.

Етікші ұстаның қолынан шыққан өнімге жалғыз Құралбай ғана емес, жұрттың бәрі қызығатын. Тапсырыс бергендердің тағатсыздана күтетіндігі де сондықтан. Бейсеннің тіккен етіктерінің бір ерекшелігі тігісі тіпті сөгілмейтін. Өзге ұсталар бір орамды тігіс жасаса, ұста Бейсен орайын келтіріп, тігісті екі орамдап, оны оңайлықпен сөгілмейтіндей ететін еді. Оның қолынан шыққан етіктерді иеленгендер терісі әбден тозғанға дейін киеді. Тек тігісін ғана емес, етіктің кескінін де көздің жауын аларлықтай етіп келістіретін шебер мұндай жетістікке ісіне және кісіге деген адалдығының арқасында қол жеткізді. Толықбайды ұстаханаға әдейі апарып, ақыл-кеңесін сонда беруінің себебі де осында жатыр.

Таң ата Бейсеннің үйіне туған-туыс тағы жиналды. Түздегі іске баратындар апыл-ғұпыл шай іше сала өз жөндерімен кетіп жатыр. Ал, Толықбай солардың соңына қарап, сыртқа шығу қамын ол да ойластырып бағуда. Бір уақытта әлгі ағаларының ізін алып, сырт жаққа аяңдамақ болып әрекеттенгені сол еді, есіктен ішке қарай қос көзін төрге оздыра енген қараторы, жасы өзімен шамалас бір баланы көрді де, сәл шегінеңкіреп барып, оң

жақ қабырғаның бұрыш жағына сүйене кетті. Әлгі бала «Ассалаумағалейкум» деп алдымен Бейсеннің қолын алды. «Уағалекумсалам» деп жауап қатқан ұста:

– Кел, төрге отыр, балам, – деп қасындағы орынды меңзеді де, мейірге толы жүз танытты. Ізін ала Толықбайды да қасына шақырып алды. Содан соң:

– Мына бала – Егем деген рулас ағайынның ұлы. Аты – Тайман. Құдайдың құтты күні таңертең маған келіп сәлем беруді қалыпты үрдіске айналдырған. Мұның әкесі марқұм Егем менің туған ағамдай болып кеткен. Кезінде біз Сырдарияны жағалай қоныстанғанда сол Егем сендер тұратын ауылға арнайы барып, Қадырбайға жолыққан да болатын, – деп әңгімесін сабақтай келе Тайманға қарай мойын бұрып:

– «Балам, сенің мектепке барып жүргеніңе қанша уақыт болды?», – деп сұрады. Ал, Тайман болса: «Биыл екінші класқа барамын» деп жауап беріп еді, Бейсеннің жүзі жадырап шыға келді. Оның қасындағы Толықбайдың да жүзінен қуаныштың лебі есіп тұр. Екеуіне таңдана қараған Тайман тіпті аң-таң. Бір уақытта «Бәрекелді, балам» деп қайта сөз бастаған Бейсен: «Онда Құдай екеуіңді қосқан екен. Бірге бір класта оқитын болдыңдар ғой» деп көздері жәудіреген қос балаға мейірлене қарады.

Жазғы демалыстан соң Алғабас ұжымшарындағы балалар алғашқы қоңырау сыңғырын есту үшін 1-май мектебіне қарай ағыла бастады. Таңертең тұра сала Толықбайдың киімдерін дайындап, оны өз қолымен оқу ошағына шығарып салар сәтті тағатсыздана күткен Сындықыздың көңілі қобалжып-ақ тұр. Дастархан басында кеседегі сүтті сіміре ішіп отырған баласының жүзінен бір сәт көз

алмай, оның әр қылығын тамашалаумен әлек. Ал, екінші сыныпты тыныс-тіршілігі әзірге беймәлім өзге мектепте оқуға бет бұрған Толықбайдың жүзінде де алаңдаушылықтың ізі жатыр. Ол таңғы асты әдеттегідей жайбарақат күйде емес, тым асығыстау ішті. Шешесі екеуі сыртқа шыққанда кішкене қоржынын арқасына асып алған Тайман Бейсен атасының жанында тұр екен. Болашақ сыныптастар бір-бірімен қол беріп амандасты да, ақырын аяңдап, 1-май мектебіне қарай бой түзеді.

Жол бойында мектеп жайында біраз мағлұмат берген Тайман білім беру ошағына жақындай бергенде кластас достарын кезіктіріп, оларды Толықбайға тәптіштеп тұрып таныстырды. Алдымен дөңгелене қоршай тұрған достарын Ағман, Есенгелді, Жеңіс, Қалдыбай, Құлшыман және Тоқтар деп аттарын атай жөнелсе, сәлден кейін олардың бойындағы қабілеттеріне қарай ойысты. Былайғы күндерде аузынан сөз алу аса қиынға соғатын Тайманның бұлайша көсіле сөйлеуін жолдастары бірінші рет көруі. Сірә, жаңа дос тапқанына жаны жадырап тұрғанға ұқсайды. Толықбайды жолдастарына таныстырғанда да сөздерді тауып сөйлеп, көңілінің көтеріңкі екенін байқатты. Бір атаның балаларындай болып мектепке қаздай тізіліп бара жатқан жолдастар сырт көзге сүп-сүйкімді-ақ көрінді. Олардың көшін Есенгелді бастап келеді. Ол бағытты класс жетекшісі Сәлима апайға қарай бұрды. Мұндағы мақсат – өздерінің келгендігін және қатарға қосылатын жаңа оқушыны таныстыру болатын. Діттеген жерге жеткенде елгезек Есенгелді апайының назарын өзіне аударды да, көкейін тескен жаңалығын жайып салды. Бұл жаңалыққа қуанған Сәлима апай ортаны толтырған оқушысының қасына барып, оның оқуына

сәттілік тіледі. Арада бірер минуттар өткенде алғашқы қоңырауға арналған салтанатты шара да басталып кетті. Сол сәттен бастап Толықбай жаңа жолдастарымен бірге екінші кластың есігін ашқан болатын.

Бастапқыда бой үйрете қоймағанымен, уақыт өте келе жаңа мектепті жанына жақын тұта бастаған Толықбай кластас жолдастарымен де тез тіл табысты. Әсіресе, әрі көршісі, әрі парталас досы Тайман екеуінің жұбы әсте жазылған жоқ. Мектепке бірге барып, бірге келетін олар қол боста жылқы байлайтын қораға барып, қос қолдың алақан тұсына айналдыра шүберек орайтын еді де, бір-бірімен жұдырықтасып дене қыздыратын. Олардың тапқан бұл әдістеріне бірте-бірте ауылдағы өзге балалар да әуестене бастады. Кейде ат қораның іші жұдырықтасу алаңына айналып та кететін. Тайман мен Толықбайдың бұл ойыны әрі кетті бір сағатқа ғана созылатын еді. Ал, қалған уақыт үй шаруашылығына көмектесу мен сабаққа дайындалумен өтетін.

Елге сыйлы етікші ұста Бейсеннің үйіне келіп-кететін қонақтың қарасы өте көп. Сондықтан отын жарып, шай қайнату секілді дала жұмыстарына Толықбай да араласатын. Сондай-ақ, атасы етік тігіп жатқанда сұраған құрал-саймандарын беріп, қол ұзарту ісінен де қалыс қалмайтын. Алайда, мұндай тірліктер кейде оқуға шындап ден қоюға салқынын тигізбей де қоймайтын еді. Күндіз күйбің тіршілікке араласып, кешкісін шаршаңқы күй кешетін Толықбай бір күні тосын айлаға көшті. Ол үй іргесінде жиналған қозапаяның (мақтаның отынға деп жиналған талшыбықтары) бір шетін аршып, ішке қарай жол жасады да, бір жарым метрдей жерге жеткенде айналасын

ойықтап, шағын үйшікке айналдырды. Ал, қайта шыққанда кіреберісін сырт көз байқамайтындай етіп жабыңқырап қойды. Ол ертесіне сабақтан келіп, түскі асын ішіп бола салысымен бірнеше кітабын қолына алды да, әлгі үйшігіне қарай жол тартты. Ішінде жалғыз өзі. Адамның да, шыбын-шіркейдің де ызыңы естілмейді. Мұндай сәтті қалт жібермейтін Толықбайдың бар зейіні кітапқа ауған. Мұғалімнің үйге берген тапсырмаларын рет-ретімен орындап жатыр. Тыныш жерде түйсігіне қонған жайт та көп. Оқыған сайын ойы толығып, бойына бір ерекше қуат біткендей әсерге бөленеді. Арада бір жарым сағаттай уақыт өткенде Толықбай үйшігінен шығып, алдымен көше бойына түсті де, үйге арт жағын айнала жүріп барып кірді. Оның бұл әрекетін байқаған ешкім жоқ. Сабаққа дайындалуға аса ыңғайлы жайлы орын тауып алғанына дән риза болып жүрген талапты баланың көңіл-күйі бұрнағы күндерден ерекше. Көмейінен ыңылдаған ән ырғағы жиі шығады. Атасымен бірге ұстаханада іс атқарғанда да, шешесіне отын тасып берген сәттерде де осындай көңіл-күй айқын сезілді. Сырт көз оның шат-жадыман жүзін көріп, «бұл бала Бейсеннің үйіне бауыр басып қалыпты ғой» деп топшылап та үлгерді. Үлкенмен де, кішімен де тез тіл табыса білетін Толықбай Бейсен атасының қара шаңырағына аяқ басқан сәттен кейін арада үш-төрт ай өтпей жатып-ақ бой үйреткен болатын. Ал, оның бүгінгі көңіл-күйінен шынында да тіпті алаңсыз баланың бейнесі менмұндалап тұрды.

Әр күн сайын әлгі үйшігіне бір кірмесе Толықбайдың көңілі көншімейтін. Бірте-бірте ол тек сабаққа дайындалу үшін ғана емес, сондай-ақ мектеп кітапханасынан алған ертегі кітаптарды оқу үшін де үйшігін жағалауды шығарды. Бір күні

көзге көп уақыт шалынбаған соң оны Бейсен атасы бел шеше іздеуге кірісті. Бірде үйді айнала жүріп, енді бірде көршілерден сұрастыра іздеу салған Бейсен арагідік «Толықбай, әй Толықбай, қайда жүрсің?» деп айқайға салып та қояды. Атасының дауысын үйшік ішінде жазбай танып тұрса да, Толықбай орнында үн-түнсіз тапжылмай отырды. Қазір сыртқа шығар болса, айласы ашылып қалар түрі бар. Сондықтан не де болса, әліптің артын бақпак. Бейсен біраз уақыт іздеген соң өзінің ұстаханасына барып, күнделікті ісіне кірісті. Ал, үйшіктегі бала айналадағы айқай-ұйқай тыншысымен ақырын сыртқа шықты да, қолындағы кітаптарын үйге апарып, содан соң атасының ұстаханасына барды. Оны көрген Бейсен «Сені іздемеген жерім жоқ. Қайда жүрсін» деп ашулы дауыста тіл қатып еді, Толықбай «Құлшыман деген досымның үйіне кітап алуға барып едім. Сонда екеуміз біраз уақыт сабаққа дайындалдық» деп өз уәжін жеткізді. Бәзбір балалар секілді ойын қуып, уақытты текке өткізбегеніне іштей риза болған Бейсен «Жарайды онда, басыңды біраз жұмыс істеткізген екенсің, енді кел мұнда қол қимылына көшейік» деп көмекшілік қызметті меңзеді.

Толықбай кешкісін шешесі Сындықызға күндіз болған жағдайды бүге-шегесіне дейін баяндап берді. Жұрттан жасырып келген үйшігін де айтты. Баласының бәрінен бұрын талабын құп көрген шешесі «әлгі үйшікке барар алдында маған бір ескертсең болды, сені іздеген адамға айтар желеуді мен табамын» деп істеген ісіне ықыласты екендігін білдірді. Мұндайды сірә күтпеген Толықбайдың қуанышында шек жоқ. Ол шешесі тарапынан қолдау тапқан соң Құдайдың құтты күні үйшігіне бір кіріп, кітап беттерін парақтауды қалыпты үрдісіне айналдырды.

II БӨЛІМ

Оқу-тоқуды қашанда бірінші орынға қойып келген Толықбай орта білімді орталықтағы Ленин атындағы мектепте тәмамдады. Мемлекеттік емтиханда бірыңғай «бестікке» қол жеткізуге тырысып-ақ бақты. Алайда, орыс тілі пәні бойынша тапсырылған емтихан нәтижесі оның үкілі үмітін су сепкендей басты. Қол жеткізілген «бестіктердің» арасына қыстырылған «төрттік» көзіне түрпідей тиді. Бірақ, амал нешік. Ол кінәні өзгеден емес, өзінен іздеді. Химия, физика және биология секілді пәндерді негізгі нысанаға санап, ал орыс тіліне немқұрайлы қарағанына өкінді. Жалпы, мұндай немқұрайлылық жалғыз Толықбайдың ғана емес, өзге де оқушылардың да бойында бар болатын. Қазақы ортада өсіп-өнген өрендер орыс тіліне деген қажеттілік туындамағандықтан ол сабаққа тіпті селқос қарайтын. Пән мұғалімінің де қатты талап етпей, жеңіл-желпі тапсырмалармен шектелетіндігі де сондықтан. Асыға күткен аттестатына қол жеткізген соң Толықбай жеті кластасымен бірге Алматыға жол жүрмек болды. Атасы Бейсен мен шешесі Сындықыз оның оқимын деген талабына дән риза. Талапты жігіттің жол жүретін күнін Бейсен анасы Ақтамаққа арнайы хабарлатқан. Сондай-ақ, жақын тартар туған-туыстар да бұл жағдайдан құлағдар еді.

Кеңес Одағы Ұлы Жеңістің 15 жылдығын атап өткен жылы мектеп бітіріп, жаңа өмірге қадам басқалы тұрған Толықбайды ел астанасы Алматыға шығарып салу үшін Бейсеннің үйіне тек ағайын-

туыс қана емес, көз таныс, жүз таныс жамағат та жиналды. Туған перзентінің азамат болып, білім жолын таңдағанын ести сала Қызылқұм ауылын бетке алған Ақтамақ кенжесі жол жүрер күннен екі тәулік бұрын жетті. Бұрындары жылына бір-екі рет қана келіп, оның өзінде аманшылықты білген соң бір күн өтер-өтпес асыға-аптыға кері қайтуға қамданатын ол бұл жолы ондай әрекет танытқан жоқ. Сонау бала кездегі болмыс-бітімі анағұрлым өзгеріп, жүріс-тұрысы мен сөз саптауында саналылықтың сарқыты сезілетін перзентіне деген ризашылық сезімі басым. Қасына жақындай кеткенде балам деп бауырға баса сөйлемесе де, аналық ілтипатын сездіре ақыл-кеңесін беріп қояды. Атасы Бейсеннің, қос анасы Ақтамақ пен Сындықыздың жылы лебіздерінен қуат алған Толықбай үзеңгілес жора-жолдастарымен бірге алаңсыз астанаға аттанды.

Алматыдағы Медициналық институтқа құжат тапсырған Қызылқұм ауылының түлектері үлкен сыннан өткелі тұр. Қазақстандағы бұл іргелі оқу орнына түсу кез-келгеннің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Тек орыс тілінде ғана дәріс берілетін аталмыш институтқа арман қуып келген талапкерлердің қарасы да көп. Бір орын үшін он екі бала бақ сынамақ. Бұл жайдан Толықбай да, оның тағдырлас достары да хабардар. Барлығы бірінші Құдайға, екінші өздеріне сеніп, тәуекелдің желқайығына мінген. Алғашқы емтихан химия пәнінен болды. Жазбаша түрдегі бұл сынға он екі тапсырма берілген болатын. Соның кем дегенде жетеуіне дұрыс жауап берілсе ғана келесі емтиханға жол ашылады. Талапкер Толықбай алдымен тапсырмаларды мұқият оқып шықты да, содан соң бірінші кезекте өзіне жауабы таңсық емес жаттығуларды орындауға көшті. Ал, шешілуі

қиынға соғатындарын кейінге қалдырды. Белгіленген уақыт біткенге дейін жаттығуларды толық орындап та үлгерді. Сөйтіп, ол сыртқа өзіне бек сенімді қалыпта шықты. Алайда, бойында алаңдаушылық жоқ емес, бар. Шешілген жауаптарды ой елегінен қайта-қайта өткізеді. Дұрыс деп тапқандарының саны артқан сайын көңілі көтеріліп, жүзі жадыраған үстіне жадырай түседі. Ертесіне емтихан нәтижесі жарияланғанда оның қуанышы тіпті қойнына сыйған жоқ. Білімі жоғары деп танылып, 5 деген бағаны иеленіпті. Жүрегін жылытқан бұл жақсы жаңалық Толықбайдың бойына тек қуаныш қана емес, алдағы емтихандарға деген сенімін және талпынысын арттырды. Дайындықтың қарқынын бәсендетпей, алдағы асуларды да бағындыруға бел буған жігерлі жігіт физика мен анатомия пәндері бойынша өткен емтихандарда да жоғары бағаға қол жеткізді. Ал, соңғы емтиханда, яғни орыс тілі бойынша алынған сынақта асығы алшысынан тұрмады. Орысшасы аз ғана тұрмыстық сөздерден әрі аса қоймайтын ауыл баласы орыс тілді өзге ұлт өкілімен түсінісе алмай-ақ қойды. Оның үстіне сорына қарай өзі жауап бере алмайтын тосын сұрақ тап болды. Мұғалім талапкердің алдыңғы нәтижелеріне көз жүгіртті де, оған үш деген баға қойды. Бұл жағдай Толықбай үшін ту сыртынан атылған оқпен тең еді. Себебі, жинаған он сегіз ұпайы оқу ордасының есігін ашуға әсте жетпейтін. Екі бал кем болып, бармағын шайнап қалды. Осыған ұқсас сәтсіздіктер тек Толықбайдың ғана емес, өзге де ауылдастарының да басынан өтті. Бұл жолы орта мектепті алтын медальмен бітірген Құлшыманның ғана бағы шауып, Медициналық институттың студенті атанды. Ал, қалғандары ат басын қайтадан ауылға қарай бұруларына тура келді.

Ташкент арқылы жол жүріп, жора-жолдастарымен бірге ауылға жақындағанда Толықбай көрші елді мекенде жеке жұмыстары бар екенін ескертіп, олардан қалыс қалып қойды. Халықтың қарасы көрінбейтін шеткері жерде жалғыз өзі келе жатыр. Тұла бойын өкініш жалыны өртеп барады. Алғаш Алматыға аттанарда «Оқуға қалай да түсемін» деген сенімде болатын. Сол үміті ақталмай, тауы шағылғанына қатты налыды. Сондай-ақ, ақ батасын беріп, ұзақ жолға жөн-жоралғысымен аттандырған ауылдағы ағайынға «Қай бетіммен қараймын» деген қобалжуы тағы бар. Күндіз көзге көрінбей, сырт жағалап жүргені де сондықтан. Сан ойдың жетегінде кеткен Толықбай ақырын жүре келе ойығы адам бойымен теңесетін бір сайды кездестірді де, соны күн қарайғанға дейін пана етті. Өзегін өртеген өкініш арагідік жанарынан жас ағызып та қояды. Күннің көзі алқызыл түске айналып, жер құшағына еніп бара жатқан шақта ақырын сайдан шығып, Алғабасқа бет алған алаң көңілді жігіт жұрт жүретін жолмен емес, ауыл шетіндегі ағашты, ойлы-қырлы жерлерді жағалай жүріп, өз үйіне де жетті. Сыртта кездескен аға-жеңгелерімен асыға-аптыға амандасқан бойда Бейсен атасының бөлмесіне қарай алды-артына қарамай жүйткіп барады. Хал-жағдайды білмек мақсатта сөзге тартпақ болған кей туыстары оның тұнжыраған жүзінен біраз жайды аңғарғандай болды.

Бар сырын ішіне бүккен Толықбай ішке кіргенде шешесі Сындықыз төрдегі Бейсенге оң қолымен ұзата шай ұсынып жатқан болатын. Олардың көзге ыстық көрінген жанарлары оның көңілін тіпті босатып жіберді. Көзінен жас парлаған күйі шешесінің жанына барып жылы құшағына енбек

ниет танытып еді, Сындықыз ым-жымды білдірмей, қас-қабағымен-ақ оның меңзеген бағытын атасына қарай бұрып жіберді. Дастарханнның оң жағын жанамалай жүріп, Бейсен атасының қасына келген Толықбай «Ата, мен оқуға түсе алмай қалдым» деген сөзді діңкесі құрып, қос еріні діріл қаққан қарттай әрең жеткізді. Бойында әрдайым өжеттілік пен өр мінезділік байқалып тұратын баласының бүгінгі тұнжыраған жүзі Бейсенді бей-жай қалдырған жоқ. Талапты ұлдың тұяғы сүрінгеніне ол да қынжылыс білдірді. Қос қолын айқара ашып, құлыншағын құшағына қысты да: «Балам, оқуға биыл түсе алмадым деп сары уайымның жетегіне еріп жүрме. Ер азамат мұндай сындарда өз-өзін қайта қамшылауы керек. Білім сынағында биыл кеткен кемшілікті келесі жылы қайталамауға бар күшінді сал» деп салиқалы әңгімесімен салы суға кете жаздаған жігерін жаныды. Атасының бұл айтқандары Толықбайдың толқулы көңіл-күйін сабасына түсіргендей болды. Үйіне келе жатқанда ұнжырғасы түскен ұлдың кейпінде болған ол қара шаңырақтан сыртқа шыққанда басын тік ұстап, басқаша күйге енді.

Аға-жеңгелері аң-таң. Бастапқыда қатулы қабағын көріп, хал-жағдайын сұрауға да бата алмаған ет-жақын туыстары енді жан-жағын торлап алған. Мән-жайды алдымен мінезі тік, сөздің токетерін айтуға дағдыланған Пілэл ағасы білмек болды. Ол «Толықбай оқуың не болды?» деп сұрағын төтеден қойды да, қаумалаған жұртты інісіне үңіліп тастады. Жүзінің жадыраңқы қалпын бұзбай, аздап езу тартқан Толықбай: «Аға, тұяғым бір сүрінді» деп бірауыз тіл қатты да, басын тік ұстаған бойда Бейсен атасының шеберханасына қарай жол тартты.

Ұста отыратын орындыққа жайғасып, біраз уақыт ой құшағына оранған ол сырт көзге байқатқысы келмеген күпті көңілін жайландыра қоймағанымен, ертеңгі күнге деген сенімінің нығаюына сеп боларлықтай рухты бойына жигандай болды. Арада екі күн өтпей жатып атасына ауыл тіршілігіне араласып, еңбек еткісі келетіндігін айтты. Баласының бұл талпынысын күп көрген Бейсен Алғабастағы мақталы алқапқа бригадир болып жүрген Егемнің баласы Айтуғанмен осы мәселе жайында сөйлесіп көріп еді, ол орталықтағы мақта жинайтын қоймаға орналасуына кеңес берді. Толықбай бұл хабарды естігенде тіпті қуанып кетті. Ол әлгі қоймада бала кезінен тай құлындай тебісіп өскен досы Тайманның да еңбек етіп жүргендігін біледі. Енді міне, бала күнгі бал шақта құлын тайдай тебісіп, қатар өскен досымен бірге еңбек майданына араласпақ.

Мақта сақтайтын қойма Қызылқұм ауылын көрші кеңшарлармен жалғап жатқан үлкен көшенің бойында орын тепкен. Елді мекендердегі жұрт негізінен мақтаны арбаға ат, есектерді теле отырып әлгі қоймаға жеткізеді. Ал, одан кейінгі жұмыстарды сонда еңбек ететіндер атқарады. Мақтаны жинап, белгіленген жердің шеңберінде оны нығыздай отырып, биік дөңбешікке айналдыру ісі бастапқы сатыларында аса қиындық туғызбағанымен, адам бойынан асқаннан кейінгі кезеңдерінде қара күшті қисапсыз сарп еткізеді. Қоймадағы өзге жұмысшылармен салыстыра қарағанда анағұрлым жас болғандықтан кластас достар Тайман мен Толықбай көбіне биік дөңбешіктерде жұмыс істейтін. Бастапқыда Толықбай төменгі жақта тұрып, 60-65 кг тартатын қапқа мақтаны барынша нығыздап салады да, содан соң оны жоғарыдан

төмен қарай салбырай түскен, ұшында қатты сыммен қайырыла жасалған ілгіші бар арқанға іліп, жоғарыда тұрған досына ұзатады. Қос қолын кезекпе-кезек арқаннан бекем ұстап, мақта салынған қапты ақырын өзіне қарай тарта жөнелетін Тайман дйттеген мақсатына жеткенге дейін «жан алып, жан беріскендей» халді бастан кешіреді. Ал, арада біршама уақыт өткен соң екеуі орын алмастырып, машақаты көп тірліктерін жалғастырады. Күн сайын жұмысқа ерте барып, кеш қайтатын әріптес достар үйге келгенде кешкі тамақтарын ішуге ғана мұршасы келетін еді. Бұрынғыдай бос уақыт жоқ. Күйбің тіршілік осылайша жалғасып жатты.

Бейсен бір әкеден тараған бауырларының соңында қалған ұрпақтың ынтымағын айрандай ұйытып отыру мақсатында олардың басын ас ішерде әрдайым бір дастархан басына жинауды қалыпты үрдіске айналдырды. Тағай атты туған ағасының кіндігінен өрбіген Сламбек пен Әбу сауда-саттықпен айналысып, өз тіршіліктерін өздері қамдап жүрді. Ал, келіншектері Қарақыз бен Ақжарқын мақталы алқаптың тірлігіне араласты. Таңғы, түскі және кешкі ас кезінде Бейсеннің қоржын тамына қаумалай жинала кететін берекелі әулет былайғы жұртқа өнегелі отбасы ретінде танылды. Осындай ортада тәрбие алған Толықбай мақта сақтайтын қоймадағы жұмысының ауырлығына мойымай, үш айға жуық табанды еңбек етті. Оның бұл жұмыстан қол үзуіне құлағына шалынған жағымды бір жаңалық себеп болды. Бір күні ел арасында ауыл басшылығы тарапынан қой бағуға ниетті жастарды топтастыру ісі басталғаны жайындағы хабар тарады. Көп ұзамай осы мақсатта комсомол жастардың жұмысшы тобы құрылып, олар шалғай жерлердегі қой бағатын мекендерге аттанды. Әшейінде мұндай жұмысты

естігенде-ақ мұрынын шүйіре кетететін жастардың табанасты ықыласты болып шыға келуін Толықбай зерделей келе анықтағандай болды. Сөйтсе, қой баққан жастардың әр жылы жоғары оқу орнына түсу сынағында бір ұпай болып қосылады екен. Бұл жайға жіті қаныққан талапты жігіт мән-жайды Бейсен атасы мен Сындықыз шешесіне айтып көріп еді, олар Жаушыбында қой бағып жүрген Өзбекбай ағасының қолында бір жыл жұмыс істеуіне келісті.

Тағдырдың мына бір қызығын қараңыз, Толықбайды он жасында Ақтамақтан аманат етіп алып келген Сындықыз енді арада сегіз жылдан астам уақыт өткенде есейген баласын еңбек етуге туған анасының қолына жібермек. Бейсеннің қасында сыр білдірмегенімен, Сындықыз баласының жолға шығар сәті жақындаған сайын өзін қоярға жер таппай, әжептәуір әбігерге түсті. Толықбайдың жүзіне қайта-қайта қарайды. Оның жанарынан алаңсыз көңілдің нышанын сезген сайын «Осы балам, туған бауырларының қасында біржола қалып қоймас па екен» деген секілді дүдәмал ойлардың жетегіне еріп те кетеді. Арагідік «Жоқ-а, мен де қай-қайдағыны ойлаймын» деп өз-өзін жұбатады. Кезінде туған перзентін шығарып саларда іштегі қимастық сезімін сыртқа білдірмей, көз жанарынан емес, жүрегінен жас ағызған Ақтамақтың сол сәттердегі көңіл-күйін Сындықыз бастан кешпегенмен, оның толқынысы да кісі тебіренерліктей болды. Бұл жай әсіресе, Толықбайды әулет болып Жаушыбынға шығарып саларда айқын сезілді. Өзі тумаса да, туғандай етіп өсірген баласының қасынан бір елі қалмай, ақыл-кеңесін аямай-ақ төкті. Тіпті, көше бойлай кетіп бара жатқан перзентіне ұзақ уақыт көз алмай қарап, қолын жиі бұлғаумен болды.

Қалғансырдағы сиыр фермасында қос перзенті есейгенге дейін сауыншы болып жұмыс істеген Ақтамақ аудан орталығына жақын маңда орын тепкен Жаушыбында қой бағуға ниеттенген үлкен ұлы Өзбекбайдың меселін қайтармай, қонысын ауыстырған болатын. Өз ісіне тиянақты, әсіресе тазалықты жаны сүйетін тұңғышы ә, дегеннен-ақ жемісті жұмыстарымен көзге түсіп бір қуантса, көп ұзамай шаңыраққа келін әкеліп, анасын шаттыққа бөледі. Үйдің үлкені болғандықтан жан бағу жауапкершілігін мойнына алған Өзбекбай отбасы мүшелерінің қажетін өтеумен қатар, қой шаруашылығына да қомақты үлесін қосты. Ал, келіншегі Әден Жаушыбындағы орта мектепте еден жуушы болып жұмыс істеді. Алғи атты рудан тараған Махамбет деген кісінің үлкен қызын жар еткен Өзбекбай қайын жұрттағы енесі Шаштыгүлді де өз анасынан кем көрмеді. Бір жағынан оның тағдыры кісі жанын тебіренерліктей еді. Күйеуі Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Тіпті, оның өлі-тірісін ешкім білмейді. Хабар-ошарсыз кеткен қазақ жауынгеріне қатысты қылаң еткен бірде-бір дерек те жоқ. Екінші қызы Жақсыгүл дүниеге келгенде қан майданға аттанған жолдасынан арада талай жыл өтсе де Шаштыгүл күдер үзген емес. Өрімдей қос қызын ешкімнен кем қылмай өсірді. Алайда, шаңырақтың отын өшірмейтін ұлдың болмауы бойжеткен қыздарын қияға қондырғанда қатты сезілді. Қара шаңырақта жалғыз өзі қалғанда жаны күйзеліп, қағажу көрді. Ауылдағы аталас ағайындарының бірқатары өз үйлеріне қоныс тебуді ұсынып көріп еді, «Шалымның маған аманат етіп қалдырған шаңырағы ғой, қараусыз қалдырғаным

жарамас» деген секілді желеулерді алға тартып, бұған құлықты еместігін байқатты. Өзбекбай бұл жайлардан хабардар болатын. Қайын енесінің қартайған шақта жалғыздық күй кешкені оны да бей-жай қалдырған жоқ. Бір күні анасына жалпы жағдайды баяндай келе, есі кіріп қалған екінші перзенті Қобыландыны «Шаштыгүл шешейдің қолына берсек қайтеді, қолқанаты болсын, әрі жабырқаулы көңілін жайландырар» деп айтып көріп еді, Ақтамақ: «Менің меншікті қызым – сенің үлкенің Құттықыз, ал екінші бала Әден екеуіңдікі» деп әзілін араластыра әңгіме өрбіте келді де, «Қарағым, мен Шаштыгүлдің қазіргі жағдайын жақсы түсінемін. Құдай жалғыз қалудан сақтасын. Әкеңе тартқан сабазсың ғой, ниетің ақ. Қобыланды ол кісінің де немересі. Бауырына басып, бір мауқымын бассын» деп тілектестігін білдірді. Анасының келісімін алған соң, арада көп уақыт өтпей, Өзбекбай мен Әден Жаңадала ауылына барып, Қобыландыны нағашы әжесі Шаштыгүлдің қолына табыстап келді. Ұлын қалдырарда әкесі мен шешесі: «Әжеңе көмектесіп тұр, біз сені біраз уақытқа осында қалдырамыз» деп аз-маз ақылын-кеңесін айтып, оның көңілін алаңдатпаудың алдын алғандай әсерде кетіп еді. Қобыланды бастапқы кездерде нағашы жұрттағы қатарлас балалармен тез тіл табысып, уақыттың қалай өткенін сезбей де жүрді. Оның үстіне әжесінің шексіз мейірімі бойына жылылық ұялатқан. Алайда, арада бір жарым айдай уақыт өткенде оның көңілінде алаңдаушылықтың сызы сезіле бастады. Әжесінен еке-шешесі жайлы жиі сұрауды шығарды. Сыртқа шыққанда алысқа көз жүгіртіп, біреулерді күтіп тұрған адамның кейпіне ену де қалыпты үрдіске айналды. Бұл жағдайды жіті бақылап жүрген

Шаштыгүл немересінің көңілін құлазыта бермеуді ойлады да, көп күн жоғалтпай оны жетегіне ертіп, Жауышыбынға тартып отырды.

Өзбекбайдың дйттеген ойы жүзеге аспай, жағдай бұрынғы қалыпқа қайта түскен кезде Ақтамақ ұлы мен келінін шақырып алды да: «Сендер ертең Жаңадалаға барып, Шаштыгүл құдағиды біздің жаққа көшіп келуге қалайда көндіріңдер. Бір шаңырақта екі шешелерің болады. Құдай маған қызды, ал ол кісіге ұлды берген жоқ. Ендігі жерде біз сендердің ұл-қызыңды көңілге жұбаныш қыламыз» деп ілттипатты сөзін жеткізді. Анасының даналығына дән риза болған Өзбекбай жұбайы Әденмен бірге ертесінде жолға шықты. Жаңадала ауылына табан тіреп, нысанаға алған үйге жеткенде Шаштыгүл даладағы ошаққа тамызық салып жатыр екен. Күйеу баласы мен қызын көріп көңілі бір қуанып қалды. Дастархан басында ағынан жарыла әңгіме айтып, аузы бір сәт тыным тапқан жоқ. Бұрындары бұлайша көсілгенін көрмегенін Өзбекбай енесінің шынында да қамығып жүргеніне көз жеткізгендей болды. Бір уақытта мұнда келгендегі мақсаттарын келіншегі Әден жеке отырып жеткізсін деген ниетпен сыртқа жалғыз өзі шығып кетті.

Әден ә, дегеннен-ақ әңгімесін енесі Ақтамақтың күйеуі екеуіне айтқан сөздерінен бастады. Сол арқылы Қадырбай әулетінің ықылас-ниетін жеткізді. Шаштыгүл біраз уақыт ой құшағына шомды да, содан соң: «Егер шынында да мұндай ой құдағидың тарапынан туындаса, маған келіспеске шара жоқ. Ол құдағи да өмірдің талай рет теперішін көрді ғой. Тағдырымыз да ұқсас. Арамыздан қара мысық өте қоймас» деп өз түйінін айтты. Сол-ақ екен, жүрегі жарылардай қуанған Әден әп-сәтте сырттан табылып, далада алаңсыз тұрған күйеуінің

жанына барды да, жүрегін толқытқан жаңалықты жайып салды. Содан соң олар Жаңадаладағы ағайынның батасын алды да, араға бір күн салған соң кері қайтты.

Толықбай қой бағу мақсатында Жаушыбынға келгенде Өзбекбайдың шаңырағынан Әден жеңгесінің шешесі Шаштыгүлді көріп, оны бастапқыда қонаққа келген екен деп ойлаған. Ал, мән-жайды ағасынан естігенде ол да көп жайға қанықты. Күз мезгілі болғандықтан Толықбайдың алғашқы жұмыстары қойдың қысқы азығын жинаудан басталды. Қыңыр мінезі жетерлік қоңыр есекті мініп алып, жайылымның іргесіндегі шалғынға барады да, қолындағы «орыс орақпен» шөптерді ора жөнеледі. Арагідік дем алған кезде анасы Ақтамақтың қоржынға салып берген айранын шөлі қанғанша сіміреді. Ал, тиісті шөп жиналды-ау дегенде қолына арқанды алып, алдымен бірінші орамның бел ортасынан тарта айналдырады да, қиыстыра бір байлаған соң екінші орамға жалғастыра жаңағы әдісті қайталайды. Содан соң екі орамның қақ ортасына оң иығын еңкитіңкіреп енгізіп, есектің тоқымына жайғастыруға әрекеттенеді. Ең қиын сәт те осы. Орамды шөптің біріншісін есектің тоқымынан асыруға аз-ақ қалғанда қырсық жануардың қимылдап кететіні бар. Кейде тіпті, мұндай жағдай жиі қайталанары. Сондай сәттерде әскерде жүрген ағасы Серікбайды есіне түсіріп, «Қара нардай ағам қазір осында болғанда мына шөпті қаңбақ құрлы көрмес еді-ау» деп қояды. Оның бұл сөзінің жаны бар болатын. Серікбай әскерге кеткенге дейін қара жұмыстың қандайын болсын қаймықпай атқарды. Жуан жұдырықты жігіт күрең қасқалы атын көкпарға баптап, дүбірлі додаларға талай рет кіріп те көрді. Той-домалақтарда өтетін көкпарларда

қанжығасы майланбай қайтқан сәті некен-саяқ. Сол уақыттарда атағы кең жайылған көкпаршы, рулас ағасы Күнтуғанмен иық теңестірмесе де, елдің аузында жүрген шабандоздардың біріне айналды. Толықбай бұл жағдайлардан хабардар. Екі орамды шөпті есекке артарда ағасының есіне түскендігі де сондықтан. Күніне екі-үш рет шөп таситын ол шалғындағы шаршаңқы күйін үйге келгенде барынша сездірмеуге тырысып бағатын. Кей күндері қорадағы қойды таң ата жайылымға айдап кетіп, күн қарайғанға дейін қарайлап жүрді. Ал, қыс мезгілі келіп, тіршіліктің қытымыр кезеңі басталғанда аға-жеңгесімен бірге қорадағы түліктің қамын күйттеді.

Күзде көбіне шөп тасумен күндерін өткізген Толықбай үшін қыстыгүні де атқарар іс аз болған жоқ. Қорадағы қойларға уақытылы жем-шөбін беріп, таңның атысы, күннің батысы оларды қорғаштай тору ісінде де оның қолтаңбасы қалды. Көктем келіп, қара жер көкке оранған шақтарда ғана кітап бетіне үңілуге шамасы келген болашақ талапкер жазғы білім сынағына дейін мұқият дайындалуға белді бекем буды. Күн шуақта қой бағу қолайлы болғандықтан Өзбекбай ағасы оны тек осы жұмысқа ғана тартып, талапты інісінің тауының шағылмауын ойлады. Шопан ата түлігін бағатын жайылым көлемінің көптігі Толықбайдың қарайлау ісін анағұрлым жеңілдетті. Таңертең діттеген жерге жетісімен қойларды жайылымға жіберіп, кешке дейінгі уақыттың басым бөлігін кітап оқуға жұмсайтын ол осындай сәттің туындағанына тіпті риза. Күн сайын үйіне көңілі көтеріңкі күйде қайтып жүрді. Бойындағы білімі толысқан сайын көкте қалықтап жүргендей күй кешеді. Жауышыбынға келгеннен бергі уақыт

ішінде мұндай халді бастан кешірмеген баласының жадыраңқы жүзін көрген сайын Ақтамақ та Аллаға шүкіршілігін жиі қайталап қояды. Алайда, бұрынғыдай перзентіне телміре қарап, әр қадамына сүйсіне баға беру байқалмайды. Оның бар зейіні Өзбекбайдың үлкен қызы Құттықызға ауған. Соның қас-қабағына қарап күн өткізеді. Балдай тілі мен қылығын қызықтап, жүрегі елжірей еркелететіні де бар. Кейде әке-шешесі көз қырын салса, олардан қызғана қорғаштайды. Өзі де бала секілді. Өзбекбай мен Әден алда-жалда Құттықызға қаттырақ сөйлеп қалса, бауырға басқан немересін арқасына көтеріп алады да, қашан көңілі тыншығанға дейін дала кезіп кетеді. Сондықтан отбасындағылар мұндай жағдайдың мейлінше қайталанбауына күш салады. Бір қызығы, Әденнің шешесі Шаштыгүлдің басындағы жағдай да Ақтамақтың халіне ұқсас. Ол Өзбекбайдың екінші перзенті Қобыландыны еншілеп алған. Қасынан бір елі қалдырмайды. Бала жүрек не қаласа, соның бәрін алдына салуға дайын. Әр күлкісі, әр қылығы ол үшін дүниенің бар қызығымен тең. Балаға келгенде Ақтамақтың бойынан қылаң беріп қалатын әлгіндей қасиеттерден Шаштыгүл де кенде емес. Сондықтан Өзбекбай мен Әден қос кейуананың көңілін бағады.

Қызғалдақпен көмкерілген қыратты жерлері алыстан көз тартатын Жаушыбын өңірі әсіресе жаз мезгіліне қарай тіпті құлпырып кететін. Көктемнің үш айын жайылымда кітап беттерін парақтаумен өткізген Толықбай Алматыға аттанар сәт жақындаған сайын зердеге тоқыған білімін ойша қайталауды күнделікті дағдысына айналдырды. Таңғажайып табиғаттың әсері ме, әлде оқуға шындап ден қойғандықтан ба, әйтеуір басында тоқығаны көп. Тіпті, кітаптың қай бетінде қандай тақырып

бар екендігіне дейін жатқа сайрап тұр. Бұрын-соңды мұндай күй кешпеген ол бұл құбылысты жақсылыққа жорып қояды. Кейде, «емтиханды дәл қазір тапсырсам, оқытушылардың өзін састырар едім» деп өз-өзіне күбірлей сөйлеп, бойында ерекше бір күш пайда болғандай серпіледі.

Талапкер жігіт жаздың алғашқы айының орта тұсына қарай ауылдық әкімшіліктен тиісті құжаттарын алды да, содан соң Бейсен атасы мен Сындықыз шешесінің батасын алу мақсатында Алғабас ауылына ат басын тіреді. Бейсен алдымен әдеттегідей ағайын-туыстың басын қосып, жайылған кең дастарханнан дәм татқызды. Өскелең өреннің өмір жолына халықтың батасы қашан да азық болатындығын қаперден еш шығармайтын ол Толықбайды қасына отырғызып алып, көпшіліктің айтқан баталы сөздеріне құлақ астырды. Сөйтіп, осылайша ауылдағы ағайынның тілеулестігін білдірді. Бұл жағдай білімге ынталы жігітті жігерлендірумен қатар, көпшіліктің сенімін ақтау жолындағы жауапкершілік жүгін де мойнына артып берді.

Толықбаймен бірге Алматыға аттанған кластастарының қарасы бұл жолы да көп болды. Ел астанасына жетісімен олардың бірқатары таныс туыстарын жағаласа, енді біреулері пәтер жалдау қам-қарекетіне көшті. Бала кезінен бірге өспесе де, мектептің қайталанбас кезеңдерін қатар өткізіп, шынайы достықтың дәмін бірге татқан Ағман мен Толықбай Мединститутқа жақын маңдағы жер үйден бір бөлмені жалдады. Үйдің қожайыны қазақ кісі екен. Өз есімін Ескендір деп айтқан ол ауылдан келген талапкер жігіттерге бөлме ішін бүге-шегесіне дейін таныстырып шықты. Содан соң өзінің де талап-тілегін жеткізіп, жайына кете барды. Екі дос

ертесіне тиісті құжаттарды жоғарғы оқу орнына тапсыратын болғандықтан бірінші кезекте соны түгендеуге кірісті. Қатар отырып, құжаттарды кезекпе-кезек ақтарып жатқанда Ағманнның көзі жолдасының қолындағы бір жапырақ қағазға түсті. Үңіле қарап еді, онда Толықбайдың қой баққандығы жайлы жазылыпты. Жымия езу тартқан Ағман:

– Әй, пысықсың-ау Толықбай. Жеңілдікке қол жеткізіпсің ғой. Сені қалай ғана қойшы бола қалды деп едім, – деп әзілмен түйрегендей кейіп танытып еді, ізін ала досы:

– Е,е,е бұл қағазды қолға түсіру оңай болған жоқ қой. Қойдың соңында жүріп, өзім де қой болып кете жаздадым, – деп әңгімесін жарасымды әзілмен жалғады. Тауып айтылған сөзге риза болған Ағман әлгі әзіл қайта-қайта ойына оралып, бір арқа-жарқа күліп те алды.

Бастапқыда құжаттарын Медициналық институтқа тапсырмақ болып келген Толықбай табанасты өзгеріп шыға келді. Кешкісін кластасына «Мен заңгер боламын» деп түлен түрткендей тосын мінез танытты. Мұны естіген жолдасы:

– Бұл қай сасқаның, ауылдан шыққанда дәрігер боламын деп дүйім жұртқа айтпап па едің. Ендігі тірлігің не? – деп әжептәуір қынжылысын білдірді. Бұған сасатын Толықбай жоқ. Бөлменің терезе жағына жақындап барды да:

– Құлшыман екеуің дәрігер, Жеңіс әртіс, Есенгелді құрылысшы, ал Тайман кеңшар директоры болса, сендерді заңен қорғап жүретін бір прокурор керек емес пе, сол прокурор мен боламын, – деп көңілі көкке бір елі жетпегендей шалқып тұрды. Оның діттеген ойына жетпей тынбайтынын жақсы білетін Ағман әңгімені әрі қарай созбалақтамай:

– Жарайды, өзін біл. Прокурор болсаң, тар бөлмеде бір нанды бөліп жеген әсіресе мені ұмытып кетпе, – деп оған тілеулес екендігін білдірді.

Алматыға келген күннің ертесінде Ағман Қазақ мемлекеттік медициналық институтына, ал Толықбай Қазақ мемлекеттік институтының заң факультетіне құжат тапсырды. Екеуі де ендігі тағдырлары емтиханда шешілетіндігін жақсы біледі. Сондықтан кітапқа жиі үңіліп, бос уақыттың негізгі денін дайындық жұмыстарына жұмсап-ақ жатыр. Арада үш күндей уақыт өткенде Толықбай бір танысынан қабылдау комиссиясындағылар оны жедел іздестіріп жатқандығын естіді. Көкейін тескен «Не болып қалды екен?» деген сұрақ талапкердің тынышын әбден алды. Алды-артына қарамай, институттың қабылдау комиссиясына қарай жүйрік пойыздай жүйткіп келеді. Діттеген жерге жеткенде үш күн бұрын құжат қабылдап алған жүзі таныс ағайын көзі шалды да, сол жаққа қарай бет түзеді. Бара сала мән-жайды сұрады. Сөйтсе, әңгіменің бәрі ауылда берілген еңбек өтілі жазылған кітапшада екен. Өзбекбай ағасы ауыл әкімдігімен келісіп, еңбек кітапшасына екі жыл қой бақты деп белгі соғып берген болатын. Осы екі жыл қабылдау комиссиясындағылардың күмәндануына себеп болған. Әлгі ағайы «Сен ауылда бір жыл ғана жұмыс істегенсің, ал еңбек кітапшанда екі жыл деп көрсетілген. Заңдық тұрғыдан алғанда бұл қылмыс болып саналады. Тиісті орындар қазбаласа, жалған еңбек кітапшасын берген адамды жауапқа тартады. Айта берсем, әңгіме көп. Сен қылмысың ашылмай тұрғанда құжатыңды бізден алып кеткін» деп тоқетерін айтты. Мұндай тосын жағдайды күтпеген Толықбай құжаттарын қабылдау комиссиясынан жедел алды да, басы мең-зең күйде үйге келді.

Көңіл-күйі құлазыған досын көрген Ағман көп уақыт өтпей орын алған жағдайға қанықты. Енді не істемек керек? Екеуінің де көкейін тескен осы сұрақ. Бір уақытта өзара келісе келе, әлгі еңбек кітапшасын Алматыдан ауылға қарай жол жүретін таныс кісілердің бірінен беріп жіберіп, қателігі түзетілген нұсқасына уақыт оздырмай қол жеткізуді жоспарлады. Сөйтіп, бұл жоспарларын жүзеге асыруға бел шеше кірісіп кетті.

Астанада жүрген інісінен жеткен құжатты Өзбекбай қолына тиген күні-ақ түзетіп, оны қайта жіберді. Толықбайдың қуанышында шек жоқ. Алайда, ол құжаттарын бұл жолы жүрегін шайлықтырған әлгі жоғарғы оқу орнына емес, Ағманның жолын ұстанып, Медициналық институтқа тапсырды.

Емтиханға дайындық қызу жүріп жатыр. Екі дос арагідік бір-біріне сұрақ қойып, білім деңгейлерін сынап та қояды. Жауаптары дәл шығып жатса, олардан асқан бақытты адам жоқ. Аспанда еркін қалықтаған қырандай екі қолдарын кезекпе-кезек құлаштай сермеп, көңілдерінің тым сергектігін байқатады. Олардың жайдары жүздеріне үй қожайыны да қызыға қарайды. Білімге деген ынта-ықыластарына ол да тәнті. Уақыттың басым бөлігін оқып-тоқуға арнаған Ағман мен Толықбай алғашқы емтиханға жеті күндей уақыт қалғанда базар жағалап келуді ұйғарды. Мұндай ұсыныс Толықбайдың тарапынан туындаған. Алматыға аттанарда оған қойшы ағасы ел арасында бағалы саналатын қаракөл қойының бірнеше терісін беріп жіберген болатын. Соны пұлдап, үстеріне киім алуға уағдаласты. Бұрын-соңды сауда-саттыққа бой үйретіп көрмеген олар бастапқы кезде қолдарына елтеріні ұстағаны болмаса, тері сататын адамның

кейпінде емес, үркектеген жандай үн-түнсіз біраз уақыт тұрды. Бір кезде Ағман «бұлай тұра бергеніміз жарамас, біз де өзгелер секілді затымызды жарнамалап, әрі-бері жүрейік. Толықбай сен осында күте тұр, бірінші мен жағалап келейін» деп құжынаған топтың арасына енді де кетті. Ағман араға 15-20 миуттай салып қайта келгенде досы көздеген жерден табылған жоқ. Аң-таң болған ол қаумалаған жұртқа қайта-қайта қарап, саудалас әріптесін іздеумен әлек. Оның бұл қобалжуын байқаған бір кісі қасына жақындап келді де:

– Сен осыдан бірнеше минут бұрын милициялар алып кеткен жігітті іздеп тұрған жоқсың ба? – деп төбесінен жай түсіргендей зілді сұрақты қойды. Онсыз да көңілі алаңдап тұрған Ағман алғашқы сәттерде:

– Сіз мүмкін жаңылысып тұрған боларсыз, менің қасымдағы жігіт емес шығар, – деп дүдәмал жүз танытты. Олардың арасындағы әңгімеге тағы бір кісі араласып, әлгі оқиғаны айғақтай түскенде ғана досының құқық қоғаушылардың құрығына ілігіп қалғанына көзі жетті.

Аяғын жылдамдата басып, базар іргесіндегі милициялар кеңсесіне жеткенде Ағман ішкі бөлмелердің біріне кірмек болып кезекте тұрған досына жолығып, мән-жайды сұрастырып көріп еді, оған заңсыз сауда жасады деген айып тағылыпты. Енді орын алған жағдайға байланысты түсініктеме жазу үшін кезекте тұр екен. Арада көп уақыт өтпей, Толықбай ішке кіріп кетті. Ал, көңілі сан құбылған жанашыр досы өңі тұнжыраған күйде сыртта тұр. Ойына неше түрлі нәрсе келеді. Алғашқы емтихан тапсыратын уақытқа небәрі жеті-ақ күн қалған. Егер Толықбай жауапқа тартылатын болса, оқуы жайына қалмақ. Осы жағын бір ойлап қояды. Сондай-ақ,

бойында «Толықбай түсініктемені қалай жазады екен?» деген секемі де бар. «Қасымда кластасым да болды» деген бір жол іліксе, екеуіне қауіп қатар төнбек. «Жоқ-а, мен білетін Толықбай болса, мұндай іске бара қоймас» деп көңілін кейде жұбатып та қояды. Осылайша сан ойлардың шырмауына ілігіп тұрғанда қасына жүзі жабырқаулы жолдасы да келді. Ол тергеушіге тиісті түсініктемесін жазып, өзіне қатысты анықтамаларды айтқанын досына жеткізді де, бірақ әлгі түсініктеменің желісі жайында әңгімелей қойған жоқ. Бұл жайға байланысты Ағман да қазбалауды жөн көрмеді. Үйге барған соң ыңғайын тауып сұрап білермін деген тоқтамға келген.

Екі дос үйге келгенде күн қарая бастаған шақ болатын. Бұрын-соңды көз көрмеген қарбаласты бастан кешірген олар күні бойы аш жүрді. Сондықтан болса керек, үйге келген бойда ас әзірлеу қарекетіне көшті де кетті. Көңілдері бір сәтке болса да дастархандағы асқа ауып отырғанда сыртта екі ер кісінің дауысы естілді. Ағман терезе жаққа үңіліп көріп еді, қос милицияны көзі шалды. Дереву жолдасының қасына жетіп бараған ол:

– Толықбай бізді милициялар алып кетуге келді. Құрыдық, енді оқуымыз да жайына қалады, – деп жайсыздық күй кешті.

Мұны естіген досының да дегбірі қашып, жанын қоярға жер таппай жүр. Оның бойында «әлгі тергеуші түсініктемені жалған жазғанымды біліп қойды ма екен» деген үрей басым. Екеуі бір орында тапжылмай отырды. Көздері сыртқы есікке қадалған. Егер сықыр етер дауыс естілер болса, құдды естен таңып қалардай халде. Бірі «тұзаққа екеуміз де іліккен екенбіз» деген ой жетегінде болса, екіншісі «түсініктемеде тек өзімді ғана

жазып едім ғой, бұл қалай болғаны» деген секілді таңданыс шырмауында. Қатарласа отырған достар көздері есікке қадалған күйде бірнеше минутты артқа тастады. Бөлме есігінің ашылар түрі байқалмайды. Бір уақытта терезе жаққа Толықбай жақындап барды да, ақырын сыртқа көз жүгіртіп көріп еді, әлгі милициялардың үй қожайынымен сөйлесіп тұрғанын байқады. Әңгімелері қызып жатыр. Арқа-жарқа мээ. Әзілдері де жарасқан сияқты. Езу тартқанда әсіресе екі милиция орындарынан секіре жаздайды. Олардың қылығын тамашалаған сайын Толықбайдың да бойын ерекше толқыныс биледі. Көздің арбауы ма, әлде шынында да олардың қылығының қызықтылығы ма, әйтеуір тұла бойындағы қорқыныштың сеңі тарқай бастады. Тіпті, ол да езу тартып, жиі-жиі күліп те қояды. Оның бұл кейпіне таңданған Ағман досының қасына барып, сырттағы көріністерді қосыла тамашалағанда ол да көңілін бір марқайтты. Кейін белгілі болғандай, әлгі милициялар үй қожайынының таныстары екен.

Толықбайды ертесіне құқық қорғаушылар тағы шақырды. Бұл жолы оған іс сотта қаралатынын ескертіп, қасына екі милицияны ертті де, сот өтетін мекен-жайға қарай жол сілтеді. Оның қасынан бір елі қалмай Ағман да жүр. Тұла бойларын сары уайым билеп барады. Санаулы күндерден соң емтихан басталатыны есіне түссе, әсіресе Толықбайдың көңілі тіпті құлазиды. Сотта әлгі істі әйел судья қарайды екен. Айыпталушының бағына қарай қазақ кісі болып шықты. Тергеушінің құжаттарымен жіті танысып шыққан соң ол айыпкерден бір-екі сұраққа жауап алды да, содан соң:

– Қарағым, сен он күн темір торға қамаласың. Ел ішінде елтеріні заңсыз саудалауға тыйым салынған,

– деп қысқа қайырып еді, төбесіне жай түскеннен де бетер болған Толықбай «апай, апай» деп, сұрланған жүзін судьяға бұрған бойда:

– Мен Алматыға білім қуып келген талапкер едім, бес күннен соң алғашқы емтиханым болады. Ауыл-аймақ маған үміт артып отыр. Сол үміттерін ақтауға маған мүмкіндік беріңізші. Сауданы кәсіп еткен жан емеспін ғой, бір жолға кешірерсіз бе? – деп шынында да қатты күйзеліп тұрғандығын байқатты. Жас жігіттің аузы ғана емес, жүрегі де бірге сөйлеп тұрғанын сезді ме, әйтеуір судья әйел бастапқыдағы қатулы қабағынан арылып:

– Емтихан бес күннен кейін дедің бе? – деп сұрақ қойғаны сол еді, ізін суытпай Толықбай:

– Ия, ия, бес күннен кейін, яғни алтыншы күні алғашқы емтихан болады, – деп ерні ерніне тимей, алып-ұшты күй кешті. Құжаттарға қайта үніліп, бірер минут үнсіз қалған судья бір уақытта:

– Сенің жазанды бес тәулікке ғана қысқарта аламын. Енді емтиханға темір тордың ішінде дайындалатын боласың, – деп ақырын жымың қақты да, столының оң жағындағы бір қағазға қолын қойып, оны көмекші қызға тапсырды. Мойнынан сәл де болсын жүк түскендей жеңілдеп қалған Толықбай «түйе сұрағанға бие бергендей» әрекет еткен судьяның шешіміне ризашылығын білдіріп, содан соң сыртта күтіп тұрған жолдасына орын алған жағдайды хабардар етуге рұқсат сұрады.

Үйіне жалғыз қайтқан Ағман тіреуінен айырылған шатырдай басын төмен салып, досының жағдайын ойлаумен әлек. Ол түрме жайлы жан түршігерлік әңгімелерді ауылдағы кісілерден көп естіген. Сондықтан болса керек, оның көз алдына неше түрлі жағдайлар елестеп, тіпті сол күні түні бойы көз ілмей шықты. Таңертең тұра сала бөлмедегі

кітаптардың бір бөлігін қоржынына салды да, күні кеше досы қамалған жерге қарай жол тартты. Сондағы бар ойы – Толықбайдың қолына кітаптарды жеткізіп, емтиханға дайындалуына мүмкіндік жасау. Діттегені ұтымды тұжырым болғанымен, оны жүзеге асыруға келгенде күтпеген жағдайға тап келді. Күзеттегі сақшылар қол ұшын беруден үзілді-кесілді бас тартты. Ішкі тәртіп мұндайға рұқсат бермейді екен. Ағман жағдайды жанын сала түсіндіріп, сақшылардың жүрегін жібітпек те ниеті болды. Алайда, тәртіптің қаталдығын алға тартқан күзеттегілер райынан қайтқан жоқ.

Арада екі күн өткенде Ағманның бөлмеде жалғыз қонып жүргенін байқаған үй қожайыны Ескендір:

– Қасындағы досың қайда? Соңғы екі күн бойы көрінбей жүр ғой, – деп сұрады. Ішкі күйзелісін сырт көзге байқата қоймайтын елгезек жігіт езу тарта бір жимиды да:

– Е, е ол қу өткенде бір қыздармен танысып еді, соларды айналшақтап шыға алмай жүр ғой, – деп қойып қалды. Содан соң «бұл айтқаным дұрыс болды ма, әлде бұрыс па?» дегендей сәл күдік алған күйде қожайынына қарады. «Ай, жастар-ай» деп әңгімесін бастаған Ескендір:

– Сырт қараған адамға ойын-күлкіге аса әуес емес, салмақты жігіт болып көрінетін Толықбайдың қыздарға келгенде еті тірі екен ғой. Ол да керек шығар. Жассындар ғой, мына дәурен көзді ашып-жұмғанша өтеді де кетеді, – деп тебірене сөз сабақтай жөнелді. Ал, Ағман үй қожайынын өз сөзіне иландыра алғанына мәз. Ол кейінгі күндерде де болған жағдайды барынша бүркемелеуге тырысып бақты.

Темір торда өткен алғашқы күн Толықбай үшін тұла бойын өрт шарпығандай күй кештірді. Өзге

тағдырластарына бір сәт те болсын мойын бұрмай, қабырғаның бір бұрышына қарай жылжыды да, бүгілген қос тізесін қолдарымен құшақтап, салы суға кеткен көңілін жұбата алмай әлек. Алдымен алдағы күндерде болатын емтиханын ойлайды. Төрт қабырғаның ішіне он шақты адамды тоқайластырған темір торда оқуға дайындалмақ түгілі, ол жайлы ойлаудың өзі мұң. Ол көп уақыт ой тұңғығының тереңіне батты. Туып-өскен ауылы, соңында қалған ағайын-туысы еске түскенде ғана барып, төмен салған басын жоғары көтеріп, сәл де болсын еңсесін тіктеді. Алайда, тек ертесінде ғана өз-өзіне келіп, осы уақытқа дейін оқып-тоқығандарын ой елегінен өткізуге бар күшін салды. Қолайсыз жағдайға қарамай, іштей күбірлеп, әрі-бері теңселе жүрумен болды. Сырт көздің не ойлайтынымен шаруасы жоқ. Жадында бұрын ойға тоқығандары жаңғырған сайын жанары жадырап шыға келеді. Қасындағы кісілердің қыбыр-жыбыры көбейе кетсе, тұнжыраған жүзін соларға бір қадап, қабағының қатулығын байқатқандай болады. Оның бұл қылығын бірі елесе, ал кейбірі тіпті елең-құлаң да қылмайды.

Уақытша оқшаулау орталығындағы досы темір тордан босатылатын күні Ағман таң атысымен сол жаққа жол тартты. Екеуі бір-бірімен жылап көрісті. Қала тіршілігіне қанық емес ауыл жастарының басынан өткен жағдай қақ төбелеріне қара аспанды жаудырғандай әсер еткен еді. Олар жүздеспеген бес күн екеуіне де бес жылдай көрінді. Біраз уақыт құшақтары ажырамаған екі достың ендігі мақсаттары – емтихан тапсыру. Сондықтан олар Медициналық институтқа қарай бой түзеді. Жол-жөнекей химия пәніне қатысты білгендерін бір-біріне айтып келеді. Бірнеше күн іштей күбірлеп,

өзімен-өзі дайындалған Толықбай бостандықтың буына елітті ме, әйтеуір дауысы жарқын-жарқын шығады. Тіпті, мұндай көңіл-күй қоғамдық көліктің ішінде де байқалды.

Химия пәнінен емтиханды Татьяна Ивановна деген кісі алды. Толықбай мен Ағман сынақ кезінде қатар отыруға уағдаласқан болатын. Бірақ, мұғалімдердің талапкерлерді орналастыру тәртібі олардың діттеген ойларының жүзеге асуына еш мүмкіндік берген жоқ. Екі достың арасын үш парта бөліп тұрды. Тапсырмада 18 жаттығу беріліпті. Мұғалім соның кем дегенде 8-ін дұрыс шығару керек деп қадап айтты. Толықбай алғашқы үш жаттығуға көз жүгіртіп еді, жауаптары тез табыла кетті. Сондықтан ә, дегеннен-ақ көңілін тоқ санады. Оның бұл көңіл-күйі кейінгі жаттығуларды да сенімді түрде орындауына септігін тигізді. Берілген жаттығулардың жауаптарын жазып болысымен ол барлығын қайтадан қарап шықты да, іштей «жауаптарымның кем дегенде 80 пайызы дұрыс болуы керек» деп түйін жасады. Емтихан аяқталған соң сыныптас достар институт ауласында біраз уақыт жүрді. Қатты қобалжығандықтан болса керек, олар оқу ордасындағы асханадан түстеніп алғаннан кейін де сол маңнан алысқа ұзай қойған жоқ. Күн бесінге жақындаған уақытта Толықбайдың құлағына оны емтихан алған апайы іздеп жатқандығы жайлы хабар жетті. «Не болып қалды?, «Мені неге шақырып жатыр?» деген секілді сұрақтарына ешкімнен мардымды жауап ала алмаған ол екінші қабатқа көтеріліп, Татьяна Ивановна отырған бөлменің есігін ашып қалып еді, ол жерден бірнеше мұғалімді көзі шалды. Солардың қадала қарағандығынан ба, әйтеуір Толықбай кейін шегініп, есікті қайта жаппақ болған. Сол сәтте әлгі

емтихан алған апайының «Сен Қадырбаев емессің бе?» деген дауысы естілді. «Ия, ия» деп тіл қатқан талапкер жігіт есіктен ішке қарай енгені сол еді, қасына лезде жетіп келген Татьяна Ивановна:

– Жарайсың, сен емтиханнан бес алдың. 18 жаттығудың барлығының жауабын дұрыс шешіпсің, – деп мейірін төге бетінен сүйді. Мұндай сәтті күтпеген Толықбайдың жүрегі тіпті толқып тұр. Ал, бөлме ішіндегі мұғалімдердің шынайы ықыласын сезгенде жанарынан қуаныш жасы төгілуге шақ қалды.

Жолдасының бұл жетістігін естігенде Ағман да шат-шадыман күй кешті. Емтихан қорытындысы жарияланғанда оның да жақсы нәтиже көрсетіп, жоғары ұпайға қол жеткізгені белгілі болды. Екеуі бірінші емтиханнан сүрінбей өткеннен кейін физика пәнінен болатын екінші сынаққа қызу дайындала бастады. Бір қызығы, кезекті емтиханда да екеуі бір партада отыра алмады. Талапкерлер бірінен кейін бірі мұғалімнің қасындағы стол үстінен сұрақтарды алып, тиісті жауаптарын беріп жатыр. Ал, кезек Толықбайға келгенде мұғалім:

– Сен өткен жылы да осы пәннен емтихан тапсырған жоқ па едің? Жаңылмасам, бес алған болатынсың. Қалай оқуға түсе алмай қалдың? – деп таңдана жүзіне қарады. Сол жолы орыс тілінен үш алып қалып, конкурстан өте алмағанын алға тартқан алғыр жас биыл тағы да бақ сынамақ ниетте келгендігін жеткізді. Содан соң тізіле тұрған сұрақтардың бірін қолына алды да, жауап беруге көшті. Бағына қарай өзі білетін сұрақ тап келді. Сондай-ақ, мұғалім тарапынан қойылған қосымша сұрақтардың да ол үшін жарасы жеңіл болды. Сөйтіп, бұл емтиханнан да бес алып, көңілі бір марқайды.

Ал, Ағманның айы бұл жолы оңынан туа қойған жоқ. Жанында отырған қыздардың сұрақтарына жауап беріп жатқанда мұғалім тарапынан ескерту алған болатын. Соның кесірі тиді ме, әйтеуір бұйырған сұраққа тәп-тәуір жауап бергендей болып еді, бірақ мұғалім төрт қойды да жіберді. Алда екі емтихан бар. Конкурстан өту үшін кем дегенде 20 ұпай жинау керек. Ондай мүмкіндіктің ауылы алыстағандығын сезген Ағман енді жан досының сүрінбеуін тілеп жүрді. Бір орынға 12 адам бақ сынап жатқанын жақсы білетін Толықбай кейінгі емтихандарға да мұқият дайындалды. Анатомия пәні аса ауыр бола қоймағанымен, орыс тіліне келгенде тілі күрмелді де қалды. Емтихан алған екі кісінің бірі – Қыздар институтынан келген қазақ әйелі. Соған жәутең-жәутең қарап қояды. Ойын орысшалап жеткізе алмай жатқан талапкердің талпынысына тәнті болды ма, бір кезде әлгі кісі қасындағы әріптесіне сыбырлап бірдеңелерді жеткізді де, екеуі келісе келе төрт деген бағаға тоқталғандығын айтты. Емтиханнан жүзі жадырап шыққан Толықбайдың қуанышында шек жоқ. Қол жеткізген 19 ұпайына қой баққан бір жылы бір ұпай болып қосылады. Сонда оқуға қажетті ұпай түгенделді деген сөз.

Толықбайды жан досы Ағманның қайтадан ауылға кететіндігі қатты қинады. Екеуі арман қуып Алматыға келгенде студенттік кезенді де бірге өткіземіз деген тәтті қиялдың жетегінде болатын. Өмір ағысы олар ойлағандай емес, басқа арнаға бұрылды да кетті. Енді міне, бірі астанада қалса, екіншісі туған ауылына қайта оралмақ. Кластас достар автотұрақтың іргесінде біраз уақыт тұрды да, содан соң оңтүстікке жол тартатын автобусқа қарай аяңдады. Діттеген жерге жақындай бергенде Толықбай жолдасына:

– Ағман мен сені ауылға жалғыз жібере алмаймын. Келесі жылы сенімен бірге оқуға қайта құжат тапсырамын, – деп өзіне тым сенімді қалыпта сөз сабақтай кетті. Оның бұл сөзіне ақырын ғана жымыған досы бастапқыда әзілдеп отыр екен деп ойлаған. Бір кезде жүргелі тұрған автобусқа өзімен бірге қатар міне бастағанда:

– Ай, Толықбай сен қайда барасың? Кері қайт. Қой мұндайыңды. Сен оқуға түстің ғой. Мен келесі жылы тағы келемін. Өзіңмен бірге бір оқу орнында білім алатын боламыз, – деп оны тоқтатпақ ниетте ақтарыла сөйлей жөнеліп еді, бірақ досының райынан қайтар түрі байқалмады. Бір кезде соңына ілесе автобусқа кіргелі тұрған Толықбайдың кеудесіне қос қолын қойды да, кері қарай күш сала итеріп кеп жіберді. Артқа қарай аяқтары қиыса жылжып, бірі екіншісіне шалынғанда Толықбай жерге томп етіп құлады. Ал, ол қайта тұрғанша әлгі автобустың қарасы алыстап кеткен болатын.

* * *

Медициналық институттың Педиатрия факультетіне оқуға түскен Толықбай Алматыдағы Шевченко және Космонавт көшелерінің қиылысында орналасқан жатақханада тұрды. Бір бөлмеде 11 жігіт жатады. Ішіндегі еті тірісі – Базарбай. Ол Қызылорда облысындағы Медициналық училищені тәмамдап, бес жылдай фелдшер болып жұмыс та істеген. Сондықтан басқаларына қарағанда білері көп. Оның тарапынан «Жігіттер мынаны былай істейік, ананы былай қояйық» деген сияқты әңгімелер айтылып жатса, өзгелері бас изеумен болады. Сондай-ақ, шырт-пырт мінезі де бар. Жайбасарлықты жаны сүймейді. Бастаған ісін созбалақтамай, тез аяқтап

тастауға дағдыланған. Бөлмедегі жігіттердің көбіне онымен иық теңестіре алмай жататындығы да сондықтан. Уақыт өте келе Базарбай сертке берік, досқа адал екендігін де байқата бастады. Ол бөлмедегі шымкенттік Толықбай мен көкшетаулық Жандарбекті және оның жерлесі Алпысты өзіне жақын тартатын. Олардың ішіндегі үлкені өзі болғандықтан қажет жерде қорғаштап та жүрді. Орыспаны оп-оңды сөйлейтін ол кей-кейде жолдастарына тілмәштық қызмет те атқарып қояды. Бөлмеде бірге тұрып жатқан жігіттердің ынтымақ-бірлігінің сақталуына тигізер ықпалы да зор. Оқудың алғашқы жылы болғандықтан ауылдағы туған-туыстан пошта арқылы келетін сәлемдеме жетерлік. Сондай базарлық кімге келсе де, алдымен бөлмеде жайылған дастарханнан табылады. Бұл – барлығына ортақ тәртіп. Толықбайға көбіне ақша келетін. Ол кезде жігіттердің барлығы бірінші қабатта орналасқан асханаға барып, қарынды бір тойғызады. Жатақхана бөлмесіндегі тіршілік осылай жалғасып жатты.

Институт қабырғасында сабақ беретін мұғалімдер шалғай ауылдардан келген қазақ балаларына түсіністікпен қарап, бастапқы кезде олардың орыс тілін үйренуіне мейлінше мән берді. Тіпті, осы санаттағы студенттерді бір айға созылатын шаруашылық жұмыстардан алып қалып, қосымша дәрістер ұйымдастырылды. Тілді толық меңгеріп кетпесе де, өткізілген дәрістер барысында сөздік қорын азды-көпті толықтырған Толықбай бос уақытында да көкейге тоқығандарын жиі қайталап, өзін-өзі жаттықтыра түсті. Әйтсе де, ол үшін орыс тілін меңгеру оңайға соққан жоқ. Жатақханада тұратын қатарластарымен қазақ тілінде сөйлеседі. Орысша тіл сындыратын өз ортасы жоқ. Алайда,

қажеттілік болғандықтан қалай да үйрену керек. Олай болмаған жағдайда, көштен қалары анық. Сондықтан бір күнде сөздік қорына бір сөз қосса да, әйтеуір ерінбей үйрене беру керек. Жалпы, бұл – қазақы ауылдардан келген барлық студенттерге тән. Орыс тілін меңгермей, дәрігер болу мүмкін емес. Оқытушылар да, олар қолданып жүрген оқулықтар да тек орыс тілінде сайрайды. Бастапқы кездерде тек қазақша сөз сабақтап жүрген Толықбай уақыт өте келе өзге замандастары секілді әңгіме арасында орысшалап шүлдірлеуді де шығарды. Әсіресе қазақ мектебін бітірген Алпыс екеуі бірдеңелерді айта жөнелгенде биік шынды бағындырғандай бір марқаяды. Оларды сырттай бақылайтын Базарбай мен Жандарбек кейде күлкіге қарық болса, енді бірде қия кеткен сөздерін түзеп, жөн сілтейді.

Бірінші курстың бел ортасына келген кезде Толықбай да, оның жолдастары да оқу ордасына бой үйрете бастады. Жатақханада бірге тұратын жігіттердің тіршілігі де бір ізге түскен. Қысқы сессияның басталуына санаулы күн қалғанда Толықбай жалғыз өзі Шевченко көшесінің бойында келе жатып, екі-үш қабатты бірнеше ғимараттары бар бір мекеменің сыртқы қорғанында ілінген кішкене қағазға көзі түсті. Онда жылу қазандығына от жағатын жұмысшы қажет екендігі жазылыпты. Көп ойланып, бас қатыра қоймаған ол із суытпай сондағы жұмыс берушілерге жолықты. Оның студент екендігін қаперге алған мекеме қызметкерлері тек жексенбі күні ғана тәулік бойы жұмыс істейтіндігін, ал қалған күндерде бекітілген кестеге сәйкес түнгі уақытта кезекшілікке түсетіндігін ескертті. Олардың бұл талабына қуана келіскен студент жігіт ертесінде-ақ жұмысқа кірісті де кетті. Өзімен бірге жұмыс атқаратын екі жігіт те орыс ұлтының

өкілдері. Алғашқы кездері өз ойын оларға дұрыс түсіндіре алмай, қос тілді араластыра сөйлеп, біраз әбігерге түсті. Қатты қиналып бара жатса, қол саусақтарын қоса жыбырлатып, меңзеген нәрсені көз алдарына елестетуге тырысады. Оған құлақ асқан Володия мен Ярослав кейде тіпті түсінбесе де, ұққан адамдай ақырын бас изеп қояды. Мұндай жағдайлар көбіне ошақтағы от қалыпты жанып, қолдары сәл де босаған кезде орын алады. Ал, қалған уақыт тынымсыз тірлікке толы. Толықбай мұнда келе салысымен жұмыс киімін ауыстырып алады да, содан соң сыртқа шығып, темір арбамен көмір тасуға кірісіп кетеді. Кемінде екі-үш сағаттай осындай іспен айналысады. Ал, басқа жұмыстарды орыс ағалары атқарады. Олар студентке жеңілдік жасап, тек көмір тасу ісін ғана мойнына жүктеген. Осы мүмкіндікті Толықбай пайдаланып, түннің бір уағына дейін сабаққа дайындалады да, содан соң азды-көпті көз іліп те алады. Ол үшін жексенбі – ең ауыр күн. Күндізгі уақытта көмір тасу ісімен бірге от жағуға да қатар араласатындықтан кешке дейін бойындағы күші сарқылып, әбден қалжырайды. Кейде тіпті, бұл іске енді дауаламастай күй кешетін кездері де бар. Әйтсе де, уақыт өте келе ол бұған да бойын үйретті. Аптасына үш рет кезекшілікке түсетін студент жігіт алғашқы жалақысын алғанда өз көзіне өзі сенбеді. Есепші әйел қолына жүз сомды санап берді. Ашылған сол алақанынан қаншалықты сездірмейін десе де діріл байқалады. Бір жағынан өз еңбегімен тапқан алғашқы жалақысы болғандықтан көңілі де толқып тұр. Ол тұла бойын билеп алған қуанышын жатақханадағы жолдастарымен бөлісуге асықты. Жалақысын алған бойда Космонавт көшесіне қарай қос аяғын жылдамдата басып, жүйрік тұлпардай жүйткіп келеді. Көп уақыт

жоғалтпай, жатақханаға келген ол өз бөлмесіне кіргенде Жандарбек оның жанарынан біраз жайға қаныққандай болды ма, әйтеуір «Толықбай қатты толқып тұрсың ғой, ауылдан ақша келген-ау шамасы» деп өз топшылауын айтып қалды. Сол-ақ екен, ол «Кәне, жігіттер төменге түсейік» деп жолдастарын жетелей алып кетті. Көштің алдына түсіп алған Толықбай бірінші қабатқа келгенде соңына ілескендер бағытты асханаға қарай бұратын шығар деп ойлаған. Алайда, көп бастаған жігіт сыртқа қарай шығып, жолдастарын Космонавт көшесінің бойында орналасқан шағын мейрамханаға алып келді. Кіре сала қызметте жүрген қыз балаға тапсырысты үйіп-төккен Толықбай жайылар дастарханның басына жолдастарын жинады да, «Жігіттер, мен бүгін алғашқы жалақымды алдым. Бүгінгі тойдың бар шығыны менің есебімнен» деп дауысына екпін қоса сөйлей жөнелді. Мән-жайды содан кейін ғана ұққан жора-жолдастары оның бұл ниетін құп көріп, қуанышты кештің көрігін қыздырды.

Болашақта балалар дәрігері болатын курстастар алғашқы үш жылда кітапхана табалдырығын тоздырып, оқуға шындап ден қоюларына тура келді. Орыс тілін үйренумен қатар, осы тілде жазылған кітаптарды көкейге тоқу көп қажырлылықты қажет етті. Толықбаймен бір бөлмеде тұратын жігіттер мұндай қиындықтарды жеңе де білді. Үш жыл бойы білім алу жолында мұрындарынан шаншылған олар төртінші курсқа келгенде ғана ес жиғандай болды. Өзгелеріне қарағанда өр мінезі басым Базарбай білім алумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, көзге жақсы қырынан танылған соң оны оқу ордасының басшылығы Комсомол комитетінің төрағасы етіп қойды. Жауапкершілігіндегі

жұмыстар басшылықпен етене араласа жүріп жүзеге асырылатын болғандықтан көптің көңілінен әрдайым шығу мүмкін емес. Кейде тәртіптен тайқыған таныс жолдастарына да дауыс көтеріп жатады. Оның мұнысын дұрыс қабылдайтындар да, сондай-ақ теріс түсінетіндер де табылады. Бірде құрамында Педиатрия факультетінің мұғалімдері бар топпен бірге жатақханадағы кезекті тексерісті жүргізіп жатқанда үшінші қабатта бір қызбен сөйлесіп тұрған Талғат атты курстасы комиссияны елең-құлаң қылмай, орынсыз қылықтар көрсеткен еді. Базарбай оны тәртіпке шақырмақ ниетте:

– Талғат, мынау жат қылығың жарамайды. Дұрысы, өз бөлмеңе кеткенің дұрыс, – деп қадала бір қараған.

Осы оқиғадан кейін ертесінде әлгі курстасы Базарбайды жатақхана іргесіндегі моншаның жанында кездестірген бойда «Сен есірген екенсің» деп, ай-шайға қарамай, оң қолын алға ұзата тұмсықтан соқпақ болып әрекет етіп еді, қарсыласы басын кері жылжытты да, ол ойының жүзеге асуына мұрша берген жоқ. Бұл сәтсіздікке ызаланған Талғат жерге еңкейіп барып қолына бір тас алды да, Базарбайдың басына қарай бар күшімен лақтырып кеп жіберді. Қарсыласы тағы да сақтық шараларын жасамағанда желке тұсына бағыт алған әлгі тас миын оңдырмай шайқалтып жіберуі де ғажап емес еді. Бұдан кейін екеуі бір-бірімен арпалыса кетті. Талғат Базарбайдың костюмін төменгі жағынан жоғары қарай сыра келе оның басына көмкеріп, ізін ала соққыны төкпелетпек болған. Сол мезетте сырт киімін толық шешіп үлгерген Базарбай жедел қимылдай отырып, қолындағы костюмді Талғаттың басына жапқан бойда оның тұмсық тұсына оң аяғының тізесін екі-үш рет сілтеп үлгерді.

Қарсыласы есенгіреп қалған болса керек, бас көтеруге шамасы келмей, жерге етпетінен құлады. Қатты ашуға булыққан Базарбай оның шашынан ұстап, басын сәл көтерді де:

– Есіңде болсын, мен ешкімге тектен-тек тиіспеймін, ал маған орынсыз киліккендерге кешіріммен қарай алмаймын. Менің жыныма тимегін, – деп қолын босатты да, жатақханаға қарай бет түзеді. Олардың жан алып, жан беріскен тайталасына кейбір студенттер де куә болған еді. Олар бойымен дене бітімі қарсыласынан анағұрлым кішкене болса да, қайтпас қайсарлық мінез танытқан Базарбайды көп уақыт сөз етіп те жүрді. Бұл жағдай шымкенттік жігіттердің қытығына әбден тисе керек, олар жерлесінің қызылордалық жігіттен таяқ жегеніне әжептәуір қынжылды. Алайда, мән-жайды басқаларынан жақсырақ білетін Толықбай курстас жолдасы Базарбайдың әрекетін құптады. Мұнысын жерлестерінен жасырған да жоқ. Бір күні оның бөлмесіне студенттер арасында «борец» деген лақап атқа ие, шымкенттік Шырынбек деген жігіт кіріп келді де:

– Толықбай, сен жерлестеріңді сатып кеттің. Талғатты қорғаудың орнына қызылордалықтардың сөзін сөйлеп жүрсің. Шық сыртқа, сенімен сөйлесетін гәп бар, – деп қатулы қабақ танытып еді, бұған шамдана қоймаған жерлесі:

– Сен мені сатқын дегенше, анау «дурагінді» түзеп ал, – деп бір ауыз тіл қатты да, ізін ала сыртқа қарай шығуға бет алғаны сол еді, олардың әңгімесіне Базарбай араласып, «Шырынбек, сен не былшылдап тұрсың. Толықбайда не шатағың бар. Сыртқа шыққың келсе, жүр менімен бірге, – деп орнынан өре түрегелді де, «борецті» жетелей өзімен бірге алып кетті. Оларға Толықбай да

ілеспек болған, бірақ жолдасы араласпауды сұрады. Бөлмеден шыққан бойда Базарбай:

– Мені жақсылап тыңдап ал. Әлгінде Толықбай айтпақшы, алдымен ана «дурагінді» адам қылындар. Егер, жағдайды ушықтыратын болсаңдар мен оны да, сені де мына бір ғана саусағыммен өлтіріп тастаймын, – деп сұқ саусағын Шырынбектің қос көзіне бағыттап тұрып, ашу тұлпарына шындап мінгендігін байқатып еді, оның бұл қайсарлығынан секем алған «борец» әңгіме арнасын басқа жаққа бұрды да, өзара келісімге келуге ыңғай танытты. Сөйтп, туындаған даудың түйіні сыртқа шықпай-ақ шешілді.

Үш жыл бойы сабағымен бірге жылу қазандығындағы от жағу жұмысын қатар алып жүрген Толықбай төртінші курстан бастап қаладағы ауруханалардың біріне фельдшер болып қызметке орналасты. Жүктелген істерді жүйелі, тиянақты атқаруға бейіл ол әсіресе егу жұмыстарында ерекше көзге түсті. Ептілігінен бе, әлде қолының жеңілдігінен бе, әйтеуір қай палатаға кезекшілікке түссе де, ондағы кісілердің ыстық ықыласына бөленіп жүрді. Тек тиесілі жұмысын атқарып қана қоймай, палатадағы сырқат кісілердің жабырқаулы көңілін жадыратуға сеп болатын тәсілдерге де көшті. Бұл бағытта әзілді араластыра әдемі өрбітетін әңгімесі басты рөл атқарды. Толықбай жұмыс барысында жүйкеге кері әсерін тигізетін қандай жағдай туындаса да, ашуға бой алдырмауға тырысты. Әсіресе, емделушілердің алдында мұндай күйзелісін еш білдірмейтін. Оның осындай жақсы қасиеттеріне аурухана дәрігерлері де дән риза болып, болашағынан үлкен үміт күтетіндігін жасырмады. Олар студент жігіттің біліктілігінің артуына барынша қолғабыс жасады. Ауруханада

жинақтаған тәжірибесі студенттің оқу үлгерімінің анағұрлым жақсаруына да септігін тигізді. Күнделікті жұмыс барысында өзі бастан кешіретін медициналық жағдайлар мұғалімдер тарапынан айтыла қалса, «тілегені іздемей-ақ табылғандай» тамаша күй кешеді. Ал, оған қатысты сұрақтар қойыла бастаса, қол көтеріп, жауап беруден жалыққан емес.

Медициналық институттағы алғашқы үш жыл кім-кімге болсын жеңіл тиген жоқ. Толықбаймен бірге тұратын жігіттердің барлығы кітап беттеріне үңіліп, білім көшінен қалмау жолында маңдай терін аямай-ақ төкті. Тек төртінші курстан бастап қана оқулары сәл де болсын жеңілдеп, студенттік өмірдің қызықты сәттерін бастан кешіруге мүмкіндік алды. Араларында шынайы достық қарым-қатынас қалыптасқан Базарбай, Жандарбек, Алпыс және Толықбай әр сессиядан кейінгі демалыс күндерде бір-бірінің ауылына баруды дағдыға айналдырды. Осы үрдіспен бірінші Көкшетауға жол түсіп, онда тұратын Жандарбек пен Алпыстың үйінде қонақта болды. Сұлу Көкшенің баурайын мекен еткен олар курстастарын таңғажайып табиғат аясында көл-көсір дастархан жайып күтіп еді. Сондай-ақ, Базарбайдың жерлес қызы, әрі курстасы Светаны өзіне жар етіп, Педиатрия факультетінің күйеу баласы атанған Қайырбек те сол жолы өзінің қонақжайлығын көрсеткен. Бірі қызылордалық, ал екіншісі шымкенттік болғандықтан бар қошемет Базарбай мен Толықбайға арналды. Қонақтарға дастархан жаю кезегі Жандарбекке келгенде бір қызық жағдай болды. Қасапшы кісі қолына пышағын алып, қораға кіргенде сойылуға тиісті қой онда болмай шықты. Жақын маңдарды жағалап бір көрді. Әлгі қой жоқ. Бұл хабар Жандарбектің құлағына шалынғанда ол

үйде отырған курстастарын сыртқа шығарды да: «Ет жегілерің келсе, жоғалған қойды табайық» деп әрқайсысына бағыт сілтеп, жан-жаққа шашыратты да жіберді. Толықбайға көзге жақын көрінгенімен, жүрген адамға әлдеқайда қашық қыратты жерлер бұйырды. Ол аяғын жедел басып алға жылжып келеді. Жан-жағына көз жүгіртіп, жіті торуылдап та қояды, бірақ іздеген қойының көрінетін түрі жоқ. «Қыр асып кетті ме екен?» деген оймен жүрісін үдете түсіп, араға жарты сағат салып барып қана дйттеген жеріне жетті. Алайда, мақсатына қол жеткізе алмады. Жерде шопан ата түлігінің сан түрлі ізі жатқанымен, ол маңайда маңыраған бірде-бір дауыс естілмейді. Қырдың арғы-бергі жағы да тым-тырыс. Толықбай қой іздерін алғаш байқағанда ең болмағанда қойшылардан жоғалған түлік жайында ақпар аламын деп дәмеленген еді. Ол ойы да жүзеге аспады. Содан соң әрі қарай жол жүруді күп көремеді де, келген ізіне қайта түсіп, Жандарбектің үйін бетке алды. Ол келгенде даладағы қазанда ет асылып жатыр екен. Жоғалған қой алыстан емес, жақын маңайдан табылыпты. Ал, жолдастары үй іргесіндегі бақта әңгіме-дүкен құрып тұр. Із кесуші олардың жанына барғанда Алпыс:

– Сен қой іздеймін деп бүкіл Көкшетауды аралап келгеннен саумысың? – деп езу тарта қарап еді, Толықбай айлаға көшіп:

– Жандарбек бізден табиғаттың керемет жерлерін жасырып отыр екен ғой. Анау көзге еміс-еміс көрінетін қырдың арғы бетінде адам көзі тоймайтын таңғажайыптар бар. Әсіресе, суретшілерге таптырмас табиғат көріністерін сол жерден кездестіруге болады, – деп тебірене сөйлеп кетіп еді, курстастарының көңілі сол жаққа ауды да, ет жеп болған соң олар да қыр жағалауды ұйғарды.

Қырдың үстіне шыққанда сұлу Көкшеге көз жүгірткен курстас достар күн қарайғанға дейін табиғат көріністерін тамашалаумен болды. Көшті жергілікті жігіттер емес, Толықбай бастап жүрді. Ол әлгіндегі өз ізіне түсіп алып, «ананы, мынаны көріндер» деп қолын әрі-бері сермеп қояды. Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығын бірге көріп жүрген жолдастар арагідік шағын дастархан жайып, табиғат аясында кішігірім той мәзірін жасауды да ұмытпайды. Әңгімелері мен әзілдері де жарасымды. Көкшетауда өткен бұл күндер әсіресе Базарбай мен Толықбайдың жүрегін қатты толқытты. Олар өз ауылдарына барғанда да, Алматыға қайта келгенде де сұлу Көкше жайлы әңгімелеуге бейім тұрды. Сондай-ақ, курстас достардың Қызылордаға барған сапары да есте көп уақыт сақталатындай болды. Базарбай өз жолдастарын барын сала қарсы алып, шынайы қонақжайлылығын көрсетті. Сырдарияның суына шомылдырып, балығынан дәм татқызды. Сыр елінің қырманын аралатып, ондағы қырмызы қыздармен де таныстырды. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Базарбай алыстан ат арытып келген жолдастарымен бірге әрбір күнді барынша әсерлі өткізді.

Толықбайдың үйіне алғаш барарда тек Базарбайдың ғана жолы түсті. Жандарбек пен Алпыстығыз шаруалары шыққандықтан өз ауылдарына кетті. Шымкентке қарай бағыт алған бұл жолғы сапар Толықбайдың кластас досы Жеңістің үйлену тойына тұспа-тұс келген болатын. Курстастар алдымен Бейсеннің қара шаңырағына барды. Ұста кісі жайында досынан көп естіген Базарбай оның бөлмесіне кіргенде «Ассалаумағалейкум» деп қолын ұсынып, сол аяғын төмен тізерлей отыра кетті. Ізін ала жолдасы да оның жанына келіп

жайғасты. Бейсен алдымен екеуіне кезекпе-кезек көз жүгіртіп, содан соң әңгімеге тартты:

– Толықбай, мына бала кім болды?

– Менімен бірге оқитын досым ғой, ата. Есімі – Базарбай.

– Бәрекелді. Қай жақтікі боласың, қарағым?

– Қызылорда облысының тумасымын.

– Сабақтарың қалай, жақсы ма?

– Ия, көштен қалмай білім алып жатырмыз.

– Дұрыс. «Білімді мыңды, білікті бірді ғана жығатынын» ұмытпаңдар. Сендерді әке-шешелерің сонау жердің түбіне білім алып, адам болсын деп жіберді.

– Ата, Толықбай екеуміз ата-анамыздың үмітін ақтаймыз деп Алматыда жүрміз ғой. Сіздің тәрбиенізді алған балаңыз білім алуға бар күшін жұмсап жатыр.

Осылайша өрілген әңгіме желісінен кейін курстас достар сыртқа шықты да, етікші ұстаның ұстаханасына барды. Ішіне кіре сала Базарбайға досы құрал-саймандарды көрсетіп, тіпті оларды қалай қолданатынына дейін тәптіштеп айтып құрақ ұшты. Оның бұл әрекетінен бала кезінде ұсталық мектептен тәлім алғандығы байқалып-ақ тұрды. Бір уақытта Толықбайға курстас досы:

– Сен Бейсен атаңның реңін байқадың ба? Сұрланып кеткен тәрізді ғой. Қаны аз ба, қалай өзі? – деп бойындағы күдігін жеткізіп еді, Толықбай:

– Ия, дұрыс байқапсың. Есінде ме, мен Алматыдан ауылға қарай шығарда бір коньяк сатып алып едім ғой. Соны атама ішкіземін. Ол кісі мен дәрі алып келдім десем еш қарсылықсыз іше береді. Қазір көресің, – деп жолдасын қасына ертіп алып, атасының бөлмесіне қайта кірді. Бейсен төрде жалғыз өзі отыр екен. Оның қасына жайғаса кеткен Толықбай:

– Ата, сіздің қаныңызды көбейтетін бір дәрі алып келдім. Қазір сізге құйып берейін, ащылығына қарамай алып тастаңыз, – деп еді, Бейсен «құй онда, балам» деп қолындағы құтысын ұсынды. Сөйтті де, қан түстес суды сіміріп кеп жіберді. Содан соң, «ем болсын» деп аллаһуакпарын айтып, қос қолымен бетін бір сипады. Бір кезде Толықбай әлгі «дәрі» өзінде болатындығын ескертті де, досымен бірге сыртқа шықты. Жолдасы айласын асырып жатқанда езуін күлкі қысып, өзін әрең ұстаған Базарбай сыртқа шыққан бойда:

– Ай, ку Толықбай, сенің таппайтын қулығың жоқ-ау, – деп ентіге эзер сөйледі де, қарқылдап бір күліп алды. Бұдан соң екеуі іргедегі екінші үйге барды да, кешке болатын үйлену тойына дайындыққа көшті.

Күн қарая бастаған шақ болатын. Курстас достар тойға арналған киімдерін киіп, үйден шығуға енді бет алғанда алдарынан Бейсен кездесті де:

– Толықбай балам, сенің маған берген дәрің жаныма майдай жақты. Басым жайланып, бойым тіпті сергіп қалды. Қарағым, сол дәріңнен тағы бар ма? – деп телміре қарап еді, Базарбай жолдасынан бұрын коньякты алып келіп, құтыға аздап құйып берді. Лезде сіміріп тастаған ақсақал өз жөніне кеткен бойда оның қылығына екі дос та шексілесі қата күліп алды. Ертесіне Бейсен Пілэлдің отбасы тұратын үйде демалып жатқан екеуін қатар шақыртып алды да, алдымен Толықбайға қарап тіл қатты.

– Балам, кеше тойға барыпсындар ғой. Қай жерінде отырдың?

– Базарбай досым екеуміз төрде отырдық, ата.

– Жарайсың. Қонаққа барғанда әрдайым төрде отырғын. Бірақ, сол орынға лайықты қадірің де болуы керек, қарағым. Ал, тойда сөз сөйледің бе?

– Ия.

– Қалай сөйледің?

– Жұрттың айтатын тілегін мен де айттым ғой.

– Есінде болсын балам, көпшілік жиналған орында елді аузыңа қаратып сөйлеуің керек. Ол үшін жаттанды сөздерден аулақ бол. Аузыңнан шыққан сөздерің жүректерге жетіп, тебіренге алса ғана көптің бірі емес, бірегейіне айналасың. Сен болашақ дәрігерсің. Алдыңа ауырып келген адамды тек дәрі-дәрмекпен ғана емес, жанға дауа болатын жылы сөздеріңмен де емдеуің керек.

– Түсіндім, ата.

– Ал, Базарбай құлыным, сенің жүріс-тұрысың, сөз саптауың маған ұнады. Жаңғақтай ұл екенсің. Сірә, тегің қасиетті болса керек. Анау-мынау бала емес екенің көрініп тұр.

– Жоқ-а, ата. Ата-бабаларым қарапайым шаруа кісілер болған.

– Білмеймін, сенің бойыңда ерекше бір қасиеттер бар. Ол тегіңнен берілмесе, қайдан келді дейсің. Жарайды, қайда жүрсендер де аман болыңдар. Бір-бірлеріңді досым деп таныған екенсіңдер, сол достықтарың берік болсын. Өздеріңе Қызыр бабам қашанда серік болсын. Әумин!

– Айтқаныңыз келсін, ата.

Өмірден көргені, түйгені көп Бейсен ақсақалмен арада өрбіген әңгіме Толықбай мен Базарбайға айрықша әсер етті. Әсіресе, ол кісінің әңгімесін алғаш тыңдаған қонақ жігіттің толқынысы тым бөлек. Ол жолдасына таңырқай қарап тұрып:

– Досым-ау, сенің атаң ақылы асқан дария ғой. Мұндай кісінің қолында тәрбиеленген сен де осал болмассың. Көрегендігін айтсайшы, менің тегімнің қасиеті барын қалай ғана тауып айтты, – деп тебірене сөйлей кетіп еді, жанындағы курстасы:

– Базеке, сенің бізден жасырып жүрген бір сырың бар-ау осы. Іштен тұна бергенше, досыңмын ғой сыр бөліспейсің бе? – деп қолқа салды.

Біраз уақыт ойға шомған Базарбай көп жылдардан бері ішінде сақтап келген құпиясының құлпын ашты.

– Толықбай, мен қазір саған біздің әулеттің жан біткеннен жасырып келген құпиясы жайында айтқалы тұрмын. Алдымен, «бұл жайында ешкімге тіс жармаймын» деп уәде бер.

– Маған бек сенуіңе болады. Уәде беремін.

– Ендеше тыңда. Менің бабам Мұстафа Шоқай деген кісі болған. Ол бүкіл түркі тілдес халықтардың тәуелсіздігі үшін күрескен адам. Кеңес Одағының қысымын көргендіктен өмірінің соңғы жылдарын шетелде өткізген. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Еуропа елдерінде, әсіресе Германияда көп жүрген екен. Құғында жүрсе де, өз ұлтының қамын ойлап, соңына мол мұра қалдырған көрінеді. Бірақ, біздің елдегі саясат оны «халық жауы» деп танығандықтан ол жайында ауыз ашудың өзі қылмыспен тең. Саған сеніп қана бұл жайында айтып отырмын.

– Бәсе, мен де сенің тегін адам емес екендігіңді сезіп жүретінмін. Қайсарлық мінезің өз алдына бір дастан, сондай-ақ бойыңда бірнеше текті қасиет бар. Бейсен атам «тегіңнен берілмесе, қайдан келді дейсің» деп текке айтпаған екен ғой. Базеке, маған сен, арадағы әңгіме осы жерде қалады.

Студент жігіттің курстасымен бірге ауылға келгенін білетін кластас достары Тайман, Ағман, Есенгелді және басқа да жора-жолдастары кезекпе-кезек үйлеріне шақырып, шынайы қонақжайлық пейілдерін көрсетті. Екі күн бойы солардың қошеметін көрген курстас достар Алматыға кетердің

алдында Шардара ауданына баруды ұйғарды. Онда Толықбайдың анасы Ақтамақтың қара шаңырағы бар.

Болашақ дәрігердің Жаушыбынға табан тіремегеніне де біраз уақыт өткен. Көбіне өсіп-өнген ауылына барып, басқа жаққа жолы түсе қоймады. Әскердегі ағасы Серікбай аман-есен ауылға оралғанда бір келіп еді. Содан кейін көп ұзамай оның үйленгенін естігенімен оқудан босай алмаған. Курстастар дйттеген жеріне жетіп, Ақтамақтың үйіне келгенде шаңырақта қос кейуана мен оларға шай құйып отырған денелі бір келіншек ғана болды. Кенжесін көрген бойда орнынан апыл-ғұпыл тұрып, «құлыным, құлыным» деп алға жылжыған Ақтамақ алдымен Толықбайдың, содан соң қасындағы жолдасының маңдайынан иіскеді де, оларды төрге қарай оздырды. Амандық-саулықтан соң Ақтамақ келініне мойынын бұрып:

– Қарағым, Шаштыгүл апаңның қасында отырған мына Толықбай сенің қайның болады. Ол жайында бұрын да естіген боларсың. Дәрігер боламын деп талпынып жүр.

Ал, балам сендерге шай құйып отырған келініміздің аты – Тоқтыгүл. Руы – Алғи. Өден жеңгенмен рулас. Әкесі – Қантай деген кісі, – деп бірсыпыра таныстырды да, содан соң кенжесінен қасындағы жолдасы жайында сұрады.

Кешке қарай жұмыстан келген Өзбекбай мен Серікбай туған бауырын көргенде жүректері жарылардай қуанды. Кезекпе-кезек құшаққа алып, арқа-жарқа күй кешті. Екеуі де техника тілін меңгеріп, бірі ауданға алғаш келген К-700, ал екіншісі жер жыртуға қолайлы Дт-75 тракторын жүргізеді екен. Үстіндегі киімдеріне көз жүгірткен адам оларды тракторшы деп ойламайды. Кеңседе

отырып, іс атқаратын қызмет адамдарынан кем емес. Мойындарында галстук болмаса да, екеуі де костюм киіп алған. Онысы тап-таза. Қыртысталған жерлері жоқ. Оларды осындай күйде көрген Базарбай да аңтаң. Досының киім-кешекке деген ұқыптылығы осы ағаларынан жұққан-ау деп ойлап қояды. Оның таң қалғаны бір бұл ғана емес. Қонақ болған екінші күні Толықбай екеуі ауылдағы бір Дт-75 трактордың шынжыр табанын қозағалысқа түсіретін қосымша бөлшекті көтерісуге барған болатын. Жан-жағына қаумалап, жұмыла көтерген жігіттердің талпынысы екі-үш рет сәтсіздікке ұшырады да, соның салдарынан күштері әбден сарқылды. Сол уақытта олардың қасына келе қалған Серікбай әлгі темірді жалғыз өзі көтеріп, өз орнына күмп еткізе қоя салғанда, оның бұл бұла күшіне тәнті болмаған адам жоқ. Тағы бір қызықты қараңыз, сол күні түс ауа Базарбай 50 кг-дай тартатын бір қап ұнды оң қолымен бел тұсына қапсыра құшақтап емін-еркін көтеріп келе жатқан Серікбайдың келіншегі Тоқтыгүлді көріп қалды. Сол мезет өз көзіне өзі сенбеді. «Құдайдың қос алыпты қосқанын қарасайшы» деп таңдайын қайта-қайта қақты. Қонақ жігіт Жауышыбында жүрген үш күн ішінде олардың дархан пейілдеріне де куә болды. Ағасы Өзбекбай мен жеңгесі Әденді әбігерге түсіргісі келмеген Серікбай келіншегі екеуі студент жігіттердің қас-қабағын бақты. Қолда барын алдарына салып, аспа-төк дастархан мәзірін жасады. Кешке қарай олармен бірге әңгіме-дүкен құрып, түннің бір уағына дейін көз ілмей де жүрді. Сондықтан болса керек, хан келгендей күткен Қадырбайдың әулетіне Базарбай да қатты риза болды. Әсіресе, Серікбайдың тау қопарардай бұла күшіне тіпті аң-таң. Оның бұл толқынысын байқаған Толықбай реті келгенде:

– Досым-ау, сенің көргенің жұрттың көзі үйренген жай ғой. Бірде мен бұл ауылға сыныптас досым Ағманмен де келгенім бар. Сол жолы ағайын-туыс жиналған дастархан басында Серікбай ағамыз Жаушыбындағы алып денелі мықтылардың өзі ұрып сындыра алмаған тоқпан жілікті қос қолымен қысып тұрып, қақ ортасынан бытырлата бөліп жібергенде «шақшадай көзіміз шарадай болған». Ақынжанды Ағман досымның жүрегі тіпті толқыса керек, әлгі көріністен кейін дүйім жұрттың алдында «Секе, сіздің бойыңызға Қажымұқан атамыздың күші дарыпты ғой» – деп баға беріп еді.

Бір-біріне деген достық ықыластары күн санап артқан курстастар ауылдан Алматыға қонақ болып қай-қайсысының туысы келсе де, жұмыла қарсы алып, бірлесе қошемет көрсетуді дәстүрге айналдырды. Бірде жатақханаға Толықбайдың жеңгесі Салқын қонаққа келді. Оң қолында екі жасқа енді ғана аяқ басқан кенже қызы Сәуле, ал сол иығында ауылдың базарлығы салынған қазақы оюмен өрнектелген қос дорбасы бар. Салқын – Бейсеннің үлкен ұлы Білләнің келіншегі. Ауылдағы дүкенде сатушы болып жұмыс істейді. Толықбай оның қолын ұзартқан қайнысы. Дүкеннің шаруашылық жұмыстарына оны етене араластыратын. Әсіресе, қарызданған жұрттан ақша жинау ісін мойнына жүктеп қойған. Бұл жағынан Толықбай өте пысық. Ауылды аралауға бір шыққанда тиесілі қаржыны толық жинап келмесе де, басым бөлігіне қол жеткізеді. Сондай-ақ, жеңгесіне жиналған ақшаны тиын-тебеніне дейін санап бергенде жаңылысқан сәті жоқ. Салқынның қасында жүріп, саудаға араласқан кезі де аз емес. Сырттай оңай болып көрінгенімен, бұл жұмыстың да бұралаң жолы көп. Алайда, табандылық

танытқан Толықбай жеңгесінің үдесінен шықты. Оны «Шырақ» деп атап кеткендігі де сондықтан.

Ауылдан кісі келгендігін ести сала бірінші қабатқа Толықбаймен бірге Базарбай да түсті. Қызының кішкентайлығына, қолындағы жүгінің ауырлығына қарамай, алыстан ат терлетіп келген Салқынды алдымен өз бөлмелеріне апарды. Жайылған дастарханға ауылдың жеміс-жидегі, құрт-майы, бал татитын бауырсағы қойылғанда көздің жауын аларлықтай жайнап шыға келді. Бөлмедегі студент жігіттер құдды ауыл көшіп келгендей арқа-жарқа мез. Бір уақытта Базарбай қасындағы Жандарбек пен Алпысты жетегіне алып, бөлмеден ақырын шықты да, арада сүт пісірімдей уақыт өткенде тек өзі ғана қайта кірді. Көңілі тоқ. Толықбайға көз жүгіртіп, «Қам жеме, барлығын қатырып қойдым» дегендей кейіп танытады. Оның мұндай толқынысты сәттері Толықбай үшін таңсық емес. Ол бір мәселенің түйінін шешсе немесе ойға алған істің нәтижесіне қол жеткізсе осылайша жүзі жадырап, жүрегі ерекше толқитыны бар. Онысы айналасына айнадай көрініп те тұрады. Базарбайдың тектен-тек жайдары күй кешпегені Жандарбек пен Алпыс бөлмеге қайта бас сұққанда белгілі болды. Олар ішке енген бойда қонақ бөлменің дайын екендігін айтты. Кейін белгілі болғандай, үш курстас әлгінде сыртқа шыққанда қонаққа арналған арнайы бөлме әзірлеуді ойластырған екен. Сөйтіп, екінші қабаттағы бір бөлмені нысанаға алып, онда тұратын студенттерді уақытша басқа қонысқа жайғастырып үлгерген. Салқын келген күні кішкентай қызымен сол бөлмеге орналасты. Қонақ болған үш күннің ішінде бөлменің тазалығы мен кішкентай Сәуленің көңілін аулауда бірқатар студент қыздардың қолғабысы тиді. Бірінші күні

Толықбайдың Зәуреш атты курстасы Салқынның қолын ұзартқан болатын. Сол күні кешкісін жеңгесі қайнысына:

– Шырақ, бүгін қасымнан бір елі кетпеген Зәуреш тәрбиелі қызға ұқсайды. Жұмсақ мінезді, ісі де тиянақты екен. Сенің оқу бітіруіңе Құдай қаласа аз уақыт қалды ғой. Әлгі қыз бізге келін болуға лайықты сияқты, – деп қолқа салғандай болып еді, Толықбай ақырын жымың қақты да:

– Жеңге, Сәуле екеуіңізге алдағы күндерде де қызмет көрсететін қыздар бар. Соларды да бір сынап көрмейсіз бе? – деп «Тақиялы періште» тақырыбын ширата түсті. Ертесіне жеңгесінің бөлмесіне тағы бір курстас қызы кезекшілік жасады. Кешке қарай Салқын:

– Шырақ, бүгін қасымда болған әлгі қыз тіпті пысық екен. Тірлігі тып-тинақтай. Әй, осы қызды келін қылсақ қайтеді, – деп аңсары шындап ауғандығын байқатты. Ал, үшінші күні бір емес, екі қыздың қызметін көрген Салқын ауылға қарай аттанар алдында:

– Шырақ, өзіңмен бірге оқитын қыздар бірінен-бірі асады екен. Сыртта жүріп, әбден пысыған қайнымсың ғой. Қыз таңдау ісін өзіңе қалдырайын. Жүрегіңнің қалауы білсін, – деп соңғы түйінін айтты.

Толықбайдың студенттік кездегі ортасы бірлігі мен ынтымағы жарасқан қыз-жігіттерден құралды. Білім жолында да, қоғамдық жұмыстарда да, былайғы тіршілікте де бір-бірінің көңіліне сызат түсірерлік істерге мойын бұрған жоқ. Әсіресе, Базарбай, Жандарбек және Алпыспен арадағы қарым-қатынас шынайы достық негізінде өрбіді. Бастарына қандай іс түссе де, әрдайым бірлесе көтеріп жүрді. Ал, Медициналық институтты

бітіріп, қолдарына диплом тиген кезде олардың бойында жалындаған қимастық сезім сөзбен айтып жеткізерліктей емес еді. Әрқайсысы өз туған жеріне аттанар кезде Базарбай:

– Біз студенттік өмірдің қызығы мен қиындығын бірге өткіздік. Бойымызда бір-бірімізге деген достық сезім бар. Сондықтан қай жерде жүрсек те, қандай қызмет жасасақ та қайталанбас студенттік кездерімізді, әсіресе бір-бірімізді ешқашан ұмытпауымыз керек, – деп тебірене сөйлей кеткенде оның да, жанындағы достарының да жүректері елжіреген болатын. Тіпті, олар көз жанарларынан мөлтілдеп аққан жасты да жасыра алмады. Ия, болашақ ақ желеңді маман иелері осылайша қоштасып еді.

ІІІ БӨЛІМ

Жоғарғы оқу орнын абыроймен аяқтаған Толықбай өсіп-өнген ауылына оралғанда туған-туысқандарының қуанышында шек болған жоқ. Атасы Бейсеннің қара шаңырағына құтты болсын айтып келген кісілердің қарасы тіпті көп болды. Меңлібектің кіндігінен өрбіген Тағай, Бейсен және Қадырбайдан тараған ұрпақтардың арасында дәрігер мамандығына қол жеткізген жалғыз өзі болғандықтан Толықбай әп-сәтте әулеттің мақтанышына айналып шыға келді. Ол осы қошеметтің буына елітті ме, әлде жұрт қуанышының шырқын бұзбайын деді ме, әйтеуір оқу орнынан берілген жолдама жайында екі-үш күндей тіс жармай жүрді. Атасы тарапынан «Балам, енді не істемексің?» деген сұрақ туындағанда ғана барып, «Ата, маған білім алған оқу орным Қызылорда облысындағы Арал деген ауданда жұмыс істейсің» деп жолдама берді. Сол жаққа баратын шығармын» – деді. Оның бұл жауабы Бейсеннің тұла-бойын бей-жай күй кештірді. Ол аң-таң қалыпта:

– Сонда қалай, балам. Сен біздің әулеттен шыққан жалғыз дәрігерсің. Жердің түбіне сені жібере алмаймын. Қалайда осында қалуға тиіссің, – деп тоқетер сөзін айтты.

Ауылда бір айға жуық жүрген соң Толықбай жұмыс іздеу мақсатында Шымкент қаласына келді. Онда алғаш бас сұққан жері – №6 қалалық аурухана болды. Бас дәрігері Тұрмахан Орынбаев деген кісі екен. Ол жас жігітті жылы қабақпен қарсы алды.

Алдымен сұрақтарды жаңбырша жаудырып, бір сынаған сыңай танытты. Алматыдағы іргелі оқу орнында Балалар дәрігері мамандығын игерген жігіттен:

– Кім болғың келеді? – деп сұрап көріп еді, Толықбай ойланып жатпастан «Хирург» деп жауап берді. Сол кезде бас дәрігер бір сәт ойға шомды да, сәлден соң әңгімесін әрі қарай сабақтай кетті.

– Сен оқу орнында Педиатрия факультетін тәмамдадың. Алайда, білім ордасында балалар хирургиясына қатысты тәлім алғандығыңды ескеріп, мен сені өзім басқаратын ауруханадағы жалпы хирургия ісіне тартамын. Біздің тарапымыздан өзіңе бағыт-бағдар беретін боламыз. Бірақ, оны әрі қарай алып кету тек өзіңе ғана байланысты. Жалпы хирургия – өте күрделі сала. Оның қыр-сырын кез келген дәрігер игере алмайтындығы да сондықтан. Тіпті, Медициналық институттың осы салаға қатысты факультетінде алты жыл оқыған азаматтардың арасында жүрегі дауаламай жүргендері де жетерлік. Сол себепті, саған үлкен сенім артып, хирургия бөліміне жұмысқа қабылдаймын.

Бас дәрігердің бұл ұйғарымы жас маманды қуанышқа бөледі. Бастапқыда тек жұмыс мәселесін қозғап, оқу орынынан берілген жолдама жөнінде соңынан айтуды ойлаған Толықбай аурухана басшысына бөлмеден шығар алдында көңілін күпті еткен жағдайды жайып салып еді, ол жайдары жүзбен:

– Алаңдамай-ақ қой, Аралға бармайсың. Ертеңнен бастап жұмысқа кірісе бер, – деп қысқа қайырды.

Күні ертең алғашқы дәрігерлік еңбек жолын бастамақ. Толықбайдың көңілі күн қарайғанға

дейін қобалжудың құрсауынан шыға алмады. Аурухана басшысының алдында өзін сергек ұстап, тау қопарардай көрінгені тағы бар. Балалар хирургиясы жайында теориялық білімі болғанымен іс жүзінде оны қолданып көрмеген. Ал, енді ә, дегеннен жалпы хирургияның отын көсемек. Оңай шаруа емес. Оны жүрегі сезеді. Күні бойы көңілінің сан құбылуы да сондықтан. Жолдастары Құлшыман мен Бегалымен бірге жалдап тұрған пәтерде жалғыз өзі жатқан ол өз-өзін жігерлендіру мақсатында басынан өткен жақсы жағдайларды ой елегінен өткізіп бір көреді. Алайда, айналып келіп бастапқы ойдың шырмауына шырмалады. Бір уақытта көкейіне бала кезінде Бейсен атасының ұстаханада айтқан сөздері оралды. Сол жолы ол:

– Балам, сені ә, дегеннен әдейі осы ұстаханаға алып келдім. Менің бұл кәсіппен айналысып жүргеніме талай жылдың жүзі болды. Сан жылдық тәжірибеден ұққаным, халық қай адамның ісі адал болса, соны құптайды екен. Қандай іс атқарсаң да, жан-тәніңмен беріліп істе. Әсіресе, халықаманатына адал бол», – деген болатын. Жас маманның жадында сақталған осы бір ұлағат ұнжырғасын түсірген ойдан арылтып, оның бойына қуат бітіргендей болды. Сондай-ақ, күн бата үйге келген Құлшыман мен Бегалы да дем берер әңгімелерін айтып, оның жігерін жаныды. Толықбай содан кейін ғана көңілі жайланып, алаңсыз ұйқыға кетті.

Тұрмахан Орынбаев – жаратылысынан жайдары мінезді кісі. Өмірден көрген-түйгені мол. Сондықтан өзінен кейінгі толқынға беретін өнегесі де көп. Ол жұмысқа жаңадан орналасқан Толықбайға да бар білгенін аямады. Тәуекелшіл жігітті тәжірибелі хирург Махмұт Рахымұлына серік етті. Олар операцияларды бірлесе жасайтын. Сондай-ақ, өз

істерінің нәтижесін де көріп жүрді. Бұл жағдай жас маманның жұмысқа деген құлшынысын анағұрлым арттырды. Алайда, хирургия саласының қырсырын меңгеру ол үшін оңайға түскен жоқ. Тек көрген-түйгенімен ғана шектелуге әсте болмайды. Операция кезінде бір қателік кетсе, оның адам денсаулығына кері әсерін тигізбей қоймайтынын білген ол «ондай олқылыққа жол бермеуім керек» деп түйді. Сол себепті, қолы босаған сәттерде кітапханаларды жағалап, өз білімін толықтыруды қалыпты дағдысына айналдырды. Әсіресе, жасалынатын операциялардың алдында сырқат жайындағы ілімін бір қайталап алуға айрықша ден қойды. Оның бойындағы осындай зеректік әріптесі Махмұтты қатты қызықтырды. Көрген нәрсесін көкейге тез тоқып алады. Жұмысына өте ұқыпты. Емделушілермен тез тіл табысып, сырқаты жайында көңіліне қаяу түсірмей әңгімелейді. Жау алдыра сөйлеуге құлықты емес. Жарасымды эзілі де бар. Онысын қиыстыра айтқанда палата төсегіне таңылған бәзбір ауыр сырқатты адамдардың өзі езу тартады. Толықбайдың бойынан осындай нағыз дәрігерге қажет қасиеттерді байқағандықтан Бас дәрігер Тұрмаханның да оған деген ықыласы ерекше. Өзіне жақын тартып, әрдайым көрген-білгенін үйретуден жалыққан емес. Білімді, білікті ағаның ақылын тыңдап қана қоймай, одан сүбелі нәтиже де шығара білетін жас маман көп уақыт жоғалтпай кей операцияларды өзі жасауға кірісті. Ол жауапкершілігі ауыр бұл қадамға үлкен дайындықпен барды. Бір ғана көмекші медбикемен бірге жасалатын алғашқы операция ел арасында «соқыр ішек» деп аталып кеткен сырқатқа қатысты болды. Жас хирург алдымен емделушіге жолықты. Ол жиырма жастан енді асқан жас жігіт екен.

Есімі – Қайсар. Бойы ұзын, ал денесі шымыр келген. Дәрігер оны мазалаған сырқатты анықтау мақсатында рет-ретімен сұрақтарын қоя бастады.

– Қай жерің ауырады?

– Ішім.

– Қолыңмен көрсетші, қай тұсы?

– Мына оң жағым.

– Ауруды қалай сезінесің?

– Осы жерім бүрісіп, сыздайтын сияқты болып көрінеді.

– Ал, басқа жерлерің ше?

– Білмедім, әлгі жерім сыздағанда ішім түгел ауырып жатқандай болады.

– Қайсар, қазір мен саусақтарымды денеңе батыра бірсыпыра тексеріп шығамын. Қай тұсы ауырса, маған айт.

Жас хирург осы сөзді айтып бола салысымен оң қолының саусақтарын оның кеуде тұсына қойып, ақырын төмен қарай жылжытты. Алдымен емделуші айтқан ауыратын тұсын емес, өзге жақтарын жағалап келеді. Саусақтарын денеге батыра тигізген сайын емделушінің жүзіне қарап, оның ауырсынған кейпін байқамаса, ісін әрі қарай жалғастырады. Қайсардың оң мықымынан басқа тұстарын тексеріп болған соң, дәрігер соңғы дйттеген жеріне келіп, саусақтарымен сыртқы теріні ішке қарай ақырын итере әрекеттенгені сол еді, емделуші тартыншақтай кері жылжып, «Аға, осы жер қатты ауырады» – деді. Толықбай мұнымен ғана шектелмей, оны сол жағына қарай қырынан жатқызып тағы көрді. Бұл әрекеттен кейін де Қайсардың оң мықымы ауыратындығын байқаған соң, қосымша сұрақтарын жалғастырды.

– Бұл сырқаттың мазалап жүргеніне қанша уақыт болды?

- Бір тәулік бұрын басталды.
- Дене қызуың болды ма?
- Кеше кешкісін ыстығым көтерілді.
- Жүрегің айнып, құсқың келді ме?
- Ия, ондай жағдайлар болды.

– Қайсар, саған қатысты жасалған медициналық сараптамалармен жіті танысып шықтым. Соның нәтижелері мен жаңа өзім жүргізген тексеріс қорытындысы сенің оң мықыныңда орналасқан бір шектің зақымданғанын аңғартып отыр. Бұл сырқатты медицина тілінде «аппендицит», ал халық арасында «соқыр ішек» деп атайды. Бұл ауру түрі тек хирургиялық жолмен ғана емделеді. Егер уақытылы операция жасалатын болса, бұл сырқаттан құлан-таза айығасың.

Жас жігітке сырқаты мен одан айығу жолдарын аз-кем әңгімелеп берген дәрігер бір уақытта одан «Атыңды Қайсар деп кім қойып еді?» – деп сұрады. Мұндай сұрақты күтпеді ме, Қайсар дәрігерге тандана сәл қарап тұрды да, «Аға, атымды атам қойған» деп жауап берді. Сол кезде Толықбай:

– Бәрекелді! Өзім де солай ойлап едім. Ақсақалдардың ауызы дуалы келеді ғой. Сенің дене-бітімің атыңа сай болып тұрғандай. Ал, енді бойыңдағы қасиетің сынға түскелі тұр. Бүгін жасалуға тиісті операциядан қаймықпай, сырқатқа қарсы тұра білсең, атаң қойған атқа қай жағынан болса да сай келесің, – деп жігерін бір жаныды.

Жас хирургтың жүрекке жеткізе айтқан сөздері Қайсарға қанат бітіргендей болды. Ол алаңдаған ата-анасын өзі сабырға шақырып, мән-жайды жіті түсіндіріп те берді.

Операция жасалатын бөлме. Қайсарлық мінез танытып, хирургиялық тәсілге келіскен жас жігіт өз орнына жайғасты. Қасында көмекші

медбикесі бар Толықбай емделушіге алдымен денесін уақытша жансыздандыратын наркоз берді. Содан соң қарынды түгел айналдыра спиртпен ысқылап, осы әдісін үш рет қайталап шықты. Тазарту ісін аяқтап болысымен емделушінің оң жақ мықымына қолын апарып, сырқаттанған жерін тұспалдады да, терінің кесілетін тұсын арнайы меминалық қорғанышпен қоршады. Ізін ала оң қолындағы пышақпен теріні кесу әрекетіне көшті. Пышақты бірқалыпты ұстап, әдісін келтіре қолын қимылдатқан ол теріні 7 см-ге дейін кесті. Ал, теріден кейінгі майлы қабатты пышақ жүзін тигізген сайын арши ашып отырды. Бұдан кейін кездескен май мен бұлшық ет арасындағы пердені кесуде теріге қолданған әдісті пайдаланды. Кезек бұлшық етке келіп жеткенде қолындағы пышағын қоя тұрып, шағын күрекке ұқсас медициналық аспапты алған ол соның көмегімен аршуға көшті. Бұл тәсіл бұлшық еттен кейін кездесетін шектің зардап шекпеуіне кепіл. Егер бұлшық етті кесуде де пышақ пайдаланылатын болса, абайсызда көзге көрінбей тұрған шектің де кесіліп кетуі ғажап емес. Бұлшық етті аршып болған соң Толықбай арада тағы кездескен пердені өте сақтықпен өзіне қарай тартты. Бұл перденің бұдан бұрын кездескенімен салыстырғанда нәзіктігі басым. Сондай-ақ, бір зардап шексе, оңалуы қиын тоқ ішекке жапсарлай орналасқан. Жас хирург пердені шектен ажыратпак болып әрекеттенгенде сақтық шараларына аса мән бергені де сондықтан. Дәрігер көзге көрінген тоқ ішекті ақырын жоғары көтеріп еді, «соқыр ішекпен» түйіскен жерін байқады. Сол мезет «Құдайға шүкір, өз орнында екен ғой» деп іштей күбірлеп те қойды. Оның бұлайша қуануының өзіндік себебі де бар. «Соқыр ішектің» тоқ ішекте орналасуы әрқалай

болып келеді. Бірде астында, енді бірде жанында орналасатын жағдайлары бар. Егер өз орнынан табылмаса, көбіне хирургтар әбігерге түсіп жатады. Тоқ ішекке тыным бермей, қашан табылғанша әрі-бері қозғауға тура келеді. Жас дәрігер бұл жолы мұндай келеңсіздікке тап болған жоқ. Ол зардап шеккен шекті тоқ ішектен байыппен аршып алды да, екеуінің түйіскен жерін жіппен қысып байлап, содан соң «соқыр ішекті» кесіп алды. Із суытпай қасындағы медбикенің көмегімен әлгі кесілген жерді мұқият тазартып, байланған жіптің беріктігіне әбден көзін жеткізді. Содан кейін барып операцияны аяқтау сатыларына көшті. Алдымен тоқ ішектен уақытша ажыратылған пердені орнына жайғастырды. Бұдан соң бұлшық етті, арадағы пердені және май мен теріні жіппен жеке-жеке тігіп шықты. Тігілген заттың арасында ешқандай қуыс қалмауы керек. Тігістің жібі үзілмеуі тиіс. Тазарту жұмыстарында кінәрат болмауы қажет. Осы секілді талаптарды Толықбай операция барысында тиісті деңгейде орындады. Сондықтан болса керек, ол операция бөлмесінен сенімді қалыпта шықты.

Емделушінің операциядан кейінгі медициналық сараптамаларының көрсеткіші жақсы болғандықтан ол палата төсегіне көп уақыт таңылған жоқ. Қосымша емді бір аптаға жетер-жетпес уақыт қабылдаған соң ауруханадан шықты. Қайсар үйіне кетер алдында хирург ағайына жолығып, өзінің алғысын білдірді. Оның бұл ілтипатына риза болған Толықбай:

– Бауырым, мен бала кезімнен бастап Бейсен деген атамның қолында тәрбиелендім. Ол кісінің санама сіңірген ақыл-кеңестері бүкіл өмір жолыма азық болары анық. Сенің атыңды Қайсар деп атаң қойған екен. Сол ақсақалдың айтқан әрбір ақылын сарқылмас қазына деп қабылда. Көпті көрген

көнекөз қариялардың көкейге тоқығандары да көп. Олардың өскелең жастың өресін жоғары етерліктей өнеге бере алатындығына еш күмән жоқ. Осыны ұмытпа, Қайсар інім, – деп ағынан жарыла сөйлей кеткенде, құлағын түрік ұстап, мұқият тыңдап отырған жас жігіт дәрігердің жүрекжарды сөздеріне дән риза болды.

Арада бір аптадай уақыт өткенде ауруханаға оң аяғын сәл сілтіп басатын бір қария келді. Самайы мен сақалының ағарғаны болмаса, түр-тұлғасынан қарттықтың нышаны аса байқала қоймайды. Сөзі – дәділ. «Мен Толықбай деген дәрігер баланы іздеп жүр едім» деп жан-жағынан сұрастыра сөйлегенде аурухана қабырғасынан дауысы жаңғыра шығады. Бұл дауысты құлағы шалған медбикелердің бірі әлгі қарияны дәліздің орта тұсында отыратын кезекшілерге апарды. Ондағылар ақсақалды орындықтардың біріне жайғастырып, іздеген адамын шақырып келетіндіктерін айтты. «Сізге бір қария келді. Өзіңізді танитын көрінеді» деген хабар жеткенде Толықбайдың ойы сан-саққа жүгірді. Бастапқыда көкейіне «Ауылдан Бейсен атам келіп қалды ма екен?» деген ой сап еткен. Хирург дәрігерлер отыратын бөлмеден шыққан бойда аяғын жедел басып, кезекшілерге келгенде ол жерден бейтаныс қарияны көзі шалды. Оның қасына барып, «Ассалаумағалейкум, ата» деп қос қолын алға оздыра амандасып еді, сәлемін жүзі жадыраңқы күйде қабыл алған ақсақал:

– Толықбай деген сен боласың ба, қарағым? – деп сұрады. Бұған «ия» деген жауап алған ол орнынан тұрып, дәрігердің қасына жақындап барды да, мұнда келгендегі мақсатын айтты.

– Менің атым – Қожагелді, шырағым. Осыдан бір аптадай уақыт бұрын менің Қайсар деген немерем

осы ауруханадан емделіп шығып еді. Естуімше, өзіңнің қолыңнан шипа алыпты. Сол немерем сені аузынан тастамай жүр. Менің қасымнан да айналшақтап шықпайтын болып алды. Айтқан ақылыма мұқият құлақ асады. Жас болған соң мінездің де сан құбылатыны бар ғой. Кәмелет жасқа толғаннан бастап бойында түрлі өзгеріс пайда болды. Айтқан әңгімелерімді атүсті тыңдайтын әдет те шығарған. Ал, осы ауруханадағы бір апта оған біраз тәлім берген сияқты. Әсіресе, сенің әңгімелеріңнің әсері мол болғанға ұқсайды. Сол үшін саған арнайы келіп, алғысымды білдіргенді жөн көрдім, қарағым.

– О, не дегеніңіз, ата. Бар әңгімесіздің тәрбиенізді көрген немереніздің санасында жатыр ғой. Менің айтқан азын-аулақ ақылымды көкейіне тоқыса, көпті көрген өзіңізден дұрыс тәлім алғандығының белгісі емес пе? Үлкен басыңызды кішірейтіп, маған келгендігіңіздің өзі сіздің ұлықтығыңызды аңғартып отыр ғой. Өзіңізге мың да бір рахмет.

– Немерем сені текке айтып жүрмеген екен. Парасат-пайымың жоғары болып, еліңе адал қызмет ете бер, қарағым. Сөз саптауыңа қарағанда, алдыңа ауырып келген кісіні тек дәрі-дәрмекпен ғана емес, жүрекке жылы тиетін сөзіңмен де емдеуге қабілетті жансың-ау. Тәні жараланған адамның жаны да жараланады. Егер, екеуіне де дауа бола білсең, елдің тек алғысына бөленесің. Сенің бойыңда халыққа жақын қасиет бар. Ісің әрдайым ілгері жылжып, сәттіліктің таңы ата берсін.

– Рахмет, ата, айтқаныңыз келсін.

Еңбек жолын бастағанына алты айдың жүзі болмай жатып, аузы дуалы ақсақалдың алғысын, батасын алған жас хирургке бұл оқиға ерекше

көңіл-күй сыйлады. Тұла бойын қуаныштың толқыны билеп, жүрегінде шапағат нұры ұялады. Осындай толқыныстан кейін ол «Халықтан алғыс алған қандай рахат. Оған тең келер қошемет жоқ-ау, сірә» – деген ой да түйді. Әйтсе де, жас дәрігер тоқмейілсуден аулақ болды. Өз ісіне деген жауапкершілігін арттырып, бұрынғыдан да белсенді жұмыс істей бастады. «Соқыр ішек» ауруына қатысты жасалған кейінгі операциялар алғашқысы секілді анатомияда көрсетілгендей бола да бермеді. Зақымданған шектің өз орнында болмай, тоқ ішектің қисынсыз жерін тасалағанын да көзі көрді. Сондай-ақ, дерттің шекте тек артық заттардың толуы салдарынан ғана емес, оның орынсыз орналасуына байланысты қысылу себебінен және залалды заттардың кесірінен қабынған сәттерінде туындайтын қиындықтарды да бастан кешірді. Сырқаттың аса жауапкершілікті талап ететін асқынған түрлерлерін де сырт айналып кете алмады. Сонымен қатар, басқа да дене мүшелеріне қатысты хирургиялық жолмен емделетін ауру түрлерін айықтыру ісіне де атсалысты.

Толықбай күрделі операцияларды әріптесі Махмұт екеуі бірлесе жасайтын. Олардың тындырымды істері мен өзара түсіністігі аурухананың бас дәрігері Тұрмаханның назарынан тыс қалған жоқ. Ол бір күні екеуін өз бөлмесіне шақырып алды да:

– Сендерге бір жағымды жаңалықты айтайын. Біздің аурухананың ішінен Жамбыл, Қызылорда және Шымкент облыстарына тиесілі Күйіктен емдеу орталығы ашылады. Мұнда негізінен аталған үш аймақтан келетін денесін күйік немесе үсік шалған адамдарға медициналық көмек көрсетілетін болады. Ауыр халде түскендерге де осында ем-

дом жүргізіледі. Сондықтан ендігі жерде біздің ауруханада пластикалық операциялар да жасалады. Бұл – өте жауапты іс. Бұрын мұндай операциялар ел астанасында ғана жүзеге асып келгендіктен бұл салаға қатысты білікті мамандардың дені сол жақта. Мен сен екеуіңе сенім артқалы отырмын. Бұл іс те қолдарыңнан келеді деп ойлаймын, – деп айта келе:

– Есесіне 1969 жыл сендердің де, тарихтың да жадынан өшпейтін болады. Күйіктен емдейтін облысаралық алғашқы орталықтың тұңғыш хирургтары ретінде ел есінде сақталасыңдар, – деп өз әңгімесін көңілді қалыпта аяқтады.

Алғашқыда бұл тосын жаңалық қос хирургты да қобалжытты. Жаңадан ашылатын орталықта денесін қатты күйік шалғандар да емделетін болғандықтан теріге жасалатын операциялардың қыр-сырына қанық болғаны дұрыс. Сондықтан екеуі де хирургияның бұл саласына қатысты білімдерін жетілдіру ісін бірінші кезекке қойды. Көбіне кітапханаға бірге барады. Өзара ой-пікір алмасатын сәттері де аз емес. Бірде әріптесімен бірге кітапханада отырған Толықбай орыс тілінде жазылған газеттерді парақтауға көшті. Алдымен «Известия» газетін қолына алып, онда жазылған мақалалардың тақырыптарын зер сала қарады. Газет беттерінің орта тұсынан асқанда медининаның хирургия саласына қатысты жазылған талдамалы-зерттеу мақаланы көзі шалып, көңілі көкке бір елі жетпегендей қуанғаны да бар. Әлгі мақалада 1960 жылы Мәскеуде өткен КСРО хирургтарының XXVI құрылтайында көтерілген мәселелер кеңірек жазылыпты. Әсіресе, күйіктен емдеу саласына тиесілі мағлұмат мол. Білікті, білгір мамандардың басы қосылған сол жолғы Құрылтайда күйіктің 4 дәрежесі белгіленген классификация

қабылданыпты. Әріптестердің зейіні бірінші осыған ауды.

I дәрежелі күйік қызару, ісіну және терідегі ауырсынудың айқындығымен сипатталыпты. Сонымен бірге ондағы ісіну мен қызарудың басқан кезде жоғалмайтындығы осы деңгейге тиесілі. Ал, II дәрежелі күйік зардап шеккен жердің қызарып ісінуімен қатар сарысу жиналған күлдірек жаралардың пайда болуымен ерекшеленеді. III дәрежелі күйік төменгі тері қабатының жағдайына байланысты екі тармаққа бөлініпті. Оның бірінде терінің ең жоғарғы эпителиядан тұратын және жартылай герминативтік қабатының жансыздануы, ал екіншісінде гермативті қабаттың толығымен өлі тінге айналуы байқалады. Соңғы IV дәрежелі күйікте терімен қатар оның астында жатқан фасция, бұлшық ет, сіңір, кейде сүйек те өлі тінге айналады.

Күйіктің Құрылтайда бекітілген осы төрт дәрежесін көкейге тоқыған Толықбай мен Махмұт олардың деңгейі мен аумағын анықтау жолдарынан тұщымды мағлұмат беретін медициналық кітаптарға да үнілді. Бұл салаға қатысты олардың кезінде білім ордасынан аз-маз тоқығаны да бар. Алайда, ол аздық етеді. Сондықтан оны тереңірек білуге бел буып, ғалымдардың түрлі тәсілдерін зерделеуге көшті. Алдымен ересек адамдардың күйген жерінің аумағын анықтау мақсатында қолданылатын Постников, Вейденфельд және Беркоу тәсілдеріне қанықты. Толықбайдың ересектерге қатысты сырқаттарға келгенде ерекше мән беретіні бар. Өйткені, өзі оқыған Медициналық институтта Педиатрия мамандығын меңгергендіктен ол үшін бұл сала өзекті. Күйген жердің аумағын анықтауда балаларға қолданылатын Ланде, Броудар және

Уоллес тәсілдері оған таңсық емес. Сондықтан уақыттың көп бөлігін ересектерде орын алатын күйік сырқатына арнады.

Зардап шеккен терінің күйік дәрежесі мен оны анықтау тәсілдерінің теориялық негіздемесін санаға әбден сіңірген соң әріптес хирургтар сырқатты емдеу жолдарын да методикалық кітаптардан тәптіштеп тұрып оқыды. Қолдары сәл босай қалса, кітапқа үңіле кету әдеті олардың бойынан Күйіктен емдеу орталығы ашылғанға дейін арылған жоқ. Білімдері толысқан сайын бойларын сергек ұстап, басталғалы тұрған іргелі іске деген сенімдері артты. Орталық ашылардан бір күн бұрын өз бөлмесіне шақырған Бас дәрігерге мектеп пионерлері секілді «Әрқашанда дайынбыз!» дегендей кейіп танытқаны да сол күдіксіз көңілдің белгісі іспетті еді.

Үш облысқа ортақ Күйіктен емдеу орталығы жұмыс істей бастағанда ә, дегеннен іс өрге домалап кете қойған жоқ. «Алысты арбалағанша, жақынды дорбалауды» жөн көрген ем іздеушілер орталыққа көптеп ағыла бастады. Олардың арасында ауыр халде келгендері де аз емес. Толықбай мен Махмұт бірінші кезекте күйіктің деңгейі мен таралу аумағын анықтауға аса мән беріп, өздері оқып-тоқыған тәсілдерді пайдаланды. Сырқаттың дәрежесі нақты белгілі болғаннан кейінгі емдеу шараларын атқару барысында әріптес хирургтар әртүрлі жағдайларға кезікті. Теориялық ілімдері жеткілікті болғанымен тәжірибенің осалдығы олардың тағы да көп ізденуіне түрткі болды. Алматыдағы Күйіктен емдеу республикалық орталығы мамандарымен телефон желісі арқылы байланысқа түсіп, тиісті кеңес те алып отырды. Күйік шалған терінің аумағы анықтала салысымен оған дер кезінде емдом қабылдануы керек. Сондай-ақ, емдеу ісінде

еш мін болмауы тиіс. Егер, кінәрат кетсе, күйіктің ішкі дене бөлшектеріне көрсетпейтін құқайы жоқ. Мұны екеуі де жақсы біледі. Сондықтан олар бірінші кезекте терідегі күйдіргіш заттардың әсерін тоқтатуға бар күшін салады. Содан кейін күйіктен болған жараны емдеуге көшеді. Бұл бағытта оның іріңдеуіне жол бермеу қажет. Сонда бірінші және екінші дәрежедегі күйіктер 2-3 аптада жазылады. Қос хирургтың орталықтағы ісін күрделендірген үшінші дәрежелі күйіктің екінші деңгейі мен төртінші дәрежелі күйіктер болды. Бұлар теріден кейінгі ішкі тіндерге залалын қатты тигізетін сырқат түріне жатады. Сол себепті, мұндай күйіктерді емдеу кезінде аутопластика тәсілі қолданылады. Толықбай осы тәсілге көшер алдында жараның жағдайын жан-жақты зерделеп, мұқият тазалап алады. Емделуші кісінің халі де жіті сарапталады. Себебі, операция кезінде күйген терінің орнында пайда болған жараға сырқаттанған кісінің сау терісі қапталады. Қажетті тері көбіне адамның аяқ тұсынан алынады. Аутопластикалық операцияның жасалуы күйген терінің жазылу процесіне тікелей байланысты. Егер, қолданылған дәрі-дәрмектердің дәрмені жетпей, іс насырға шабатыны байқалса, уақыт оздырмай аутопластика тәсіліне көшу керек. Бұл қағидатты қаперінде ұстаған әріптес хирургтар қателікке мейлінше ұрынбауға тырысты. Дер кезінде операция жасалмаса, оның дене мүшелеріне тигізер залалы көп. Әсіресе, күйік аяқ-қол буындарына жақын орналасса, онда буын қимылына кесірін тигізеді. Оның соңы сал етуі де ғажап емес. Қос хирург осы секілді жағдайларды әркез қаперде ұстады. Күйіктің қандай түрі кездессе де, тиісті талаптарды орындай отырып, дертке дауа боларлықтай әрекеттерге барды. Олардың өз

істеріне деген адалдығы мен тазалығы ем іздеп келген кісілердің сенімін арттырмаса, кеміткен жоқ. Хал үстінде келген талай адам аман-есен отбасына оралды. Үлкен сенім артып, орталыққа Қызылорда және Жамбыл облыстарынан келетін емделушілердің қарасы да көбейді.

Толықбай әріптесі екеуі күйіктен пайда болған сырқаттарды емдеумен қатар өздерінің бұрынғы жұмыстарын да жалғастырып жүрді. Жас хирург бір жылдың көлемінде хирургиялық жолмен емделуге тиісті аурудың сан түріне операция жасап та үлгерді. Тәжірибесі анағұрлым толықты. Әйтсе де, үйренері әлі де көп. Бірде асқазан шегінің жара ауруына байланысты кезекті операцияны жасауға кірісті. Қасында көмекші медбике ғана бар. Теріні кесуден бастау алған алғашқы сатыларын аса ұқыптылықпен еңсере білген ол бағытты дйттеген шекке қарай түзегенде қолындағы пышақ күретамырдың біріне тиіп кетіп, одан атқылаған қан лезде жан-жағына тарап үлгерді. Қанның ағу жылдамдығы тым артқандығы соншалық, еденді де қызыл түске бояй бастады. Сол мезетте әлгі тамырды қан ішінен табуға жанын сала әрекеттенген Толықбай күйзелістің шарықтау шегін бастан кешірді. Санаулы секундтар ішінде денесінен шелектеп тер ақты. Үстіндегі киімі – шылқ-шылқ су. Бар ойы тамырды ұстап, қанды тоқтату болғандықтан қос көзін операция жасалған аумаққа қадаған. Ал, оң қолының білекке дейінгі тұсы қанның ішінде. Егер, зардап шеккен күретамырды ертерек таппаса, емделушінің өміріне қауіп төнбек. Мұны жақсы білетіндіктен ол саусақтарын қан ішінде тыпырлатып-ақ жатыр. Бір кезде қол ұшына іліккен бір тамырды қос саусағымен қысыңқырап ұстап еді, қанның ағысы тоқтады. Мұны байқаған

медбике үймелеген қанды жедел алып, тамырға дейінгі аумақты тазартып шықты. Тас төбеден табанастынан қара аспан жауғандай апыл-ғұпыл күй кештірген бұл жағдайдан кейін Толықбай орын алған олқылықтың орнын толтыруға кірісті. Сәтін салғанда, бұдан кейінгі әрекеттері жүйелі, жинақы шығып, операция өз деңгейінде аяқталды. Алайда, абайсыздықтың салдарынан пайда болған жан түршігерлік көрініс хирургтың көз алдынан көп уақыт кете қойған жоқ. Ол «мұндай қателікті екінші рет қайталамауым керек» деген тоқтамға келді. Адам денесіндегі қан тамырлары жайында бұрын өзі білетіндерін тағы да бірсыпыра қайталаумен қатар, олардың орналасқан жерін жадынан өшпестей санаға тоқыды. Оның бұл талпынысы түн ортасында ұйқысынан оятып сұрай қалса, қай тамырдың қай жерде екенін еш қатесіз айта жөнелетіндей деңгейге жеткізді. Кеткен қателіктен кейінгі қорытынды Толықбайдың операция барысындағы ұқыптылығын шыңдай түсті. Операция кезінде байсалды, байыпты әрекет ету керектігін қаперіне салып отырды. Өз ісіндегі күрт өзгерісті байқаған ол «Жүз сәттілік ешнәрсе үйретпейді, ал бір қателік көп нәрсе үйретеді» деген орыстың мақалын жиі қайталауды шығарды.

Студенттік кезеңді артқа тастап, алғашқы еңбек жолын бастағанда көп үйрену мақсатындағы күйкі тірлік Толықбайға өзге жағдайларға мойын бұруға мұрша берген жоқ. Ал, өмірден өз орнын тауып, өзіндік бағытын айқындағандай күй кешіп жүрген күндердің бірінде ауылдан қаралы хабар жетті. Сонау бала кезінен бастап бауырына басып, аналық мейірімін аямай төккен Сындықыз шешесі дүние салыпты. Жедел хатқа алғаш көз жүгірткенде көңілі құлазумен қатар, жүрегі алқымға келгендей

алай-дүлей күй кешкен Толықбай суыт хабарға сенер-сенбесін білмей, біраз уақыт аулада әрі-бері жүрумен болды. Көз алдына Сындықыздың бейнесі елестеген сайын есіне көп жағдайлар түседі. Жарықтық, баласы мектеп қабырғасында жүргенде соның қас-қабағын бағумен болатын. Көз қуанышы, көңіл жұбанышына айналған перзентін жанындай жақсы көрді. Ашу шақырып, айқайлаған сәті тіпті жоқ. Толықбай десе, ана жүрек аспандағы айды да әперуге дайын тұратын. Ия, дәл солай еді. Тұрғын үй ауласында әрі-бері жүріп, бір сәт тыным таппаған Толықбай мұның бәрін есте ұмытқан емес. Өткен күндер жадында жаңғырған сайын көз жанарына мөлтілдеп жас келеді. Жабырқаулы көңілі ақсары жүзін түнертіп те жіберді. Бірер минут аулада жүрген Толықбай пәтерге кірген бойда әріптесі Махмұтқа телефон шалды да, орын алған жағдайды баяндап, іссапарда жүрген басшысы қайта оралғанда оны да хабардар етуді өтінді. Сөйтіп, уақыт оздырмай ауылға жол тартты.

Он жасынан бастап туған перзентіндей аялап өсірген Сындықыз шешесін ақтық сапарға шығарып салған соң өз жұмысына қайта кіріскен Толықбай жүрегі мұнайса да, онысын жүзінде ұялатпай, тиесілі ісін тиянақты атқарып жүрді. Күн санап білімін де, біліктілігін де жетілдіре түсті. Күйіктен емдеу орталығындағы қарбалас тірлікпен қатар ауруханадағы аса жауапты жұмыстарды да атқаруға бейіл тұратын ол әдеттегідей әр ісін таза істеуге тырысып бақты. Соның арқасында ұжымның алдында да, дертке шипа іздеп келетін сан түрлі кісілердің алдында да абыройлы бола білді. Ерте кетіп, кеш қайтатын тынымсыз, тыныссыз жұмыстың ыстығы мен суығына көнікті. Оның өзі сүйетін іспен айналысқаны әсіресе Сындықыз шешесінен

айырылып, қайғы жұтқан кездерінде пайдасын көп тигізді. Жұмысқа келсе, бар зейінін өз ісіне аударып, ой-санасын медицина саласы билеп алады. Бастаған жұмысын тыңғылықты атқарып, оған өзінің көңілі толатын болса, одан асқан бақытты адамды таппассың. Балаша қуанып, жүзі бұл-бұл жанады. Әріптестерімен әңімелесе қалса, сөзінің нәрін әзілмен әрлеп, еріксіз езу тартқызады.

Білікті басшы Тұрмахан Орынбаев Толықбайды тек қарамағындағы қызметкер ретінде ғана емес, сырлас бауырындай өзіне жақын тартты. Ал, ұстаздық бағыттағы ұлағаты тіпті ерек. Өзінің еңбек жолында жинақтаған тәжірибесін талапты шәкіртіне тәптіштеп тұрып түсіндіреді. Медицинаның қыр-сырын жете меңгерген ол осы салада біраз жетістіктерге де жетті. Табанды еңбегінің арқасында КСРО-ның үздік қызметкері атанды. Жинақтаған мол тәжірибесін ғылыммен ұштастырып, ел игілігіне жарарлық еңбектерін жазды. Онысын Одақтың беткеұстар оқымыстылары да мойындады. Ғалым ретінде өрісін кеңге жайған ол Медицина ғылымының докторы атағын да иеленді. Білімді, білгір дәрігер-ғалым өзі басқарған аурухананың Одақ көлемінде озық деп танылған жаңа медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілуіне де еңбегін мол сіңірді. Қай жағынан алсаң да, қабілеті айрықша азаматтың арқа тұтар ұстазына айналғаны Толықбай үшін де зор мәртебе болды. Сондықтан жанашыр басшының айтқан әрбір ақылы оған баға жетпес қазына іспетті.

Күндер осылайша өтіп жатты. Толықбайдың көңіліндегі қаяу-мұңның сеңі бұзылып, өзін сергек ұстап жүрген. Бір күні ауруханаға ауылдан бір кісі келді. Түрін шырамытқанмен, Толықбай оны тани қойған жоқ. Елуге жақындап қалған жігіт ағасы

өзін Болатбек деп таныстырды. Қызылқұм ауылына көршілес елді-мекенде тұрады екен. Аудандағы автовокзалда Шымкентке қарай қатынайтын автобусты торуылдап тұрған ол сол маңайдан өзімен сыйластығы бар Бейсеннің үлкен ұлы Білләні кездестіреді. «Көктен іздегені жерден табылғандай» қатты қуанған Біллә Болатбектің қолына бір жапырақ қағаз ұстатып, оны Толықбайдың өз қолына тапсыруды өтініпті. Танысының аманатын арқалай келген азамат ақ халатты жігітпен азды-көпті әңгіме өрбітті де, әлгі бүктелген қағазды оның қолына ұстатып, өз жөнімен кете барды. Ізін ала Толықбай қағаз бетіне түскен жазуға үңілді. Әлгінде ғана шатшадыман күйде болған ол табанастынан тұнжырап шыға келді. Көңілді жігіттің өңін өзгерткен хатта атасы Бейсеннің төсек тартып жатқаны және ауылға тездетіп келу керектігі жазылыпты. Бұл тосын хабар Толықбайды тағы да әбігерге салды. Арада бірер минут өткен соң басшысына барып, болған жағдайды баяндап бергені сол еді, ол:

– Айналайын, бауырым. Көңілің алаңдап тұрғаныңн көзіңнен байқап тұрмын. Сені бірер күнге жұмыстан босатамын. Бейсекеңнің хал-жағдайын өз көзіңмен көріп қайт. Денесін дендеген қандай дерт? Оны да біл. Медицинаның қауыары жететін халде болса, мына жақта біз бармыз. Қолдан келетін көмегімізді аямайтынымызды ұмытпа.

Бас дәрігердің бөлмесіне тартыншақтап кірген Толықбайды Тұрмахан тағы да жігерлендіріп жіберді. Бәзбір басшылар секілді қатулы қабақ танытқан жоқ. Ауылдан жеткен суыт хабарды ести сала, тоқетер әңгімесін айтып, қызметкерінің қаяулы көңіліне жылы сөзімен дем берді. Бұған балаша қуанған Толықбай бас дәрігерге өз ризашылығын білдіріп, жүрегі толқыған күйде

бөлмесінен шықты. Ендігі бағыт – Қызылқұм ауылы. Жұмыстан шыққан бойда автовокзалды бетке алған ол жорға жүріспен жүйткіп келеді. Көз алдына атасының бейнесі қайта-қайта оралады. Қай кезде болса да кеудесін тік ұстап, көңілді қалыпта жүретін Бейсен атасының мұң шалған жүзін әсте көрген емес. Сондықтан болса керек, көз жанарын торуылдаған елесте де оның тек көңілді қалпы орала берді. Толықбай мұны жақсы ырымға балап қояды. Әйтсе де, жаны жай табар емес. Ауылға жетуге асығып келеді. Атасының ахуалын өз көзімен көрмей, көңілі көншуі неғайбыл. Ауылға бет түзеген автобустың ішінде де оның ойы сансаққа жүгірді. Кеудесінде қобалжу басым. Мұндай күйді бұрын-соңды бастан кешірмеген ол шырмауға толы ойын басқа арнаға бұруға талпынып, көлік терезесінен табиғат көріністеріне көз жүгіртіп те қояды. Әңгіме көрігін қыздырып отырған кей жолушыларға арагідік құлақ түріп, орайы келгенде ол да ой сабақтауға құлық танытады. Тұла-бойын тұмшалаған жайсыз күйдің салқыны болса керек, Шымкент пен Қызылқұм ауылының арасын жалғап тұрған төрт-бес сағаттық жол Толықбай үшін тіпті тусылмастай болып көрінді.

Көңілі алаңдаған күйде ауылға жеткен Толықбай қара шаңыраққа бас сұққанда атасының шынында да төсек тартып жатқанын көрді. Оның жүзі тіпті сұрланып кеткен. Солғын тартқан бет-әлпеті әжептәуір ет алдырғанын да аңғартып тұр. Перзенті бөлмесіне кіргенде күлімдей қарап, көңіл қуанышын сездіргенімен, денесін әлсіздік билегендіктен басын жастықтан әзер көтерді. «Доғдыр балам келіпті ғой», – деп қос еріні дірілдей сөйлегенде әшейінде далаға естілетін дауысының да діңкесі кеткені сезіліп тұрды. Атасымен қос қолын беріп амандасып, хал

сұрасқан Толықбай жағдайдың әжептәуір ушыққанын бірсыпыра тексергеннен кейін білді. Бейсеннің қарын тұсындағы ішкі шектері қабыныпты. Уақыт өткізіп алғандықтан ауруы асқынып, шектері іріңдеген. Соның салдарынан ішіне ірің аралас сары су жиналған. Толықбай алдымен сол залалды суды медициналық әдіспен сыртқа шығарып көргенде көңілі тіпті құлазып кетті. Іріңді сары суға қан да араласыпты. Оның таралу ауқымы тым ұлғайып кеткен. Дертінің мұншалықты деңгейде дендегеніне бір жағынан мұңайса, екінші жағынан кеш біліп, бармақ шайнағанына өкінді. Бастапқыда туған-туыстарынан кінә іздегендей кейіп танытып еді, алайда мән-жайды зерделегеннен кейін бұл райынан қайтты. Өз мәселесін өзі шешуге дағдыланған Бейсен бойындағы ауруды алғашқыда өткінші деп ұғып, мейлінше мән бермеуге тырысып баққан. Сырқаты асқына бастаған тұста да сыртқа сыр білдірмепті. Іші шаншып, жайсыздық күй кешкен кездерінде қарын тұсына қалың шүберекке оралған оттан кейінгі ыстық күлді қойып, соның көмегіне көп үміт артқан. Санасын денемді суық шалған деген ой торлап алғандықтан сырқаттан айығу мақсатындағы әрекеттерінің негізгі дені халық арасында қолданылып жүрген қазақы ем-домнан құралыпты. Мұның бәрі айналып келгенде аурудың күн санап асқынуына алып келген. Ішіндегі іріңді суды сыртқа шығарып отырғаннан басқа дәрмені қалмаған Толықбай атасының көңілін жықпау мақсатында әр кезде: «Әлі-ақ жазылып кетесіз. Ауылдағы ағайын сіздің айығуыңызды тілеп отыр. Елді етіксіз қалдырайын демесеңіз, төсекте еркелеп жата бермей, әрі-бері жүріңіз» деген секілді әзіл аралас әңгімесін айтып қояды. Жағдай шын мәнінде солай болса мейлі ғой. Аузынан шыққан сөздері шындыққа жанаспайтынын ойлағанда Толықбайдың жүрегі қан

жылайды. Әсіресе, балам деп бауырына басып, өз перзентінен кем қылмай өсірген атасының көрер күні аз қалғаны жанына қатты батты. Баласының жылы сөздерінен қуат алғандай кейіп танытқанымен, Бейсен де өзінің оңалмасын сезді ме, әйтеуір Толықбайға айтар әңгімесі аз болған жоқ. Алдымен Қалғансырдан Қызылқұм ауылына алғаш келген кезін есіне түсірді. Ұстаханасына апарып, сонда айтқан ақылын қаперіне тағы салды. Дәрігер перзентінен үлкен үміт күтетін Бейсен ақтық демі таусылар алдында да оны қасына шақырып алды. Сөйтіп:

– Балам, адал іс адамға абырой әперетінін ұмытпа, – деп аманат сөзін айтты. Ол мұндай ақыл айтуға лайық кісі болатын. Қапыда қаза тапқан аға-інілерінің отын өшірмей, кіндіктен өрбіген ұрпақтарына қамқор бола білді. Ел арасына етікші ұста деген атпен танылып, осы бір кәсіпті жете меңгерді. Тапсырыс бергендер тіккен етігінен тіттей де кінәрат таппайтын деңгейге жетті. Бір етікті тіге бастаса басқа тірліктің барлығын жиып қойып, бар зейінін соған аударатын ол бізге (жуалдыз) ілінген жібек жіпті теріге байыппен кіргізіп, соңынан оның беріктігін қадағалайтын. Егер арада көп уақыт өтпей жатып сөгілетіні сезілсе, тігісті тағы қайталап, көңілінде қаяу қалматындай етіп жасайды. Етікке арналған терінің тек тазасын таңдай білетін Бейсеннің тігісі де таза болатын. Сондай-ақ, оны безендіргенде елдің көз жауын алатын еді. Ертеректе оған болыс-билер көп тапсырыс берген. Олардың бірлі-жарымы қыздарына да етік тіккізеді екен. Ұста ондай тапсырысты орындау барысында өкше тұсына түрлі дыбыс шығаратын кішкене қоңырау ілуді үрдіске айналдырыпты. Әр етіктегі дауыс әрқалай шығып отырған. Сондықтан былайғы жұрт етікті еншілегендердің қай болыстың қызы екенін құлаққа жеткен сыңғырдан-ақ біле береді екен.

Сондай-ақ, Бейсеннің тіккен етігі басқа ұсталардың өнімдерінен қай жағынан алсаң да өзгеше болған. «Мынау Бейсен ұста тіккен етік ғой», – деп ел айна-қатесіз ажырата біледі екен. Ұсталық кәсіптің қыр-сырына терең бойлай білген Бейсен сөзге де шешен болған. Мырзашөл өңіріне тек етікші ұста ретінде ғана емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта білетін, әсіресе дау-дамайларды бір-ақ ауыз сөзбен шешетін ақылман ретінде де танылған. Оның осы бір қасиетін қарапайым жұртпен қатар, ел басқарған азаматтар да сыйлаған. Бейсеннің қара шаңырағында Құдайдың құтты күні қонақ үзілмей, абыр-сабыр болып жататындығы да сондықтан. Толықбай бала кезінде ағалары Біллә мен Піләлмен бірге ошаққа отынды көп жаратын еді. Бос уақытының негізгі дені де соған кететін. Балалық ғой, ол кезде «осы адамдар бұл үйге неге келе береді екен?» деп қынжылыс та білдірген. Есейе келе мұның сырына да қанықты. Қарапайым етікші ұстаның халықтың алдында қадірі артқандығының белгісі екен ғой. Ия, Бейсен беделді кісі болатын. Ол бұл абыройға адал еңбегімен жетті. Толықбайға арнаған ақтық сөзінде меңзегені де осы болатын.

Көңілді күйзелтерлік жағдайлардың араға санаулы ай салып қайталануы Толықбайдың қабырғасын қайыстырғанымен, ол жұмыс барысында жүректегі мұңын сыртқа әсте сездірмеуге тырысып бақты. Дертке дауа іздеп келген жандармен емен-жарқын әңгімелесіп, олардың құлазыған көңілін көтеруге сеп боларлық жылы сөздерін аяған жоқ. Оның жарасымды әзілі аралас әңгімесін тыңдағанда езу тартып, ерекше күй кешпейтін адам әй, кемде-кем шығар. Кейде, қасындағы кісілермен бірге арқа-жарқа болып, қосыла қарқылдай күлгенде олардың дауыстары дәлізге дейін жетіп жатады. Әріптестері әлгі бөлмеде

Толықбайдың отырғанын осы жағдайдан-ақ сезеді. Сырқаттанған кісінің алдымен көңілін көтеріп барып, содан кейін ғана дерті жайында қарапайым сөздермен әңгіме өрбіте кететін дәрігер ауруды айықтыруда адам көңілінің айрықша рөл ойнайтынын қаперден еш шығарған емес.

Көзден кеткенімен, көңілден кетпеген қос жанашырының жарқын бейнелері Толықбайдың көз алдына көп уақыт елестеп жүрді. Бұл жағдай қарбаласқа толы жұмысында да, қамықтыра қоймас тұрмысында да сырт көзге байқалмағандықтан өзіндік сыры болып қала берді. Ауруханада оған жүктелетін жұмыстардың жауапкершілігі ауыр. Күйіктен емдеу орталығына шипа іздеп келетіндердің қарасы тіпті көбейген. Әріптесі Махмұт екеуі бірінші Құдайға, екінші өздеріне сеніп, жоспарлы және жедел операцияларды ойдағыдағыдай жүзеге асыруға бар күшін салады. Үш аймақтағы ауыр күйік шалған науқастар бұрынғыдай Алматыға сабылмайтындықтан әрі жаңадан ашылған орталыққа сенім артатындықтан дәрігерлер де маңдай терін аямай төгіп келеді. Жұмыстағы қым-қуыт тірлік пен тұрмыстағы күйбің тіршілікке әбден бой үйреткен Толықбай жанын күйзелткен жайсыз күндерді жадынан өшіргендей күйде жүргенде әрі басшысы, әрі ақыл-кеңесін аямайтын ағасындай болып кеткен Тұрмахан Орынбаевтың өзге аймаққа қызмет ауыстыратыны жайлы хабарды естиді. Көп ұзамай бұл шындыққа да айналды. Жаңа басшының келуімен бірге КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің жалпы хирургияда еңбек етіп жүрген балалар дәрігерлерін өз саласына қайтару туралы қаулысы да шықты. Бұл Қаулы біліктілігін жалпы хирургияда шыңдап жүрген Толықбайға таяқ болып тиді. Жаңадан келген аурухана басшысы әлгі Қаулыны алға тартып, оған балалар хирургиясына ауысуын талап етті. Бұған ол

келіспейтіндігін білдіріп еді, арада бір аптадай уақыт өтпей жатып, қызметтен босату туралы бұйрығын шығарды. Бас дәрігердің бұл әрекеті заңдық тұрғыдан алғанда дау туғызбайтындай мәселе болғанымен оның кейінгі әрекеті Толықбайды тіпті қынжылтты. Босаған орынға Министрліктің Қаулысына сәйкес келетін адамды емес, өзі секілді балалар дәрігері бойынша жоғары білім алған азаматты жұмысқа қабылдапты. Ойламаған жерден жұмыссыз қалған Толықбай қол қусырып отырған жоқ. Ол кезде құрамына оның өсіп-өнген Қызылқұм ауылы кіретін Киров және Иличь пен Жетісай аудандары Өзбекстанға жалға берілген болатын. Сондай-ақ, Ташкенттің іргесінен Сырдария облысы жаңадан құрылып жатқан кез. Ол осы облыста партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзатай деген қазақ кісі екенін естіген бойда соған жолығуға бел буды. Оның бұл тәуекелі нәтижесіз болған жоқ. Мән-жайға қаныққан облыс басшысы Гүлстандағы орталық ауруханаға хирург болып орналасуына жол ашып берді. «Көктен іздегені, жерден табылғандай» күй кешкен Толықбай көп күн жоғалтпай көшуге қамданды. Алдымен Қызылқұм ауылына барып, кеңшар басшылығында жұмыс істеп жүрген кластас досы Тайманға жолығып еді, ол «Көшетін күніңді алдын ала айт, мен қасыма жүк көлігін жүргізіп жүрген Тоқтар досымызды алып, бір күн бұрын өзіңе барамыз», – деп тоқетер сөзін айтты.

Тайман – кеңшардың бір бөлімшесін басқарып жүрген азамат. Егінді алқаптағы мақта терілетін күз мезгілінде оның жұмысы тіпті қызады. Мұрнынан шаншылатын уақыт. Алайда, жан досына берген уәдесін эсте ұмытқан жоқ. Хабар жетісімен кеңшар директорына барып, амалын тауып бір аптаға сұранды да, қасына Тоқтарды ертіп алып Шымкентке қарай жол тартты. Олар діттеген жеріне түс ауа жеткен болатын. Сондай-ақ, «Күн қараймай жатып көш

басын Өзбекстанға қарай бұрамыз», – деп жоспарлап та келген. Бірақ, Толықбай «көшеде халықтың қарасы азаятын қараңғылық шақта көшейік», – деп өтініш білдірді. Ол әңгіме арасында «Мен ешкімнің көзіне көрінгім келмейді», – деп қаяу көңілін білдіріп те қойды. Жоғарғы оқу орнынан кейін алғаш еңбек жолын бастаған №6 қалалық аурухана оның жас жүрегіне жылылықпен бірге жігер де берген болатын. Мекеме басшысы жүрегі мейірімге толы ұстазына айналса, жұмыс орыны жұмақтай көрінген қара шаңырақ іспетті еді. Онда жұмыс істеген жылдар ол үшін еңбек жолының ең алғашқы баспалдағы ғана емес, тұла бойына мол тәжірибе мен сенімділіктің, кісіге деген ілтипат пен ізеттіліктің, елге деген құрметтің, кіршіксіз қызметтің қадір-қасиетін тұндырған қайталанбас сәттер болатын. Толықбай Сырдария облысының орталығындағы ауруханаға хирург болып орналасқаннан бастап Орынбаевтың қолында жинақтаған тәжірибесінің пайдасы көп тиді. Облыс жаңадан құрылғандықтан ондағы жағдай мәз емес-тін. Ауруханада кәсіби мамандардың жетіспеушілігімен қатар, медициналық жабдықтардың да тапшылығы байқалды. Тіпті, кейде операцияларды медициналық қолғапсыз жасауға да тура келді. Сондай-ақ, дертке дауа іздеп келген кісілердің сырқатына қарай бөле қарау да жоқ болатын. Білікті хирург мамандар тіпті тапшы болғандықтан Толықбай операцияның кез келген түрін жасауға тәуекел етті. Жауапкершіліктің жүгі ауырлағандықтан білімін жетілдірмек ниетте Ташкентте, Мәскеуде қосымша білім де алды. Сондай-ақ, бір кездегі әріптесі Махмұт екеуі секілді орталық кітапханаға жиі бас сұғатын әдет те шығарды. Оның осылай әрекет етпесіне де шара жоқ еді. Толықбай алғашқыда ауруханадағы жағдайдың мұншалықты мүшкіл халде екенін ойлаған да жоқ. Ал, жұмысқа орналасып, жалпы жағдайға қаныққанда алдағы

қиыншылықтарға қарамай, өз ісіне бел шеше кірісіп кетті. Бұрын-соңды тәжірибе жүзінде кездеспеген операцияларды да мейлінше сәтті жасауға тырысып бақты. Алдына дауа іздеп келген ауру кісінің жанын қалай да аман алып қалуды бұлжымас мақсатына айналдырған ол арада көп уақыт өтпей, облыстық аурухананың бас хирургы қызметіне көтерілді. Аурухана басшысы бұл қызметті оның өз ісіне деген адалдығын аңғарғандықтан ұсынды. Бұл қызмет Толықбайға бұрынғыдан да көбірек ізденіп, күн демей, түн демей еңбек етуіне түрткі болды. Әйтсе де, жұмыста тірлігі қаншалықты ауыр болса да, шаңыраққа келгенде шаршап-шалдыққан кейпін әсте көрсетпеді. Қай уақытта келсе де, жадыраңқы қалпынан танбады. Кейде, қолы қалт етіп, шаңырақта өткізетін бос уақыт табыла қалса, Сырдария мемлекеттік институтындағы филология факультетінде оқитын өнерлі бауыры Мұхтар Құраловты шақырып алып, үйінде төрде ілініп тұрған домбыраны қолына ұстатады. «Ал, бауырым, қазақтың мына бір қасиетті домбырасын әдейі сен үшін алғанмын. Халқымыздың термелерін айтып, жүректі бір тебіrentші», – деп қолқа салады. Қолына домбыра тие қалса, жаны өнермен бірге жаралғандай жанарынан от шашатын Мұхтар мұндайда аянып қала ма?! Сонау бала кездерінен бастап жаттап өскен термелерін бірінен кейін бірін көсілте айтқанда көкте қалықтап жүргендей күй кешеді. Ал, оны тыңдап отырған Толықбайдың да тебіренісі тіпті ерек. Тыңдаудан әсте жалығар емес. Бірін бітірсе, екіншісін, әрі қарай үшіншісін, төртіншісін, не керек әнші бауырының жадында жатталған термелері таусылғанға дейін тыңдауға бар. Оның бұл ықыласына риза көңілді Мұхтар құдды бір көрермені көз сүріндірерліктей үлкен сахынада өнер көрсетіп отырғандай арқаланып қояды. Тыңдаушының зеректігі айтушының қабілетін

аша түскендей. Әсіресе, хирург ағасының жақсы көретін термесі орындалғанда екеуінің де ес-түсі өн-бойынды елжіретер әуен мен жібектей өрілген өлең-өсиетке ауады. «Ал, тыңдаңыз, аға», – деп Мұхтар Майлықожаның термесін арқалана айтқанда Толықбайдың құлағы жыр жолдарына тұнады:

*Өңкейде жақсы бас қосса,
Өткереді кеңесті.
Өңкейде жаман бас қосса,
Шығарады егесті.
Жақсының жолы жарық күн,
Жаманның жолы көмескі.
Мақтағанмен жарамас,
Пайымы аз кеместі.*

Осылайша өрілетін өсиетті көкейіне тоқумен қатар, көңілін толқытқан әсем әуеннің ырғағымен тебірене тербелетін Толықбай қарсы алдындағы өнерлі інісінің жетегіне еріп, кейде өзі де қосыла толғай кетеді. Мұндайда Мұхтар шабытын қайрап, шабысын бұрынғыдан да үдете түседі. Терме әуені қос дауыспен үндескенде кәдуілгі ән секілді жарасым тауып кетпесе де, екі бауырдың ет жүректері елжірей айтқандары былайғы жұртты да бей-жай қалдырмастай болады. Тыңдаушы ықылас танытқан сайын Мұхтар термелерін із суытпай айта береді. Бір отырғанда отызға жуық термесін төкпелетіп тастайды. Жалығатын Толықбай, жабырқайтын ол жоқ. Ара-арасында ағасы алдына ас қойып, өзі шай құйып отырғанда оның өнерге деген шынайы құрметіне тіпті тәнті болады. Не керек, екеуі бас қоса қалса, қазақтың өсиетке толы термесінің бірталайы төгіледі. Ал, одан кейінгі олардың көңіл-күйін тілмен жеткізудің өзі қиын. Толықбайдың бос уақыты бола қалса, Мұхтар інісін іздейтіндігі де сондықтан. Бойына өнер дарыған студент жігіт болса, ағасы шақыратын кезді асыға күтіп жүреді.

Мұхтар Құралов қос ішекті домбырасымен күйқылжыта жыр айтумен қатар, өзі де өлең жолдарын шығарып, онысын жүрекжарды ән ырғағымен әрлей кететін қасиеті де бар. Ол – Арал тағдырын алғашқылардың бірі болып жалынды жырымен қозғаған азамат. Облыс-облысқа бөлініп, теледидар арқылы айтысқа түсетін кездің бірінде көрермен тарапынан Мұхтар Құраловқа Арал тағдырына қатысты сауал қойылған болатын. Сол мезет қолындағы домбырасын күңіреніп күмбірлете кеткен айтыскер ақын «Арал толғауы» әнін дүниеге әкелген. Әні мен сөзін табанастанан шығарып, қалың қауымға Арал болып мұң шаққан Мұхтар тыңдарманды тебіренумен қатар, ел басына төнген қасірет жайында тұщымды ақпарат та бере білді. Ақын осы бір өлеңінде:

*Әмудария, Сыр сұлу,
Ойнақтаған қос бұрым.
Бойыма келіп құятын,
Бар халқымның достығын.
Орыс, қазақ, өзбекпен,
Қарақалпақ, тәжікпен,
Биіктеу еді шоқтығым.
Көп жыл болды мінеки,
Қасымда менің жоқ бүгін.
Толқыным кейін шегініп,
Жүрегімді басты құм.
Қай жаққа кетіп қалды екен,
Кешегі шалқар шаттығым, – деп бір тебіренсе, ет-
жүрегінді елжіретер әуен шарықтай түскенде:*

*Жайынымды ет қылып,
Бекіремді кептіріп,
Мені неге қойдыңдар,
Дауыл мен желге тептіріп.
Осының бәрін жоқ әлде,*

*Жүрдіңдер ме, кеш біліп.
Айналайын, жақсылар,
Тез созыңдаршы қол ұшын.
Алдарыңда мінеки,
Толғанып тұрмын сол үшін.
Әмудария, Сырымды,
Өзіме қайтарып беріңдер.
Бақытты болсын десеңдер,*

Бұл өмірде мені шын, – деп жаны алқымға келген
Аралдың ащы дауысын халыққа жеткізеді.

Жалпы, Мұхтар Құраловтың бұдан өзге де өзіндік қолтаңбасы бар, елге кең таралған ән-жырлары жетерлік. «Мені неге Мұхтар қойған» деген әні ел жүрегінен жол тапқанда Мұхтар Шаханов «бұл өлеңіме Мұхтар Құралов ән жазбағанда мұншалықты деңгейде таралмас еді» деп баға да берген.

Толықбайдың сырлас тағы бір бауыры – Бақыт Бейсенов. Ол – атасы Бейсеннің туған немересі. Біллә атты ағасының баласы. Шымкент қаласындағы Химия-технологиялық институттың студенті. Бұл інісі шаңыраққа бас сұққан бойда әңгіменің көрігін қыздырады. Тілі – жұмсақ. Ағасы екеуі ағыннан жарылғанда жүректе сыр қалмайды. Толықбай ауылда жүргенде дәл осы інісі секілді сыр бөлісетін Рабаш атты әпкесі мен Әлимаш есімді қарындасы болатын. Бұл екеуі де Толықбайды туған бауырларынан кем көрмеді. Мектепте жүрген кезінде де, студенттік шағында да оны өздеріне жақын тартып, әпкелік қамқорлығын аяған жоқ. Солардың бойындағы ізеттілік ұшқыны інісі Бақыттың жүрегінде де ұялаған. Ағасына деген құрметі айрықша. Кеудесінде «Менің білікті хирург көкем бар», – деген мақтаныш мықтап орын алған. Жас болса да ересектер секілді кез келген мәселенің байыбын байсалдылықпен зерделей кететін ол хирург ағасының халық алдындағы абыройы қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін жақсы біледі. Бақыт бірде:

– «Аға, мен оқудан бос уақытта қосымша жұмыс істеуді ұйғардым. Қазір ыңғайлы жұмыс қарастырып жатырмын», – деп әңгімесін бастап еді, Толықбайдың жүзі жадырап:

– Бәрекелді, бауырым. Еңбекке ерте араласқан дұрыс. Саған студенттік кездерім жайлы көп әңгімелеп едім ғой. Сол уақытта ауылдағы ағайындардан келіп тұратын азын-аулақ ақша мен шәкіртақым ішіп-жеуіме жетуші еді. Бірақ, соған қарамай, түн жамылып көмір тасыған кездерім де болды. Қазір ойлап қарасам, қарбаласқа толы сол бір күйбің тіршілік мені мықтап шыңдаған екен. Бірінші, тұрпайы мінездері жетерлік тұрғыны мол қалада қаржы табудың оңай еместігін ұқтырды. Екінші, «Еңбек етсең, емерсің» деген ел нақылының қалтқысыз айтылғанына көзімді жеткізді. Үшінші, тырбаңдаған тірі пендеге Тәңір де несібесін аямайтынын аңғардым. Сенің әлгі айтқаныңды мен құптаймын. Ағалық көмегім болсын, жұмыс жағын мен де қарастырып көрейін.

Толықбай Бақыт інісінің талпынысын құп көріп, оған оқып жатқан мамандығына сәйкес жұмысты арада көп уақыт өтпей тауып берді. Інісі дән риза. Бір кездегі ағасы секілді «түн ұйқысын төрт бөліп», ауыр жұмыстың азабына түсіп жүрген ол жоқ. Сабактан тыс кезде кешке дейінгі ермегіне айналды бұл жұмыс. Әрине, әр істің өзіндік қиындықтары болатыны белгілі. Ондай сәттерде Бақыт байсалдылық қалпынан танған емес. Қажет кезде бойындағы күшін де, басындағы ақылын да сарп етіп, ағасының сенімін ақтауға тырысып бақты. Сондай-ақ, қолы босаған сәттерде ағасымен жүздесіп, сыр шертісетін дәстүрді ұмытқан емес. Ал, жанашыр ағасы сырлас бауырының талпынысына әрдайым тәнті болып жүрді. Оған ағалық қамқорлығын қай кезде, қандай жағдай болса да аяған жоқ.

Сырдария облыстық ауруханасындағы қым-қуыт тірлікке бой үйрете бастаған Толықбай күн санап білімін де, біліктілігін де арттыра түсті. Жұмыстың тым ауқымдылығы соншалық, көбіне сенбі, жексенбі күндері де аурухана аумағынан табылып жүрді. Толықбайды ауруханадағы қаншама адамның тағдыры аландатады. Дертке дауа іздеп келген олар дәрігердің жылы сөзі мен шипалы қолына зәру. Оның үстіне сырт көз Толықбайдың өз ісіне адалдығын аңыз қылып айтып жүргендіктен өздерімен бірге оған деген сенімін де арқалап келген. Әр адамның жәутендеген көзінен үкілі үміт шоғын көрген сайын көңіліндегі қаяудан қалайда арылтуға бар күшін салады. Сырқаттанған кісі медицинаның қауһары жететіндей халде болса, ол оның жанын аман алып қалуға қабілетті еді. Операцияның қандай түрін жасаса да тиісті қағидаттарды қатаң сақтай отырып, қажет кезде шұғыл шешім қабылдай білетін Толықбай өз ісін таза атқаруға әбден дағдыланды. Оның бұл іскерлігі бүкіл Сырдария облысына мәлім болды. Күн санап халықтың құрметі, қошеметі артты. «Ел құлағы елу» деп халқымыз текке айтпаған ғой, облыстық ауруханадағы бас хирургтың жоғары деңгейде жасалып жүрген операциялары Өзбекстанның астанасы Ташкенттегі тұрғындардың да құлағына шалынды. Көп ұзамай ел астанасынан жол тартып келген, ауыздарынан «Толықбай ака» деген сөзі түспейтін өзбектердің қарасы көбейді. Бұл жағдай бас хирургтың беделін арттырмаса, кеміткен жоқ. Ал, ауруханада орын алған бір тосын жағдай оның абыройын тіпті асқақтатып жіберді.

Облыстық аурухананың жан сақтау бөліміне жасы жиырмадан асқан бір жігіт түседі. Оны мұнда туған-туысқандары алып келгенде әлгі жігіттің жүрегі соқпай, денесі қимылдан қалады. Сол кезде қабылдау бөлмесіндегі дәрігерлер аз-маз тексеріс

жүргізіп, нәтижесінде оны өлдіге санайды. Сондағы қызықты қараңыз, сол ортаға тосыннан келе қалған Толықбай өлді деген жігітті өзі тағы бір тексереді де, ізінше «шұғыл ішке кіргізіңдер» деп көмекшілеріне бұйырады. Ал, «бауырымыздан айырылды» деп дегбірі қашқан ағайын болса, аң-таң күйде сыртта қалады. Әрқайсысы әрқилы әңгімеге көшкен. Бірі «бауырымыздың бақилық болғаны анық, әлгінде біз де тамырын ұстап көрдік ғой, жаны болса соғушы еді. Мына дәрігердің бөтен ойы болып жүрмесін, пышаққа түсіріп, ішкі мүшелерін бөлшектеуі де мүмкін ғой» деп үрейді қашырса, енді бірі «Бұл дәрігердің де бір білгені бар шығар. Не де болса, соңын бағайық» деп сабырға шақырады. Сырттағы кісілердің өзара әңгімесі де, көңіл-күйі де сан құбылып тұрғанда олардың жанына бір медбике келеді де, «Бауырларыңызға қайта жан бітті, Толықбай Қадырбайұлын Құдай жеткізді оған» деп сүйінші хабарын айтады. Әлгінде ғана қара жамылып, бауырымдап жоқтау айтқан кісілердің сол мезеттегі қуанышында шек болмаған. Бірін-бірі құшақтап, Құдайға тәубешілігін айтады. Ал, сыртқа Толықбай шыққанда олар оның жан-жағынан қаумалап, алғысын нөсерше жаудырған. Ол ол ма, осы оқиғадан кейін «Сырдария облыстық ауруханасындағы бас хирург Толықбай өлген адамды тірілтіпті» деген әңгіме бүкіл облыс көлеміне таралып үлгерген.

Ел аузында аты жиі айтылып, абырой-беделі күн санап артқан соң Толықбай жайында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзатай да жылы әңгімелер ести бастайды. Ол бір күні ауруханаға жоспарлы іссапармен емес, тосыннан өзі ғана келеді. Бұл уақытта Толықбай өз бөлмесінде сырқаттарға қатысты құжаттарға үңіліп, көз алмай бас қатырып

отырған. Сыртқы есік қағылғанда әдеттегі қалыпты жағдай іспетті бағалаған ол «Кіріңіз» деп тіл қатты да, қағаз бетіндегі жазудан жаңылып қалардай қайта үңілді. Есіктен салмақты қалыпта ішке енген облыс басшысы «Сәлем бердік, хирург бауырым» дегені сол еді, лезде басын көтерген Толықбай өз көзіне өзі сенер-сенбесін білмей, табанасты дегбірді де қалды. Орнынан өре түрегеліп, қос қолын қобалжыған күйде алға оздырды да:

– Ассалаумағалейкум, аға. Айып етпеңіз, алдымдағы қағаздарға алаңдап қалыппын, – деп ақталғысы келгендей кейіп танытты. Сол мезет Мырзатай:

– Саспа бауырым, қайта мен сенің уақытыңды алып отырмын. Өзіңді мұнда әдейі іздеп келдім. Қаптаған нөкерлерімді тастап, жалғыз жүргенім де сондықтан. Сенің маған алғаш келген кезің есінде ме? Сол жолы мен: «Толықбай бауырым, біздің қанымыз бір. Тағдырдың жазуымен жат жұртта жүрміз. Өзгенің табасына қалмас үшін алдымен өзімізді іскерлігімізбен таныта білуіміз керек. От шашқан көзіңе, жалындаған сөзіңе сенім артып, сені өзің қалаған жұмысқа орналастырып беремін. Бірақ бір шартым бар: «Сен халықтың қадірлісі болуға тиістісің», – деген болатынмын. Бұл шартымды мақұлдап, басыңды изеп кеткен жайың және бар. Енді міне, араға үш жылды салып, екеуміз тағы кездесіп отырмыз. Сенен есеп алайын деп келгенім жоқ. Елдің аузындағы сөздер-ақ еңбегіңнің жемісі мен жеңісін білдіріп, сездіріп тұр. Өзіңе ағалық ризашылық көңілмен келіп отырған жайым бар. Жарайсың, бауырым! – деп Толықбайды құшағына алды да, оң қолымен арқасынан қақты.

Білдей бір облыстың басшысы өзі іздеп келіп, мұндай ілтипат көрсететіні Толықбайдың өңі түгіл

түсіне де кірмеген. Бұл жағдайға аурухана басшылығы мен ұжым да аң-таң. Алғашқыда Мырзатайды көрген олар абыр-сабыр күй кешкен болатын. Айналасын торуылдап, қошемет көрсетпек ниет те танытқан. Алайда, облыс басшысы олардың бұл қам-қарекетін таппа тыйды. «Маған Толықбай деген хирург азамат керек. Соның бөлмесін көрсетіңдер де, өз жұмыстарыңды алаңсыз атқара беріңдер», – деп тоқетер сөзін айтты. Аурухана дәрігерлері Мырзатайдың меңзеген бөлмесін көрсеткенімен, көңілдері бір сәт те тыншыған жоқ. «Не жағдай болып қалды екен?», « Бүкіл көмекшілерін тастап, облыс басшысы өзі ғана жүргені несі?», – деген секілді дүдәмал сұрақтар тұла бойларын торлап алған. Олар облыс басшысының қайта шыққанын тағатсыздана күтті. Не де болса, бар жағдайды Толықбайдың өз аузынан естімек.

Туған аға-бауырдай ағынан жарыла әңгіме өрбіте кеткен қос азамат жұбын жазбай бөлмеден шыққанда олардың жайдары қалпын аңғарған аурухана қызметкерлері сырттай біраз қызықтап тұрды. Ал, облыс басшысы көлігіне мініп, көзден ұзағанда көпшіліктің зейіні Толықбайға ауды. Мұндай құбылыстың қылаң беретінін іштей сезді ме, әйтеуір ел назарын аударған хирург көп күттірмей:

– Мырзекенді медицина саласына қатысты бірқатар сұрақтар мазалап жүр екен. Мәселе отбасына қатысты болғандықтан менімен жеке кездесуді ұйғарыпты. Дүрлігетін ештеңе жоқ, бәрі дұрыс әріптестер, – деп шын мәнінде болған жайды бұра тартып жеткізді. Табиғатынан жұрт алдында мақтануды жарата қоймайтын ол «орын алған жағдайды боямасыз айтсам, мақтаншақтыққа бой алдырғандай боламын» деп ойлады. Сондай-ақ, бұдан кейінгі жұмыс

барысында да бәз-баяғы қалпын сақтап, кеуде керген жайы жоқ. Әйтсе де, облыс басшысының ризашылық пейілде келгендігі оның бойына толассыз рухани күш берді. Өз ісіне деген жауапкершілігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Мырзатайдың мейірге толы жүзі мен шынайы ілтипатын халықтың қошеметі деп қабылдады.

Бүкіл облыс тұрғындарының арқа сүйер ауруханасы болғандықтан онда дертке дауа іздеп келетін кісілердің саны аз болмады. Сондай-ақ, сырқаттың сан түрі кездесіп жатады. Арасындағы асқынғанына немесе төтенше жағдайлардан туындайтын ауыр жарақаттарға жедел операция жасалады. Бұл жауапты міндет Толықбайдың мойнында. Ал, жоспарлы операцияларды жасау ісінде өзбек жігіті Ғафурдың да қолғабысы бар. Бұл азаматтың талабы таудай. Ұстазы айтқан жағдайларды тез ұғынып алады. Толықбайдың тәптіштеп түсіндірген операциялық әдістерін әрі қарай тәжірибе жүзінде қалтқысыз атқаруға бар күшін салады. Оның осындай құлшынысын құп көретін бас хирург оған өз білгенін үйретуден аянған емес. Шәкірттің ұстазға деген құрметі де айрықша. Кез келген операцияны бар ынты-шынтысымен, сауатты ыәм таза атқаруды дағды еткен дәрігер ағасына тіпті тәнті. Операция бөлмесінде бірге іс атқаруға мүмкіндік тумаған кездердің өзінде, сырттай бақылауға қашанда ынтық. Сырқаттың бір түріне қатысты жасалатын операциялардың барысында ұстазының үйреншікті әдістерден бөлек, табанасты қосымша тәсілді қолданысқа енгізе кететін тапқырылығына да ол дән риза. Сондай-ақ, сол әдісінің сырқатқа оң септігін тигізетіні таң қаларлық. Не керек, Толықбайдың көптеген операциясы зерттеп-зерделеуді қажет ететін ғылым іспетті.

Толықбайдың Сырдария облыстық ауруханасында еңбек етіп жүргеніне төртінші жыл. Бір күні Өзбекстан астанасы Ташкент қаласына іссапармен бармақ болып, жолға дайындалып жатқанда қонаққа кластас достары Ағман, Тайман және Есенгелді келеді. Оларды осындай қарбалас шақта келе қалады деп ойламаған Толықбай бастапқыда бей-жай күй кешкенімен, амандық-саулықтан соң барлығына оңтайлы шешім қабылдайды. Бала кезден тай құлындай тебісіп өскен жолдастарын өзімен бірге Ташкентке алып кетеді. Сырдария облысы мен Ташкенттің арасы аса алыс болмағанымен жоспарланған жұмыстың ауқымдылығы кемінде екі күнді қажет етті. Сондықтан сыныптастар діттеген жерге жете салысымен қонақ үйге жайғасты. Толықбай бірінші күні орталық ауруханада болып, ойға алған жұмыстарын бітіруге бар күшін салды. Ал, ертесінде өзімен бірге ере келген жолдастарына қаланың шырайлы жерлерін көрсетуге де уақыт тапты. Ташкенттің орталық алаңын тамашалап болған соң кластастар көше бойын жағалай жүріп келе жатып, жолай кездескен бір мейрамханаға кірді. Бос орынға жайғаса салысымен, ас мәзірі жазылған қағазды кезекпе-кезек қолға алып, әрқайсысы өз тағамына тапсырыс берді. Даяшы ол тапсырыстарды қағазына түртіп алды да, өз жөнімен кетті. Бір уақытта әлгі тағамдардан бөлек қосымша ас түрлері де ағыла бастады. Тайман, Есенгелді мен Ағман аң-таң болып, Толықбайдың жүзіне қарады. Олармен бірге өзі де таңданып отырған ол «Даяшы жаңылысқан болар, қазір сұрап көреміз», – деп жолдастарына жымия қарады. Даяшы қыз тағы да тапсырыстан бөлек тағамдарын алып келгенде, өзі де, сөзі де ширақ Есенгелді: «Қарындас, бізді шектен тыс қошеметтеп

жіберген жоқсың ба, мына тағамдарға тапсырыс берген жоқ едік ғой», – деп сөз бастағаны сол еді, әлгі қыз: «Бу хужайиннинг номидан Туликбай акаға», – деп өзбекше тіл қатты да, ізінше асхана жақтағы есік іргесінде тұрған тұлғалы бір кісіні меңзеді. Сол мезет мейрамхана қожайыны Толықбайға көз жүгіртті де, оң қолын кеудесіне қойған бойда басын изеп, изеттілік танытты. Оның жүзін шырамытқан Толықбай да оған басын изеп, ризашылық кейпін білдірді. Сыныптастар тағамның түр-түріне толы дастарханнан қалағанша дәм татып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Ал, мейрамханадан кетер кезінде олар өздері тапсырыс берген тағамдарына ақша төлеуге ықылас білдіріп еді, даяшы қыз «бұл – сіздердің құрметтеріңізге жайған қожайынның дастарханы», – деп, райларынан қайтарды. Сонымен бірге, оларға жеміс-жидек секілді жеңіл тағамдар мен сусындар салынған өзбекше өрнектегі қоржынды да қоса беріп жіберді. Ауылдан ат терлетіп келген Ағман, Тайман және Есенгелді мейрамхананың сыртқы есігінен шыға салысымен, Толықбайды кезекпе-кезек құшаққа алып, өздерінің дән ризашылығын білдірді. Олар оның Сырдария облысындағы абыройы жайында естіп-білгенімен, есімінің ел астанасында да асқақтап тұрғанын біле бермейтін. Мұның сырын Толықбай жолдастарына қонақ үйге барғанда айтты. Ол әңгімесін әлгі мейрамхана қожайынынан бастады:

– Ол жігіт біздің ауруханаға сырқаты асқынып келген болатын. Тексере келе оның бауыры ауыратындығын анықтадық. Сырқатына «эхинококк» деген диагноз қойылды. Сендерге түсінікті болу үшін аурудың бұл түріне сипаттама бере кетейін. Эхинококк дегеніміз – жануарлар ағзасында тіршілік ететін құрттар. Олар әр түрлі пішінде болады. Эхинококк

қоздырғышының жұмыртқалары адам ағзасына иттің жүнінен, бүлінген тағам арқылы, бүйрегі мен өкпесі осы қоздырғыштармен зақымданған малдан жұғады. Адам оны сондай-ақ ауру малды сауғанда, оның жүнін қырыққанда жұқтыруы да мүмкін. Ол адамның кез келген мүшесін, негізінен көбіне бауыры мен өкпесін зақымдайды. Зақымданған орган бірте-бірте ұлғая бастайды. Бауыры зақымданған адам оң жақ қабырға астынан ауырсыну сезінеді. Егер адамның өкпесі зақымданса, онда оның көкірегі ауырып, жөтел және демікпе пайда болуы, кейде қан құсуы ықтимал. Эхинококк түйіршіктері жарылып, өңешке немесе ішкі органдарға жайылып кетуі мүмкін. Бұл асқыну өте қауіпті, оның соңы өлімге соқтыратын кездері де бар. Мұндай сырқат түрлерін тек операция арқылы емдейтіндіктен мен дертке дауа іздеп келген азаматқа уақыт оздырмай операция жасадым. Қойылған диагноз біз болжағандай болып шықты. Сондай-ақ, алдын-ала сезгенімдей ауруы асқынған екен. Бауыр адамның аса нәзік мүшесі болғандықтан оған операция жасаған дәрігер әр қимылын байыппен бағамдап отыру керек. Бір қателік жіберсе, мың пәлеге ұрындырады. Ал, аурудың асқынған түріне кезіккенде тіпті сақ болған дұрыс. Шынымды айтсам, әлгі жігіттің бауырындағы жағдайды алғаш көргенде көңілім құлазып кетті. Оның аман қалуына күдікпен қарадым. Әйтсе де, «әрекет түбі – берекет» демей ме халық даналығы. Бірінші Құдайға, екінші өзіме сеніп, операцияның негізгі бөлігіне кірістім де кеттім. Мұндайда қобалжуға әсте болмайды. Кеудемде «қалайда бұл жігіт аман қалуы тиіс» деген сөз жаңғырып тұрды. Операция барысында алдымен эхинококк түйіршіктерінен аздап жапа шеккен аумақты мұқият тазалап шықтым. Содан кейін бауырдың зақымданған жерін залалсыздандыру

әрекетіне көштім. Сол мезеттегі іс-қимылдарым айтар ауызға ғана жеңіл. Мен операция үстінде «мың өліп, мың тірілгендей» болдым. Әйтеуір, Құдай сәтін салып, төккен маңдай терім ақталды. Ташкенттегі орталық ауруханадан бас тартып, маған сенім арта келген өзбек жігіті қайтадан аяққа тұрды. Бұл – осыдан бір жарым жыл бұрынғы оқиға ғой. Өмірдің қызығын қарашы, сол жігіт бүгінде ел астанасындағы бірдей бір мейрамхананың қожайыны екен. Атасына мың да бір рахмет, мені көрген бойда ризашылық көңілін көл-көсір дастарханымен білдірді. Мәдениеттілігін айтсайшы, кеудесіне қолын қойып, алыстан маған басын изеді. Қасыма келіп, өткен-кеткенді еске түсіргісі келемеген секілді.

Өз басым қарапайым халықтың тарапынан азды-көпті қошемет көріп келемін. Сондағы түйгенім: «Халыққа жасалған қалтқысыз қызмет қашан да бағаланады екен. Ел-жұрт еткен адал еңбегіңді еш ұмытпайтынына көзім жетті».

Толықбай Сырдария облыстық ауруханасында жұмыс істеп жүргеніне төртінші жыл толғанда Өзбекстанға бір кездері жалға берілген Иличь, Киров және Жетісай аудандары қайтадан Қазақстанға қайтарылды. Бұл жағдай білікті хирургтың еңбек жолын тағы бір арнаға бұрып жіберді. Өзі Өзбекстанда, ал туған жері мен ағайын-туысы атажұртта қалғаны оны алаңдатпай қойған жоқ. Бір күні Шымкент қаласына жолы түсіп, ондағы облыстық ауруханаға бас сұққан болатын. Аталмыш аурухананың бас дәрігері – Вагид Алиев деген кісі. Толықбай бұл кісі жайында көп естігенімен, жүзбе-жүз кездесіп көрмеген. Халық Вагидті білімді ыәм білікті дәрігер ретінде қадір тұтады. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсете білетін қарапайым қасиеті де ел ықыласына бөленген. Толықбай бас дәрігермен

қабылдау бөлмесіне кіреберісте кездесті. Тұлғасы ірі, бойшаң келген жігітке бұрыла қараған бас дәрігер:

– Бұл бөлмеге жұрттың бәрі мені іздеп келеді. Сен де сол жұрттың бірісің ғой, шамасы», – деп сөз саптағаны сол еді, Толықбай:

– Ия, ия, – деп жадыраңқы жүзін жанындағы кісіге қарай қадап, ақырын жымың қақты. Ізін ала Вагид Алиев:

– Кеттік ендеше, менің жұмыс бөлмеме қарай жүрелік, – деп өз жетегіне ертті.

Қос дәрігердің екеуара әңгімесі негізінен өз мамандықтары аясында өрбіді. Екеуі де хирург мамандығының иесі болғандықтан ә, дегеннен-ақ әңгімелері жарасты. Бірінің сөзін бірі жалғап, аздықөпті білгендерін ағынан жарыла ақтара кеткенде іштегі шерлері тарқағандай шат-шадыман күй кешті. Вагид елжұрт айтып жүргендей шынында да кішіге ізет көрсете білетін кішіпейіл кісі екен. Ол Толықбайдың қабілет-қарымын аңғарған бойда:

– Бауырым, сен біздің облыстық ауруханаға керек мамансың. Жат жұртта жүргеніңе төрт жылдан асыпты. Енді, атажұртқа да еңбегің сіңу керек ғой. Менің бұл айтқанымды ағалық ақыл әрі ұсыныс деп қабылда. Отбасылы екенсің, қабырғаңмен кеңес, ойланып көр, – деп шынайы пейілін көрсетті.

Сырдария облыстық ауруханасы – Толықбайдың тәжірибесін арттырып қана қоймай, ел алдындағы абыройын да асқақтатқан қастерлі мекеме. Ынтымағы сүттей ұйыған ұжымына да бауыр басып үлгерген. Осының бәрі оның ой елегінен өтсе, Вагид Алиевтың тарапынан жасалған ұсынысқа я келісерін, я келіспесін білмей басы қатады. Ол арада он шақты күндей өткенде Мырзатай ағасына барды. Облыс басшысымен жүздесіп, амандық-саулықтан соң ішкі

сырын ақтарып көрген. Ниеттес ағасы алғашында «Қайдам, қайдам, бауырым» деп қалтарысты күйде болғанымен, жағдайды жан-жақты сараптап болған соң, жүзі жадырап:

– Бауырым, сенің болашағыңнан үлкен үміт күтемін. Алдына қойған мақсатыңа жетпей тынбайтын өлермендігің өз алдына, мен сенің ісіңнің тазалығына дән ризамын. Шымкент облысы аумағы мен халық саны жағынан Қазақстандағы ең ірі аймақтардың бірі. Вагид Мехманоглы айтқандай, бүгінгі таңда бұл аймақ білікті медициналық мамандарға зәру болып отыр. Алиев жайында ел арасында жақсы әңгіме көп. Ол кісінің аңсары саған тектен-тек ауып отырған жоқ. Көзі қарақты ғой, бір көргеннен өзіңе «құда түсіпті». Ендеше, ел аузында жүрген бас дәрігердің ұсынысын қабыл ал да, ендігі тіршілігіңді Атажұртта жалғастыр. Менің айтар ақылым осы, – деп сөзін түйіндеді.

Толықбай сырлас ағасының айтқанын құп көріп, Шымкент облысына отбасымен бірге көшіп баруды ұйғарды. Алайда, арада бірер күн өткенде ауылдан анасы Ақтамақтың төсек тартып жатқаны жайлы жайсыз хабар жетті. Кейуана сүт кенжесін көре алмай қаламын деп қауіп алды ма, әйтеуір «Толықбайымды шақыртыңдар» деген сөзді жиі қайталай беріпті. Саналы ғұмырында бес уақыт намазын қаза қылмай, дін-Исламның жолын адал ұстанған Ақтамақ көпшілікке көреген тәуіп ретінде танылды. Ол жұрттың ризашылықпен берген тиын-тебенін ауылдағы жетім-жесірлерге үлестіріп беріп отырды. Толықбай ауылға келгенде ағасы Өзбекбайдың шаңырағы Ақтамақтың көңілін сұрай келген жұртқа толы екен. Олар ішке кезекпе-кезек кіріп шығып жатыр. Толықбай да солардың көшіне ілесіп, анасы жатқан бөлмеге бас сұққанда жанарын жасқа малыған Ақтамақ:

– Айналайын, құлыным, аман-есен келдің бе? «Сенің жүзіңді көре алмай, қапыда кетем бе?, – деп қорқып едім. Құдайға мың да бір шүкір, енді көңілім тоқ. Балам, жақында мен бір түс көрдім. Сенің айналаңды кілең ауру-сырқау адамдар торлап алыпты. Соларға көз жүгіртіп, көңілің құлазып тұрған сәтте маңдайыңнан жарқырап шуақ шашылды. Сол шуақ әлгі адамдарды дертінен айықтырып, жабырқаулы жанарларын жадыратып жіберді. Балам, бұл түс болашақты меңзеп отыр. Құдай қаласа, халықтың алдындағы қадірің күн санап арта береді. Есінде болсын, елдің шынайы ықыласына бөленген адам – нағыз бақытты адам», – деп сөздерін ентіге жеткізді. Бойын қарттықтың мысы билеген Ақтамақтың бұл айтқаны – кенже ұлына естірткісі келген ақтық сөзі болатын.

Толықбай анасының жылын өткізген соң Шымкент облысына қоныс аударып, облыстық ауруханаға хирург болып орналасты. Жаңа жұмыс орны, жаңа ұжым болғандықтан ә, дегеннен сіңісіп кету кім-кімге болсын жеңіл тимесі белгілі. Бұл тұрғыда бас дәрігердің қолғабысы көп тиді. Іске келгенде ауыр және жедел операцияларды бірлесе жасауға бейіл тұрса, ұжымның қатысуында өтетін жиындарда атқарған жұмыстарын айтып, мерейін өсіріп отырды. Вагид Алиев өзінен кейінгі толқынның бойынан айрықша қабілет аңғарса, қатты қуанатыны бар. Туған бауырындай өзіне жақын тартып, өзгеше ілтипат көрсетеді. Жұмыс бастағанына көп уақыт өтпей Толықбай да бас дәрігердің осындай құрметіне бөленді. Операция кезінде ойлары бір жерден шығып, іс-қимылдары үйлесті. Бірі ұстаз

болып, білгенін үйретсе, екіншісі шәкірт болып, естіп-көргенін санаға тоқыды. Облыстық ауруханаға Шымкент қаласы мен облыс аудандарынан келетін сырқат кісілер өте көп. Арасында ауыр халде жететіндері де аз емес. Толықбай қай-қайсысына болсын әзір тұрады. Тартыншақтау, сенімсіздік таныту секілді секем алу ода жоқ. Нар тәуекел – намысын қайрайтын ұраны. Әрине, ауыр және жедел операцияларды жасау қиынның қиыны. Бұл іске бірінші кезекте дәрігердің дер кезінде дұрыс шешім қабылдай алатын біліктілігі қажет. Әсіресе, жедел операция осы талапты ауадай қажет етеді. Санаулы секундтарда қабылданған ұйғарым сырқат кісінің тағдырын шешуі де ықтимал. Мұның бәрін Толықбай жақсы біледі. Өзбекстанда жүргенде өз көзімен көріп, талай жағдайды бастан кешірген. Сол кездерде жинақтаған тәжірибесі Атажұртта да айтарлықтай пайдасын тигізді. Ал, білікті басшы болса, оның қабілет-қарымын әркез бағамдап, қажет кезде ақыл-кеңесін беріп отырды.

Толықбай Шымкент қаласына қоныс аударған кезде оның туған ағалары Өзбекбай мен Серікбай отбасымен бірге Шардара ауданынан Қызылқұм ауылына көшіп келген болатын. Мұнда да екеуі ауылшаруашылық техникасын жүргізді. Өзбекбай бәз-баяғы қалпынан танған жоқ. Сырт көз оның киген киіміне қарап, тракторшы емес, әкімшілікте жұмыс істейтін шенеунік деп ойлап қалуы әбден кәдік еді. Әттең, білімінің жоқтығы ғой, жүріс-тұрысы мен болмыс-бітімі кәдуілгі зиялылық қасиетті меңзеп тұрғандай. Өзі осындай болса, сөзі де ел басында жүрген азаматтардай салмақты.

Жұрттың тілін тез табады. Айтар әңгімесінің әсерлілігінен болса керек, тыңдағанды әп-сәтте ұйытады. Мінезі де жайдары. Оның ашу шақырып, айқай-ұйқайға басқан кезін сырт көз тіпті көрмеген. Отбасында да ондай қылығы байқалмайды. Ашуы алқымнан алған кездің өзінде де сабырды серік етіп, ақылға жеңдіреді. Ісіне өте тиянақты. Жұмысқа кешігіп баруды құп көрмейді. Күні бойы егінді алқапта трактор жүргізсе де, үйге үстіндегі тап-таза киімімімен келеді. Ауылдағы агроном, бригадирлер де оның осындай ұқыптылығына тәнті болады. Олар Өзбекбайға еліктеп, бірер күн таза жүруге тырысып баққанымен, көп ұзамай бәз-баяғы қалпына түседі.

Күйбің тіршілікпен өтіп жатқан күндердің бірінде Өзбекбай таңертең ерте тұрып, жуынып-шайынып алған соң, қалыптасқан әдетімен жұмыс киімін киіп жатқанда қарын тұсындағы оң жақ мықыны ақырын дыз ете қалды. Ол мұны өткінші нәрсе ғой деп мән бере қоймады. Алайда, әлгі жағдай тракторға мінер кезде де, жол үстінде кетіп бара жатқанда да, егінді алқапқа жеткенде де бірнеше рет қайталанды. Кеңшардың жұмысына кесірім тиіп кетпесін деген ниетпен ол мұнысын ешкімге сездірмей, тиесілі жұмысына бел шеше кірісіп кетті. Бірақ, оң жақ мықынының сәт сайын сыздауы мазасын әбден қашырды. Түс ауа болған жағдайды басшылыққа түсіндірді де, үйіне барып тынықпақ болды. Жұбайы Әденге «таңертеңнен бері ішімнің оң жақ тұсы сыздап қоймады, сәл демалып алайын, мүмкін басылар» деп жұмыстан ерте келгендігінің себебін ұқтырғандай болды. Қырсыққанда, дене қимылы қиындай түсіп, тынығуға титтей де

мүмкіншілігі болмады. Қайта-қайта сыртқа шығып, жаны күйзелген оған Әден:

– Өзбекбай өз-өзінді қинай бергенше дәрігерге көрінсеңші. Сенің мына сырқатың ушығып бара жатқанға ұқсайды ғой, – деп жанашырлық сөзін айтып еді, ол:

– Дұрыс айтасың, ауруханаға бармасам болмас. Серікбайды шақыртайын, екеуміз Мақталыға барамыз, – деп жұбайының сөзін құптады.

Қос бауыр көрші ауылдағы ауруханаға жетісімен, қабылдау бөлмесіндегі дәрігерге жолықты. Өзін хирургпын деп таныстырған орта жастағы кісі Өзбекбайды тексеріп болған соң оған операция жасалу керектігін айтты. Ал, сырқатын «соқыр ішек» ауруы деп түсіндірді. Мұны естіген Серікбайдың көңілі тіпті құлазыды. Қасындағы Өзбекбайдың да өңі сұр тарта өзгергенімен, інісіне сездіргісі келмей:

– Серікбай, уайымдайтын ештеңе жоқ. Дәрігер «бұл сырқат ел арасында көп кездеседі» деп отыр ғой. Жеңіл операциялардың қатарына жатады екен, – деп көңілін жайландырмақ болып еді, інісі:

– Аға, Шымкенттегі Толықбайға да хабар берейік, өзінді ол да қарап көрсін, – деп көкейдегі ойын айтқан. Бұған Өзбекбай үзілді-кесілді қарсы шықты. «Жеңіл-желпі жағдай үшін оны мазалап қайтеміз, мына хирург ініме сенім артайық» деп сөзін түйіндеді.

Өзбекбайдың ауруханаға кеткенін естіген туыс ағалары Біллә, Піләл, Сламбек және Әбу де көп ұзамай Серікбайдың қасынан табылды. Ал, бұл кезде Өзбекбай операция бөлмесінде болатын. Хирург кісі

алдын-ала жасалуға тиісті дайындық жұмыстарын жүргізген соң іштің оң жақ төменгі бөлігін, яғни тоқ ішек орналасқан тұсты тұспалдады да, сыртқы теріні кесуді бастап кетті. Операцияның алғашқы сатыларын өзіне сенімді қалыпта орындаған ол тоқ ішекпен жанаса, жалғаса біткен ұзындығы саусақтай қалташаға келгенде шектің қатты қабынғанын көрді. Ол бастапқыда жағдайды былайша болжамаған болатын. Соқыр ішек аздап жарыла бастаған. Оның зардабы көк ет пен тоқ ішекке де тие бастапты. Мұндай сәтте дәрігер әр қимылына сақ болғаны ләзім. Пышақ ұшы тиген жерлерді және зардап келген аумақты мұқият тазаламаса, ауру асқынып, ішек қуысына өте қауіпті инфекция таралады. Мұны дәрігер білгенімен, бойын сенімсіздік биледі ме, әлде біліктілігі жетпеді ме, әйтеуір аппендикстің жеңіл түріне жасалатын операциялық әрекеттен анау айтты аса қойған жоқ. Асығыстыққа бой ұрып, ішкі және сыртқы тігістерде де кінәрат жіберді. Ал, сыртта хабар күтіп отырған Өзбекбайдың туған-туыстарына «Операция жақсы өтті. Енді бірер күн осында ем қабылдайды» деп өзін де, өзгені де алдаусыратты. Ал, шын мәнінде жағдай мәз емес-тін. Өзбекбай палатаға ауыстырылғанымен, оның ауруының беті бері қараған жоқ. Қабынған ішкі шектері мен атүсті тігілген тігістерінің орны Өзбекбайдың жанын жегідей жеді. Күн санап халі мүшкілдеген соң, аудан орталығынан тексеріске келген дәрігерлер тағы да операция жасау керек деп ұйғарды. Мұны естіген ауылдағы ағайын «Қалайда бұл жағдайды Толықбай білуі тиіс» деп оған құлағдар етуге кісі аттандырды. Туған ағасына

қатысты жайсыз хабарды естіген бойда Толықбай медициналық мекемеге тиесілі тікұшақпен Киров ауданына жедел жетті. Өзбекбайдың өңі тіпті бозарып кеткен. Ішкен-жегені бойына сіңбеген соң, түрі солғын тартып, әжептәуір ет алдырған. Оны көргенде інісі «қаны басына шапқандай» халде болды. Орын алған жағдайды бағамдап үлгерген ол алдымен операция жасаған хирургке «Сенімен кейін сөйлесемін», ал туған-туысқандарына «Бұл жағдайға дер кезінде хабар бермеген сендер де айыптысыңдар» деп бірауыз сөзін айтты да, Өзбекбайды тікұшаққа салып, өзімен бірге алып кетті.

Ауруы тіпті асқынған Өзбекбайға екінші операцияны облыстық аурухананың бас дәрігері Вагид пен Толықбай екеуі бірлесіп жасады. Науқастың көк еті мен тоқ ішегі қатты зақымданғандықтан қауіпті инфекция ішек қуыстарына таралып үлгерген. Сондай-ақ, аш ішектің тесілгені де аңғарылды. Мұның бәрі қос хирургтың жұмысын тіпті ауырлатып жіберді. Олар бар ынты-шынтысын сала әрекет жасағанымен, нәтиже көңіл қуантарлық болмады. Өзбекбай операциядан жаны үзілмей шықты. Бірақ, бірер күндік ғұмыры ғана қалған. Бұл кезде ауылдан ауруханаға оның жағдайына қараспақ ниетте жары Әден де келген болатын. Толықбай өкініштен өзегі өртеніп тұрса да, жеңгесіне сыр білдірмей:

– Сіз ауылға қайтадан бара беріңіз. Өзекеңді осындағы қызметкерлер бақылап отырады. Алаңдайтын дәнеңе жоқ. Бала-шағаңыздың қасына барыңыз, – деп қайтадан кері қайтуға көндірді.

Алайда, Өденнің жүрегі бірдеңені сезді ме, әйтеуір ауылға жеткенше санасын түрлі ой тұмшалап алды. Құлазыған көңілі жайланбай-ақ қойды. «Қайным мені неге ауылға қайтарып жіберді?», «Екінші рет пышаққа түскен Өзбекбайдың қасында болуымды қаламағаны несі?» деген секілді сұрақтар бір сәт маза берген жоқ. Көңілі алаңдаған күйде ауылға жеткенде жасы үлкен ағайын-туыстың абырсабыр әрекеттері де күдігін үдете түсті. Кейін белгілі болғандай, Толықбай туыс ағаларына Өзбекбайдың жағдайынан хабардар етіп қойған екен. Олардың қабырғалары қайыса қаралы күнге камданып жүргені де сондықтан. Арада екі күн өткенде Толықбай бақилық болған ағасын ауылға алып келді. Қырық төрт жасында жаны қиылған Өзбекбайдың соңында қырық жасқа жетпеген жары мен алты ұл, төрт қызы қалды. Тұңғышы Құттықыз орта мектепті бітіріп, он жеті жасқа енді аяқ басса, кенжесі Хасенғали бір жасқа да толмаған болатын.

Балалық бал шақта қамқор бола білген ағасын аман алып қала алмағанына Толықбай қатты өкінді. Ол бар кінәні алғашқы операцияны атүсті жасаған аудандағы хирургке ғана артып қойған жоқ. Шарасыздық күй танытқаны үшін өзін де кінәлады. Ауылдағы туыс ағалары әлгі хирургке қатысты іс қозғатамыз деп біраз даурыққандай болып еді, олардың бұл әрекетіне ол тосқауыл қойды. «Кез келген хирург науқасқа операцияны жаман болсын деп жасамайды. Қателік қай-қайсымызда да болады. Тағдырдың салғанына мойынсұнып, оған кешірім берейік» деп өз уәжін айтты. Ағайынды райынан қайтарғанымен, әріптесінің жіберген қателіктерін

өзіне арнайы жолығып, қаперіне сала кетуді ұйғарды. Ол кездескен бойда «Асқар, науқас сенің алдыңа өз аяғымен келген. Операция барысында сырқаттың тым мүшкіл еместігін аңғарған боларсың. Бірақ, сенің әрекеттерің ауруды әрі қарай ушықтырған. Сол жағдайларды өзің біліп тұрып, науқасты палатада бірнеше күн ұстағансың. Мұның соңы адам өліміне алып келді. Дәл осы әрекетің үшін сені қызметіңнен де, бас бостандығыңнан да айыруға әбден болушы еді. Алайда, ауылдағы ағайын отбасыңды ойлағандықтан райынан қайтты. Бірақ, елдің бәрі осылай жасай береді деп ойлама. Ендігі жерде аяғыңды тағы шалыс бассаң, ешкім саған кешіріммен қарай қоймас. Облыстық аурухана да ол қылығыңа оң қабақ танытпайды» деп ескерту сөзін айтып кетті.

Толықбайдың ойынан ағасына жасалған операция еш шықпай қойды. «Қалай ғана кісі өліміне жол бердім. Аурудың мұндай асқынған түріне амалдың табылмағаны ма?» деген секілді сұрақтар күн сайын мазалады. Оның көкейін тескен жайды сырттай аңғарып жүрген аурухана басшысы Вагид Алиев:

– Саған айтар кеңесім, өзіңді босқа кінәлап, жаныңды жегідей жей берме. Өзекеңнің асқынған сырқаты ішек ойығы ауруына ұласқанын өзің де білесің. Дерттің мұндай түрі бүгінгі таңда тек біздің өңірдегі ғана емес, Республика аумағындағы білікті хирургтардың да басын қатырып жүрген мәселелердің бірі саналады. Әзірге, бұған қатысты сәтті жасалған операцияны ести қойған жоқпын, – деп орын алған жағдайды орынды уәжімен

түсіндірді. Толықбай жанашыр басшысының айтқан сөзін ақылға қондырып, сырт көзге мазасыз ойдан арылған адамдай көрініп жүрді. Алайда, ішек ойығы сырқатына қатысты білімін күн санап жетілдіре берді. Еңбек жолын алғаш бастаған кездегідей кітапханаларға жиі бас сұғып, Кеңес Одағына белгілі хирургтардың еңбегіне үңілді. Бір күні Толықбай үйіне жұмыстан келгенде қарындасы Құттықыз ас бөлмеде ыдыс жуып тұр екен. Ол оның оң қолындағы «губкаға» көзі түсті де, маған мынаны бере тұршы деп, құдды бірінші рет көріп тұрғандай әрі аударып, бері аударып үніле қарады. Қарындасы тіпті аң-таң. Ыдыс жууға арналған затқа неге қызыға қалды екен деп, ол да таңырқай қарап тұр. Бір уақытта әлгі зат Толықбайдың жүзіне қуаныштың күлкісін үйірді. Қарқылдай күлген ол жұмыстан келген кездегі шаршаңқы қалпын ұмытып, қолындағы затты қос алақанына кезекпе-кезек ауыстырып жатыр. Мұндай қылық оның жүрегін шаттық кернеген кездерде қылаң береді. Құттықыз көз алдындағы затқа көңілі марқайған ағасына:

– Сіз мына затқа текке қызыққан жоқсың. Шамасы бірдеңе ойлағаныңыз бар-ау, – деп жүзіне қарап еді, Толықбай:

– Көптен бері көкейімді тесіп жүрген бір мәселе бар. Сол түйткілді мәселенің түйінін сен күнделікті қолданып жүрген мына «губка» шешуі керек. Күні ертең жаңасын сатып аламын да, реті келгенде тәжірибеге енгіземін. Әзірге сұрағыңа айтар жауабым осы. Қалғанын Қадырбаевтың тәжірибесінен кейін халықтан естисің, – деп әңгімесін әзіл араластыра сабақтады.

Толықбай тұрмыста қолданылатын әлгіндей затты операция барысында ішек ойығына жаратып көруді ұйғарды. Адам қарынының ішінде орналасқан ішектердің кейбірі кейде түрлі себептермен тесіліп жатады. Оның залалы шаш етектен. Мәселен, аш ішек тесілсе, адам бойына ас батпай, ішкен-жегені шектің сыртына шығып кетеді. Бұл жағдай адам организмнің қалыпты деңгейін бұзып, өзге де шектердің қабынуына әкеп соқтырады. Тесілген шектердің ойығын операция барысында тіккенмен, айналасындағы ылғалдың және басқа да залалды құбылыстардың салдарынан бітелуі тіпті қиын. Из суымай ажырап кететін сәттер аз емес. Кезінде Өзбекбайға жасалған операцияда осындай жағдай орын алып еді. Толықбай туған ағасын аман алып қала алмауға себеп болған бұл мәселені қалайда шешемін деп өз-өзіне серт берген. Енді міне, соны орындаудың орайы келіп тұр. Ол қарындағы ішектердің бірі тесілген науқас кісіге операция жасағанда алдымен ішек ойығына «губкадан» кесіліп алынған шағын тығынды еппен орналастырып көріп еді, ішек ішіндегі заттардың сыртқа шығуы тоқтады. Бірақ, ойық айналасы тым ылғалды және іріңді болғандықтан оны тігудің қисыны келмеді. Сондықтан ішек ойығының жан-жағы құрғап, бір қалыпқа келгенге дейін науқастың ішінде бірер күн, яғни уақытша тығынды ұстай тұру керек болды. Арада бір аптадай уақыт өткенде Толықбай ойығы шағын тығынмен бекітілген ішекті қайта қарап көріп еді, жан-жағы тазарып қалыпты. Бұған балаша шаттанған ол одан кейін жасалуға тиісті тігісті де тыңғылықты атқарып шықты. Талапты

хирург бұл әдісін ішек ойығы дертіне шалдыққан талай науқасқа қолданды. Бәрі де сәтті аяқталып, оларды ажал аузынан аман алып қалды. Оның ойға алған мақсатына жетпей тынбайтын еңбекқорлығын ескерген облыстық аурухананың бас дәрігері Вагид Алиев ауыруы асқынған науқастар жататын және жедел операциялар жасалатын №2 хирургия бөліміне Толықбайды жетекші етіп бекітті.

Облыстық ауруханадағы ең жауапты бөлімді басқарған Толықбай бүкіл аудандардағы емхана басшыларына науқастардың арасында ішек қуысы ауруларына, әсіресе ішек ойығы сырқатына шалдыққандарын Шымкентке қарай жіберу керектігі айтылған арнайы хат жолдады. Бұдан кейін елді-мекендерден дертке дауа іздегендер көптеп ағыла бастады. Білікті хирургтың қолына жаны үзілмей жеткендері аман-есен отбасымен қауышып жатты. «Ел құлағы елу» демекші, №2 хирургия бөлімі туралы жақсы әңгіме жұртқа тез жайылып та үлгерді. Соның әсері болса керек, тек Шымкент облысының аумағынан ғана емес, көрші Өзбекстан мен Қырғызстан Республикаларынан да науқас кісілер ат терлетіп келе бастады. Осындай жағдайлардан кейін ресми түрде №2 хирургия деп аталатын Толықбай басқаратын бөлім ел арасында «Ішек ойығы орталығы» деп аталып кетті.

Толықбай хирургия саласы бойынша ізденісін одан әрі жалғастыра берді. Былайғы жұрттың аузында «сүйек құрты» деп аталып кеткен сырқат түрі алғашқы сатыларында адамға біліне қоймайтындықтан оны асқындырып алатындар өте көп. Бұл сырқат балалар мен жасөспірімдерде жиі кездеседі. Ауруға дер

кезінде ем-дом қолданылмаса, оның соңы адамның қалыпты қозғалысын бұзып, мүгедектік халге жеткізуі әбден мүмкін. Облыстық аурухананың №2 хирургия бөлімінде аталмыш сырқатты асқындырып алған адамдар жатады. Яғни, олардың тағдыры хирург жасаған операцияға тікелей байланысты. Ал, операция әдісі болса, дәрігерлерге аса сақтықты қажет етеді. Себебі, сүйектің зақымданған орнындағы жаралы ойықты медицина қызметкерлері «молоток» деп атап кеткен құралмен ақырын соққылау арқылы түсіреді. Егер, дәрігердің қолы епті болмаса, сүйектің сау аумағының өзі зардап шегеді. Сондықтан Толықбай жаралы ойықтың айналасын соққылау кезінде барынша сақ қимылдайды. Бір қызығы, оның осы әдіске келгенде бойында ептілікпен қатар, ерекше бір қасиет те бар секілді. Қашағыш іспетті құралмен бірқалыпты ұрғанда жарадан өзге аумақ әркез аман қалады. Оның сырын сұраған әріптестеріне Толықбай:

– Менің Бейсен деген атам елге аты шыққан етікші болған. Бала кезімде ол кісі мені қасынан бір елі қалдырмайтын. Әсіресе, ұстаханасында көмекшілік қызметті көп атқарғанмын. Сол кезде оның балғамен шеге қағысын, бізбен тері тігісін мұқият қарап отыратынмын. Арагідік әлгі құралдарды маған да ұстатып, ұсталыққа баулып қоятын кездері де болды. Жарықтық, атамның қолы аса епті еді ғой. Қағысында да, тігісінде де мін жоқ болатын. Сол кісінің тәлімі мен бойындағы қасиеті маған да жұғысты болса керек, – деп жауап береді.

Ізденімпаз хирургты «сүйек құртына» қатысты қолданылып жүрген әдістің қолайсыздығы әркез

ойландырып жүрді. «Бес саусақ бірдей емес», кей хирургтардың қағысынан кінәрат кетіп, сүйекке зардабы тиіп жатады. Оның залалын дертіне дауа іздеп келген адам тартады. Осындай жағдайларды ойлаған сайын ол «қалайда басқа амал табуым керек» деп өз-өзін қайрай түседі. Толықбай тағы да тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтарға шүйлікті. Олардың кейбірін көзбен көру мақсатында дүкен жағалауды да шығарды. Бір күні тұрмыстық құрал-жабдықтар сататын сауда орнында жүргенде оның көзі қабырға бұрғылауға арналған шағын құралға түсті. Осы мезет ол «сүйектің жаралы ойығын айнала тесер болсақ, оны түсіруге оңай болмай ма?» деген ойға келді. Көп ұзамай, қаладағы бір ұстаға бұрғылайтын құралдың кішкентай түрін тапсырыспен жасатып, кезекті бір операцияда қолданып көрді. Сүйектің ойықты тұсын ашқан соң, оның айналасын әлгі құралмен жеті-сегіз рет тесіп шығып еді, ойық оп-оңай түсті де қалды. Бұған «әкесі тіріліп келгендей қуанған» Толықбай жарадан ада болған орынға уақытша түтікше қойып, бірнеше күн медициналық сұйықтықтармен тазалап отырды. Ал, бұл операция толық аяқталғанда қолданылған әдістің сүйекке әсте зияны тимегендігі, сондай-ақ сүйек жаралы ойықтан құлан-таза айыққандығы белгілі болды. Осылайша, жаңа хирургиялық әдіс бірінші, дәрігерлердің жұмысын жеңілдетуге жол ашса, екінші, ем іздеп келген кісілердің қосымша сырқатты еншілеп кетпеуіне септігін тигізді. Толықбайдың негізгі мақсаты да осы болатын.

Жалпы, адамның кез келген мүшесіне жасалынатын операция барысында әлемдік

ғалымдардың ғылыми түрде дәлелдеп, тәжірибеге енгізіп кеткен әдістері басшылыққа алынады. Ал, ішкі операциялық әрекеттер қабілетті хирургтардың ізденісі мен тапқырлығының арқасында қосымша әдістермен толығып отырады. Толықбай осы бағыттағы жұмыстарын жандандыра берді. Оны мазалап жүрген ендігі мәселе – бауырда кездесетін Эхинококк сырқаты. Былайғы жұрт бұл ауруды «бауыр құрты» деп атап кеткен. Мұның өзіндік себебі де бар. Бауырда түрлі себептермен пайда болатын дөңгеленген қабыршық ішінде кішкентай құрттар жүреді. Оны дер кезінде операциялық жолмен алып тастау қажет. Олай болмаған жағдайда қабыршық үлкейіп, оның соңы жарылуына әкеп соқтырады. Бұл – адам өміріне қауіп төндіретін жағдай. Нақтылай айтқанда, қабыршық ішіндегі түйіршіктер бауырға кеңінен таралып, ауруды тым асқындырып жібереді. Тәжірибеде «бауыр құртының» көзін жоюға байланысты қалыптасқан операциялық әдістер бар. Оны Толықбай да қолданады. Бірақ, жасалынып жүрген операциялардан кейін сырқаттың қайта пайда болу жағдайлары жиі кездесіп жатты. Талапты хирург алдымен осының себебіне терең үңілді. Нәтижесінде, қабыршықты алып тастай сала оның орнын із суытпай тігуге әсте болмайтындығын ұқты. Өйткені, бұл кезде бауыр қоздырғыш түйіршіктерден толық арылмайды екен. Сондықтан кезекті бір операцияда ол қабыршық тұрған орынға «сүйек құрты» сырқатына қолданғандай уақытша түтікше қойып, бірнеше күн түпкілікті тазалау қамқарықаретіне көшті. Ал, бұл ойы жүзеге асқан соң, ол ойықталған орынды бұрынғы қалыптасқан әдіспен

емес, басқаша жолмен тіге бастады. Яғни, ойықтың ішкі жағынан бері қарай аса ептілікпен тігіп шыққанда, тіпті ине ұшындай да саңылау қалған жоқ. Сондай-ақ, іші толық тазаланғандықтан сырқаттың қайта пайда болу жағдайы орын алмады. Толықбай осылайша тағы бір сырқат түріне жасалынатын операцияға қосымша жаңа әдісін енгізді.

Операцияның қандай түрін жасаса да, әрбір іс-әрекетіне есеп бере білетін білікті хирург тосыннан болатын жағдайларда да жедел әрі ұтымды шешім қабылдап жүрді. Қалыптасқан қағидаттарды қаперде ұстаумен қатар, қажеттілік туындағанда қосымша әдістерді қолдана кету оның дағдысына айналды. Мәселен, операция барысында сыртқы және ішкі тіндерді түрлендіріп тігу оған тән болатын. Тәжірибе жүзінде кей тіндерге тек көлденең тігіс қолданылып жүрсе, Толықбай ол әдістен ауытқып, тігісті тігінен өретін кездері де бар. Қандай әдіске көшсе де, әйтеуір әрекеті нәтижелі аяқталады. Кезінде Бейсен атасы ұсталық жолында етігінің тігісінен жаңылмай, ел ықыласына бөленіп еді. Енді міне, соның тәрбиесін көріп, тәлімін бойына сіңірген перзенті де медицина саласында тігістен кінәрат жібермейтін хирургтардың біріне айналып отыр. Қол астында жұмыс істеп жүрген еңбекқор қызметкерінің жеткен жетістіктеріне риза болып жүретін бас дәрігер бір күні Толықбайды өз бөлмесіне шақырып алды. Жеке жүздесе қалса, туған ағалы-інідей емен-жарқын әңгімелесе кететін екеуі бұл жолы да сол үрдістен танған жоқ. Алғашқыда хирургия саласы бойынша облыстық ауруханада атқарылған жұмыстарға бірсыпыра тоқталған бас

дәрігер Толықбайдың бұл бағыттағы қосқан үлесін де атап өтіп, оған:

– Мен сенің өз ісінді әркез тиянақты атқаратындығыңа, сондай-ақ қай кезде болса да іздене жүріп, белгілі бір нәтижеге қол жеткізетіңе ризамын. Соңғы жылдары бірқатар сырқаттарға байланысты жасалынатын операцияларға өз жаңалықтарыңды енгізіп те үлгердің. Сенің операция үстінде қолданған қосымша әдістерің ауырып келген кісінің тез айығып кетуіне септігін мол тигізіп жатыр. Толықбай, мен бұл жағдайларды көптен бері көкейді тесіп жүрген бір мәселеге байланысты айтып отырмын. Ендігі жерде сен өз қабілетіңді ғылыми негізде дәлелдеуің қажет. Ол үшін әрине бүгіннен бастап кандидаттық диссертацияға лайықты еңбектеріңді қағазға түсіріп, топтастыра бер. Бұл бірінші мәселе, екінші айта кетер жайт, мен осы уақытқа дейін барлық ғылыми еңбектеріңді Мәскеуде қорғап келемін. Себебі, біздегі ғылыми кеңеске көңілім толмайды. Оның басшысы Әуезовтың атына, менің фамилияма кір келтіріп жүр. Бір ұққаным, оған кісінің қабілетінен гөрі, «қаспақты қаншалықты деңгейде қырғыза алатындығы» маңызды секілді. Мен ойлана келе мынандай шешімге келдім: «Сен де ғылыми еңбегіңді Мәскеуде қорғайтын боласың», – деп көкейіндегі ойын ақтарды.

Бас дәрігердің бұл ұсынысы Толықбайды қатты қуандырып тастады. Көп ұзамай, ол терінің және ішкі тіндердің түрлі себептермен іріңдеуіне байланысты ізденісін жетілдіре отырып, оны тазалау мен алдын алуға қатысты тәжірибе жүзінде пайдаланған жаңа

әдістерін ғылыми еңбегіне енгізді. Әсіресе, операция барысында қолданылатын тәсілдеріне кеңірек тоқталды. Оның қағазға түсірген дүниелеріне Вагид Алиев көз жүгірткен сайын көңілі тоқтығын білдіріп қояды. Толықбай өзінің ғылыми еңбегін жазумен қатар, облыстық ауруханадағы негізгі жұмысын да жандандыра берді. Ауруханаға облыс аудандарынан дертке шалдыққан кісілер өте көп келетіндіктен, кейбір сырқат түрлеріне операцияны жергілікті жерде жасау мақсатында аймақтарға жолсапармен жиі шығуға тура келді. Жеті-сегіз әріптесін жетегіне ертіп, ең кем дегенде бір аптадай аудандық ауруханаларда болады. Әр операция жасалған сайын сол жақтағы хирургтар қасынан табылады. Білікті хирург білгенін оларға тәптіштеп тұрып түсіндіреді. Қай аудандық ауруханаға барса да, бұл оның қалыптасқан дағдысы. Ол осылайша елді мекендердегі хирургтардың біліктілігін жетілдірді. Нәтижесінде, кезінде тек облыстық ауруханада ғана жасалып жүрген бірқатар операцияларды олар ауданның өзінде жүзеге асыра алатын деңгейге жетті. Толықбай жергілікті жердегі дәрігерлерге операциялық әдістерді үйретумен қатар, олардың өз ісіне әркез тыңғылықты болуына аса мән берді. Ол аудандық ауруханаға келгенде алдымен онда ем алып жатқан науқастарды бірсыпыра тексеріп шығады. Олардың әрбірінің ауру тарихына үңіліп, сырқатының сол мезеттегі деңгейімен салыстыра таразылайды. Бірде, өзінің ауылы орналасқан Киров ауданындағы ауруханаға барып, әлгіндей дағдысымен ондағы науқастарды тексере бастағанда хирург-дәрігердің тарапынан

кеткен өрескел кемшіліктерді байқап қалады. Ауруханаға түрлі деңгейдегі дене жарақатымен түскен бірнеше науқас жазылу уақыты өтіп кетсе де, дертінен әлі күнге айыға қоймаған. Себебі, оларға хирург тарапынан медициналық көмек тиісті деңгейде көрсетілмепті. Әсіресе, жарақатты тазалау ісінде шикілік бар. Толықбай осындай олқылыққа жол берген ауданның бас хирургын өзімен бірге ертіп алып, Қызылқұм ауылын бетке алды. Жол бойы оған тіл қатқан жоқ. Діттеген елді мекенге жетісімен, олар Тайманның үйіне барды. Алайда, Толықбай сыныптас досының шаңырағына кірген жоқ. Үйдің көше жақтағы ауласында онымен жүздесіп, мұнда келгендегі мақсатына көшті. Ол қасындағы әріптесін оң қолымен меңзеп тұрып:

– «Тайман, менің қасымда тұрған мына азамат – Киров ауданының бас хирургы. Өзің білесің, мен аудандық ауруханаларды жиі аралаймын. Қай ауданға барсам да, ондағы хирург бауырларымды өз туысымдай көріп, бар білгенімді көкейлеріне тоқып кетемін. Сондай-ақ, оларға «Алдына ауырып келген адамды әрдайым туған бауырындай көріп, қолдан келген көмегіңді аяма» деген сөзді жиі айтамын. Осы уақытқа дейін Киров ауданына да бірнеше рет жолым түсті. Жоғарыдағы сөзімді мына бауырыма да талай рет айтқанмын. Бірақ, құлағына құйса да, санасына тоқымапты. Ауруханаға жеңіл жарақатпен түскен кісілердің өзін ісіне селқос қарап қинап жатыр. Бір аптада беті бері қарауға тиісті жарақатпен ай асырып жатқандар да бар. Сен ел басқарып жүрген азаматсың ғой, адамды осылай қинауға бола ма?», – деп айтар сөзін ашына

жеткізді. Сәл үнсіздіктен кейін беті қызарып, басын төмен салған азаматқа қарап:

– Еркін, мен сені қарсы алдыңда тұрған ағаңа кездестірейін деп әдейі алып келдім. Ел басқарып жүрген азаматтың алдында мүмкін есіңді жинарсың. Өзіңе мынаны ескерте айтамын: «Ауруханаға адам баласы ерігіп бармайды. Қу жанын шүберекке түйіп, дертке дауа іздеп келеді. Ал, онсыз да қиналып келген адамды одан сайын қинау дәрігерге тән қылық емес. Ол – озбырлықпен тең. Сен осы кездесуден кейін қорытынды шығарарсың деп ойлаймын, – деп сөзін түйіндеді де, оны жөніне жіберді.

Толықбай іссапармен қай жаққа барса да, жергілікті жердегі әріптестеріне өз білген-көргенін, көңілге түйгенін орайын тауып айтып отырады. Ал, облыстық ауруханада оны ұжымы білікті хирург ретінде ғана емес, қол астындағы қызметкерлерге орынды талап қоя білетін басшы ретінде де таниды. Шынында да, бөлім меңгерушісі жұмысқа келгенде әріптестеріне әрдайым «өз істеріңе тиянақты болыңдар» деп ескертуді әсте ұмытқан емес. Әсіресе, оның операцияға келгенде талабы өте қатал. Ол алдымен, қасындағы көмекшілеріне операцияға бірге алып кіретін медициналық құрал-жабдықтарды бір санатып алады. Содан кейін аға медбикені шақырып алады да, оған тағы да санатып, журналға тіркеткізеді. Ал, операция аяқталған соң әлгі көмекшілеріне және аға медбикеге іштен шыққан жабдықтарды қайта санатқызады. Бұдан соң журналдағы тізімге қарап тұрып өзі де түгендеп шығады. Оның бұл қалыптасқан дағдысын операцияға бірге кіретін дәрігерлер жақсы біледі.

Сондықтан жұмыс барысында өте сақ қимылдайды. Толықбай жасалынатын операцияның қандай түрі болса да, әлгіндей қағидаттарды әрдайым ұстанып жүрді. Мұндағы мақсаты – кей операцияларда орын алып жататын науқас денесінде медициналық заттың қалып қоюы секілді оқиғаларға жол бермеу болатын. Ол орынды талабы мен жіті қадағалауының арқасында бұл діттеген мақсатына жетіп жүрді. Алайда, оның еңбек жолында жадында жатталып қалған бір тосын оқиға да болды. Бауыры сырқаттанған бір науқасқа күрделі операция жасалынатын кезде Толықбай әдеттегідей көмекші және аға медбикелерге ішке кіргізілетін медициналық құрал-жабдықтарды бірсыпыра санатып алды. Содан соң 4-5 сағатқа созылған операция аяқталысымен алдымен көмекші медбикеге қайта түгендетіп көріп еді, ол «түгел екен» деген сөзді өз-өзіне сенімсіздеу кейіпте айтты. Ал, одан кейін санауға кіріскен аға медбике де әріптес құрбысын амалсыз құптап, ол да «түгел екен» дей салды. Екеуінің қос еріндері дірілдей шыққан сөздеріне күмәнданған Толықбай журналды қолына алып, құрал-сайманды тізім бойынша мұқият тексеріп шыққанда бір заттың науқас денесінде қалғандығын анықтады. Сол мезет ол көмекшілерді жетегіне ертіп, операция бөлмесіне қайта кірді. Науқастың бойында «наркоздың» күші кете қоймаған кез. Осыны пайдаланған хирург-дәрігер тәуекелге бел буып, тігілген теріні қайта ашты. Ішкі тіндердегі тігістерді де сөге келе, іздегенін тапты. Құдай сәтін салып, екінші рет жасалған операция да тәп-тәуір аяқталды. Бірақ, көмекші медбике тарапынан кеткен

кемшілікке Толықбай көз жұмып қарай алмады. Ол операция бөлмесінен шыққан бойда оған:

– Науқастың денесінде қалған әлгі затты біз елемей қойғанда оның соңы неге соқтаратынын сен білесің бе? Көп ұзамай ірі бастайтын бұл зат ішектерді де сау қалдырмайды. Оның соңы адам өліміне алып келуі де ғажап емес. Егер осылай бола қалса, оның туыстарына не бетімізбен қараймыз? Сен әлгіндей ұқыпсыз әрекетің арқылы науқасқа қосымша ауру тауып беруге, сондай-ақ менің жұмысыма кір келтіруге шақ қалдың. Сондықтан екінші рет операция бөлмесіне кірмейтін боласың, – деп жай-жапсарды баяндаумен қатар, оның жұмысына қатысты нақты шешімін де айтып салды.

Толықбай кез келген операцияны жан-тәнімен беріліп жасады. Атүсті қараған кезі жоқ. Сондықтан болса керек, тек облыстық ауруханада ғана емес, өзге де медициналық мекемелерде де түрлі сырқаттарға операция жасап жүрді. Білікті хирург ол жерлерге өзі сұранып барған жоқ. Еңбегін естіп-біліп жүрген ел-жұрт аттай қалап арнайы шақыртатын. Әсіресе, асқынған аурулар мен сәтті шықпаған операциядан кейінгі жайсыз жағдайларда оның көмегі тимеген кез кемде-кем. Осылайша ол облыс халқына кеңінен танылды. Халық оның жақсылығын қалай ұмытсын!.. Қай жерде жүрсе де қошеметін аяған жоқ. Ал, оның шипалы қолынан дертіне дауа тапқандардың құрметі тіпті ерекше болды. Бірде Толықбай туыс інісі Болатпен бірге өсіп-өнген ауылы Қызылқұмнан Шымкентке қарай жеңіл көлікпен кетіп бара жатқанда, Сарыағаш ауданының аумағынан бір көлік жанамалай келіп,

тура алдарына келіп тоқтады. Бір кезде көлік ішінен денелі келген бір жігіт шықты да, Болаттың қасында отырған Толықбайға келіп:

– Тоқа, ассалаумағалейкум! Мені танымадыңыз-ау, шамасы. Осыдан төрт жыл бұрын облыстық ауруханаға ауыр халде түсіп едім ғой, – деп жүзін анығырақ көрсеткісі келгендей сәл еңкейіп еді, Толықбай оны шырамытқанмен, есіне анық түсіре алмады. Бір кезде әлгі жігіт көйлегінің түймелерін ағытып жіберді де, ішкі майкісін жоғары көтеріп қалды. Қарынының қақ ортасы асқазан тұсынан бастап кіндікке дейін кесілгендігін көлемі үлкен тыртық білдіріп тұр. Соны байқаған бойда Толықбай көліктің ішінен суырыла сыртқа шықты да:

– «Енді есіме түсті. Сен Мақсат емессің бе? Саған жасаған операция ойыма оралса, әлі күнге дейін денем түршігеді. Әйтеуір, көрер күнің бар екен, Құдай сәтін салып ажал аузынан аман қалдың. Өзің тіпті өзгеріп кетіпсің ғой. Көңілің тоққа ұқсайды», – деп жылы құшағына қысты. Сол-ақ екен, қуаныштан жүрегі алып ұшқан Мақсат хирург ағасын көлік жүргізушісімен бірге Абай кеңсарына қарай алып кетті. Онда құтты қонақ келеді деп, ауыл тұрғындары абыр-сабыр күй кешіп жатыр екен. Бұл жағдайды алғаш көргенде Толықбай той үстінен түстік деп ойлаған. Бірақ, олай болмай шықты. Елге еңбегін сіңіріп жүрген білікті хирург жайында көп естіген ауыл тұрғындары ақылдаса келе, оны бірлесе күтеміз деп ұйғарыпты. Бір қауым елдің жиналып, той мәзірін жасап жүргендігі де сондықтан.

Шымкент қаласынан анағұрлым шалғайдағы ауыл халқының көл-көсір қошеметі Толықбайдың

өз ісіне деген жігерін одан бетер жани түсті. Алдына ауырып келген кез келген адамға өз туысындай қарап, қашан дерттен айығып шыққанға дейін қамқорлығын аямады. Аурухананың төсегіне таңылған кісілердің ұлтына, тіліне, діліне, дініне қарап бөле жарған жоқ. Қай палатаға кірсе де, науқастардың көңілін бақты. Қажет кезде қалжыңын да айтып, езуіне күлкі үйіртсе, кейде сырқаты жайында сыр ақтарып, жағдайға жан-жақты қанықтырды. Бір күні №2 хирургия бөліміне Светлана есімді орта жастан асқан бір орыс әйелі сырқаттанып түсті. Оған асқазандағы ішектің қабынуына байланысты операция жасалмақ. Алдымен екі-үш күндей ем қабылдау керек болды. Бірінші күні таңертең оның палатасына Толықбай тексеріске келді де, оның жабырқаулы көңілін көтеру мақсатында орысшалап әзілі аралас әңгімесін өрбіте кетті. Әлгінде ғана қасындағы науқастарға да қарамай, қабағы үйінтүйін күйде тұрған Светлананың сол мезеттегі жадыраңқы жүзі сырт көзді тіпті таң қалдырды. Ал, дәрігер палатадан шыққанда ол жанындағы кісілерге: «Жаңағы дәрігердің әңгімесін естіп, дертімнен құлан-таза айыққандай күй кештім ғой» деп ағыннан жарылды. Жалпы, науқастар тарапынан мұндай ризашылық көңіл-күй жиі байқалатын. Шипалы қолымен ғана емес, әсерлендіре айта білетін әңгімесімен де науқасты емдейтін Толықбайға сеніммен қарайтындар өте көп болды. Сондықтан «Толықбай жасайды» десе, операцияның қандай түрі болса да, бас тартқан бірі жоқ.

Өзінің таза еңбегімен ел ықыласына бөленіп жүрген Толықбай әрі басшысы, әрі ұстазы бола

білген Вагид Алиевтің тарапынан айтылған ұсынысты да ұмыт қалдырған жоқ. Қолы қалт етсе, ғылыми еңбегіне қажет деп тапқан дүниелерді қағазға түсіріп жүрді. Әжетке жарайтындарын әжептәуір жинап та үлгерген. Алайда, екі-үш айдың көлемінде екеуі Мәскеуге аттанамыз деп жүргенде аурухана басшысы қызметінен алынды. Биліктің мұндай шешімге келуіне не себеп болғанын ешкім біле алған жоқ. Вагид Алиев те ұжыммен қоштасарда бұл жайында әңгімелей қоймады. Тек Толықбайды оңаша шақырып алып, жақын күндерде Мәскеуге қоныс аударатынын, сол жақта оны күтетіндігін ескертіп кетті.

Облыстық аурухананың жаңа басшысы болып Дербісәлі Сексенбаев деген ғалым кісі тағайындалды. Ол – ел арасында білікті, іскер дәрігер ретінде танылған азаматтардың бірі. Медицина саласының қыр-сырына қанық бұл басшы да Толықбайдың іскерлігі мен қабілетін бағалай білді. Ауруханада жасалатын ауыр операцияларды көбіне екеуі бірге жүзеге асырып жүрді. Ол Толықбайдың өз ісіне деген шынайы адалдығын аңғарған бойда-ақ қандай жағдайда да оған бек сенуге болатындығын сезініп қана қоймай, оның іс-әрекетін өз әріптестеріне әрдайым үлгі ретінде айтып жүрді. Сондықтан болса керек, зерделі басшы Толықбайға бөлім меңгерушілігіне қоса өзінің хирургия саласы бойынша орынбасары қызметін де қатар жүктеді. Бұл міндет Толықбайдың жұмысын арттырмаса, азайтқан жоқ. Іскерлік іссапары да, жұмыс барысындағы тірлігі де көбейді. Жалпы, мұндай қарбаласты тіршілікке Толықбай Өзбекстанның

Сырдария облысында еңбек етіп жүрген кезде-ақ бой үйреткен. Сондықтан бұл жағдай оған салмақ түсіре қойған жоқ. Тек, бір жылдан астам уақыт көз майын тауыса жазған ғылыми еңбегін Мәскеуге барып қорғауға еш мүмкіншілігі болмады. Қанша тырысып-баққанымен Ресейге жолы түспеді. Уақыт өте келе, бұл мәселе «жабулы қазан» күйінше қалып қойды. Бірақ, ол өз мақсатынан түпкілікті күдер үзген жоқ. Арада екі жыл өткенде тағы бір ғылыми тақырыпты қаужай бастады. Бұл жолы тәжірибе жүзінде өзі енгізген бауырдағы сырқаттарға байланысты операциялық әдістерін қағазға түсірді. Алдымен, түрлі жағдайда ауруханаға келген сырқат кісілердің 435 ауру тарихын алға тартып, оларды дерттен айқытыру жолында қолданған тәсілдерін тәптіштеп тұрып жазып шықты. Ғылыми еңбекке түскен дененің бір мүшесіндегі сырқат түрлері мен оны емдеу барысындағы қолданылатын әдістер сол кезеңдегі тың жаңалық болатын. Толықбай 1985 жылға дейін медицинада өзекті болып келген мәселенің шешімін тапты. Сондықтан бұл еңбегі Ғылыми кеңестің тарапынан қолдау табады деп ойлаған. Бірақ, үкілеген үміті ақталмады. Оның диссертациялық еңбегін Ғылыми кеңестің басшысына алып барған әріптесі Керімше жайсыз хабармен оралды. Кеңес басшысы «Бұл жігіт біздің сыннан өтпейді» деп кесіп айтыпты. Толықбай ол кісінің кереғар пиғылын түсінген соң, қайта әрекет жасауды қаперіне де алмады. Ұстазы Вагид Алиевтың бір кездерде оған қатысты айтқан сөзін есіне түсірді де, «Бұл ағам бірдеңені білген екен ғой» деп ой түйді. Орын алған осы оқиғадан

кейін арада сегіз айдай уақыт өткенде облыстағы бір хирург азаматтың докторлық диссертация қорғағандығы жайында ел-жұрт айтып жүрді. Оның ғылыми еңбегі хирургия саласына қатысты болғандықтан диссертацияның тақырыбы мен мазмұны Толықбайды да қызықтырды. Ал, тиісті ақпаратқа қаныққанда «өңі түгіл, түсіне де кірмеген» бір жағдайға тап болды. Әлгі ғылыми еңбек адам бауырында кездесетін сырқаттарға қатысты қорғалған екен. Қызығы сол, онда жаңалық ретінде көрсетілген операциялық әдістер Толықбай тәжірибе жүзінде қолданып жүрген тәсілдерден әсте кем болмай шықты. Осы жағдайдан кейін Толықбайдың көңілінде күдік бұлты ұялағанымен, ол бұл күйзелісін тірі пендеге білдірген жоқ. Алайда, бірнеше ай бұрын диссертациялық еңбегін Ғылыми кеңестің басшысына тапсырып келген Керімше әріптестерінің көзінше Толықбайға:

– «Тоқа, жуырда қорғалған докторлық диссертация сіздің еңбегіңіз емес пе, осы. Ғалымның жұртқа жария еткен жаңалықтары осыдан сегіз ай бұрын Ғылыми кеңестің басшысына өз қолыммен тапсырған сіздің ғылыми жұмыстарыңызда жазылып еді ғой. Осы жағын ойлап көрген жоқсыз ба?», – деп күдікті ойын ортаға сала кетті. Мұндайды күтпеген Толықбай сәл ойланыңқырап тұрды да:

– «Керімше, өмірде мұндай таңқаларлық жағдайлар бола береді. Мен әлгі диссертация қорғаған азаматты жақсы білемін. Білімі де, біліктілігі де жоғары жігіт. Мүмкін, екеуміздің қабілет-қарымымыз бір арнаға тоғысқан болуы да мүмкін ғой. Тіліміздегі «сәйкестік» деген сөзді

осындай жағдайларда қолданып жіберсек, тіпті қатып кетпей ме?», – деп қасындағы әріптесіне жымия қарады. Оның әлгі азаматқа қатысты айтқан сөздері шын жүректен шыққан бағасы болғанымен, ғылыми еңбегіне байланысты айтылған «сәйкестік» деген сөзі жағдайды ушықтырмау мақсатындағы амалы еді. Оның үстіне нақты дәлел болмағандықтан орынсыз айыптауға негіз жоқ. Орын алған жағдайға күдікпен қараса да, онысын өз ортасына сездірмеді. Алайда, Ғылыми кеңеске деген көңілі тіпті суып кетті. Бұдан кейінгі еңбек жолдарында да ел игілігіне жарарлық жаңа операциялық әдістерді тәжірибеге енгізіп жүрді. Шәкірт тәрбиелеп, өзі де ұстаздық жолды ұстанды. Осылайша өтіп жатқан күндердің бірінде Толықбайға өзінен кіші Оңласбек деген хирург азамат оңаша әңгімелескені бар. Ол – облыстық аурухананың өкпе аурулары бөлімшесінің меңгерушісі. Соңғы кездері талаптанып, кандидаттық диссертация қорғауға әрекеттеніп жүр. Оның мұнда келуіне де осы жағдай түрткі болған.

– Тоқа, сіздің бауырға және бүйрекке қолданып жүрген тігінен тігу әдісін мен өкпеге пайдаланып көріп едім, өте сәтті шықты. Қазір бұл әдісті операция барысында жиі қолданып жүрмін. Жараның орны жап-жақсы бітеліп, асқыну деген атымен болмайды екен. Осы бір озық әдісті сіз неге ғылыми еңбекке жазбайсыз? Сыртыңыздан бірнеше жыл бақылап жүрмін. Бұл бағыттағы әрекетіңіз де байқалмайды.

Оңласбектің ойын әңгімесінен бағамдаған Толықбай:

– Мен әлгі әдісті бауыр мен бүйрекке қолдансам, сен өкпеге қолданып, өзіңнің білікті хирург екенінді дәлелдепсің. Мұны текке айтып отырған жоқпын. Жақсы нәрсені жарата білу де – үлкен өнер. Адамның әр мүшесі әрқалай жаратылған. Өкпенің өзіндік ерекшеліктерін зерделей отырып, тігінен тігу әдісін тиімді қолданғаның сенің жаңалыққа жан құмарлығыңды да байқатады. Сен өкпеге қолданған әдісті өзімдікі деп қабылда. Өйткені, мұнда сенің табанды еңбегің жатыр. Кандидаттық диссертация қорғауға талпынып жүргендігіңді мен білемін. Ендеше, әлгі еңбегіңді ғылыми жұмысыңа енгіз. Мен сенің азаматтығыңа ризамын. Қолданған әдісіңнің шығу төркіні Толықбайда ғой деп алдыма келгенің үшін «Айналып-ақ кетейін», – деп қос қолын айқара ашып, оны жылы құшағына қысты.

Тағы бірде, Толықбайдың жұмыс бөлмесіне еврей досы Володя келді де:

– «Досым-ау, сенің жасап жүрген әр операцияда жаңашылдық бар. Мен мұны көзбен көріп, көңілге тоқыған соң айтып отырмын. Қалайша бейқам жүресің? Қағазға түсіріп, еңбегіңді ғылыми негізде дәлелдеуге талпынбайсың ба?», – деп шыж-пыж күй кешті. Бір кезде үстел үстіндегі қаламды қолына ұстады да, оны тігінен тұрғызып, бәзбіреулер мынаны сәл қисайтса да, онысын жаңалық деп қабылдап, халыққа жария етіп жатады. Ал, сен болсаң, еткен еңбегіңді бағалай білмейсің, – деп тағы да өзін қоярға жер таппай, аласұра кетті. Оның бұл қылығына бір жағынан риза, бір жағынан езуіне күлкі үйіріле мәз болған Толықбай досының қолын қысып тұрып:

– Сенің шынайы шыққан жанашырлық сөзіңе рахмет. Алайда, мен мұның бәрін білмейді деймісің? Есінде болса, қайбір жылы өзімнің таза еңбегімді паш еткен ғылыми жұмысымды тиісті жерге ұсынып едім ғой. Ол жақтағылар оң қабақ танытпады. Ол ол ма, арада бірнеше ай өткенде көңілге күдік ұялатқан жағдай да орын алды. Соның бәрі менің күдерімді үзді. Жасаған операцияларымда жаңа әдістер қолданып жатсам, бұл әрекетімнің пайдасы сырқаттанған кісілерге тиіп жатыр. Солардың шын жүректен айтып жүрген алғысы әлгі диссертациялардан мың есе артық. Мен алдағы уақытта да осы алған бағытымнан танбаймын. Еңбегімді ел білім жатыр. Ал, жаңа әдістерімді жанашыр адамдарым пайдаланғысы келсе, оларға тек батамды беремін, – деп жүрекжарды сөзін ақтарды.

Толықбайдың тарапынан ықылас білдірілген соң кейбір әріптестері жаңа операциялық әдістерді баспасөз беттеріне жариялап жүрді. Әйтсе де, олар мақалаға ілеспе автор ретінде Толықбайды да тіркеуді есте ұмытқан жоқ. Солардың қатарында Мақмұд атты хирург кісі де болатын. Ішек ойғы сырқатына байланысты оның және ұлы мен келінінің жазған дүниелері жетерлік еді. Соларды топтастыра келе, келіні бір күні кандидаттық диссертация қорғады. Бұл уақытта Мақмұд профессор атағын алып та үлгерген. Ол отбасы қуанышын әріптестерімен бөлісу мақсатында туған жері Қызылордада олардың басын қосты. Бұл шараға Толықбайды да арнайы қонақ ретінде шақырған. Мерекелік дастархан басына жиналған қонақтардың арасында ел астанасы Алматыдан және

басқа да өңірлерден ат терлетіп келген академиктер мен профессор ғалымдар аз болған жоқ. Бір уақытта солардың алдында сөз алған білікті хирург Махмұд өз шәкірттерінің қасында отырған Толықбайды құрметпен орнынан тұрғызды да:

– Мен көпшіліктің алдында бір жағдайды айта кеткенді жөн санадым. Менің келінім ішек ойығы сырқатын емдеу ісіне байланысты ғылыми еңбегін қорғады. Жалпы, бұл сырқаттың қырсырын Толықбайдан артық білетін адам жоқ. Ол осы сырқатты емдеу жолында жаңа операциялық әдістердің талайын қолданысқа енгізді. Біз тойлап отырған кандидаттық еңбекте солардың бірқатары көрініс те тапты. Сондықтан алдарыңызда тұрған Толықбай Қадырбайұлына отбасымның атынан ризашылығымды білдіремін. Бұл азамат бүгінде талай шәкірт тәрбиелеп те шығарды. Олардың алдысы медицина ғылымының докторы атағын алған. Солардың бірқатары осында да отыр, – деп көңілін күпті еткен ойын ортаға салғаны сол еді, жиналған жұртшылықтың қошеметті қол шапалағы мен шәкірттерінің «Бұл кісі біздің де ұстазымыз» деп бір-бірімен таласа айтқан сөздері естіген құлаққа жаңғыра жеткенімен, жағымдылығы басым болды. Мұндайды әсте күтпеген Толықбай ізін ала сөз алып, алдымен зиялы қауымның алдында ақиқатты ашып айтқан хирург ағасына алғысын білдіре келе, сан жылдар бойы ішінде сақтап келген сырын көпшілікке жайып салды.

– Мен бала кезімнен Бейсен деген туыс атамның қолында тәрбиелендім. Ол – ел таныған етікші болатын. Сол кісінің үйіне алғаш барғанымда

мені ұстаханасына алып барып: «Балам, есіңде болсын, адал еңбек адамға абырой әпереді» деген еді. Ал, туған анам Ақтамақ ақтық сапарға аттанар алдында: «Құлыным, халықтың қадірлісі болғаннан асқан бақыт жоқ» деп айтқан болатын. Осы екі кісінің маған аманат етіп айтып кеткен бұл сөздерін бүкіл еңбек жолымда жүрегіме тұмар етіп ұстадым. Алдыма ауырып келген кез келген адамды туған бауырымнан кем көрмеуге тырыстым. Егер, операция барысында жаңа әдістерге қол жеткізсем, солардың тән жарасын жазу мақсатындағы әрекеттерім деп ұққайсыздар. Жаңалық ашып, өзімді жарнамалайын деген мақсат менде болған жоқ. Қолданған жаңа әдістерім дертіне дауа іздеп келген талай адамның әжетіне жарады. Менің діттеген мақсатым да осы еді. Құдайға мың да бір шүкір деп айтайын, қолымнан айығып шыққан ел-жұрттың ерекше құрметіне ие болдым. Содан болса керек, былайғы жұрт мені «Доктор Қадырбаев» деп атап жүр. Яғни, «Доктор» деген атақты халықтың өзі берді. Мен үшін бұдан асқан құрмет, бұдан асқан баға, бұдан асқан атақ жоқ. Сондықтан өзімді өте бақытты адаммын деп есептеймін.

Жүректен тебірене шыққан бұл сөздер дастархан басында отырған қонақтардың орындарынан тік тұрып, ұзақ қол шапалақтауына түрткі болды. Медицина саласындағы майталмандардың қарапайым хирург Қадырбаевқа көрсеткен шынайы қошеметі еді бұл. Ия, халықтың қадірлісі болған қандай ғанибет!

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Құдай менің мандайыма хирург болуды жазыпты. Бүкіл саналы ғұмырымды осы салаға арнадым. Әрине, аспаннан дап-дайын дәрігер болып түсе қойған жоқпын. Тағдыр маған бала кезімнен бастап өмірдің күреске толы екендігін ұқтырды. Екінші дүниежүзілік соғыстың екінші жылында, яғни 1942 жылдың 5 мамырында дүниеге келгенімде сол жылы асқар тауым әкем өмірден озды. Артында жесірі болып жұбайы, жетімі болып үш ұлы қалды. Туған анам бар, туған-туыс бар, бізді «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсірді. Ал, өз басым ата тәрбиесін көрдім. Бейсен атамның берген өнегесі өте мол.

Ер жетіп, еңбек жолын бастағанымда Тұрмахан Орынбаев пен Оразалы Шоманбаев сынды білікті, білгір дәрігерлердің тәлімін алдым. Сондай-ақ, ұстаздық ұлағатын аямаған Вагид Алиевтың еңбегі де ерен. Тәжірибелі дәрігер Дербісәлі Сексенбаевтың маған сенім артып, еңбегімді ерекше бағалағанын қалай ғана ұмытайын. Қиын-қыстау кезең қылаң берген шақтарда көмек қолын созған қазақтың қайраткер перзенттері Қаржау Жарқынбеков пен Төрегелді Шармановтарға да алғысым шексіз. Жалпы, кітап желісінде бұл кісілер жайында кеңірек әңгімеленді. Сондықтан оқырман назарына іліге қоймаған отбасыма қатысты бірқатар жайларды ортаға сала кетейін.

Медицина саласында тасым өрге домалағанымен, әу баста эп-әжептәуір басталған отбасылық өмірім бір мүшел жастан асқанда бұлыңғырлана түсті. Дүниеден таршылық көрген жоқпыз. Жұпыны

тіршілік жұбайымның түсіне де кірген жоқ деуге де болады. Алайда, ол мұның қадірін біле алмады. «Тойып секіредінің» кері келіп, әртүрлі мінез көрсете бастады. Оның соңы шаңырақтың шайқалуына әкеп соқты. Ажырасар сәтте үй-күйді, қос перзентті өзіне қалдыруын сұрады. Мен оның бұл шартын орындап, шаңырақтан бір ғана чемоданмен шығып кеттім. Басқа түскен жағдай айтар ауызға ғана жеңіл. Компартияның кезі ғой, отбасылық дауға олар да араласты. Алайда, аупарткомның бірінші хатшысы Рабиға Көлбаева мен Әубәкіровтердің әділдігінің арқасында қудалаудан аман қалдым. «Тас түскен жеріне ауыр» демей ме, өмірден түңілгендей күй кешіп жүргенімде тағдыр мені тағы бір асыл жарға жолықтырды. Айша Алланың маған берген сыйы болды. Жанымды жақсы түсінді. Өзі де дәрігер болғандықтан жұмысымның жайын да біледі. Сондай-ақ, маған шекесі торсықтай екі ұл сыйлап, көңілімді көкке де жеткізді. Алғашқы жарым ажал тұзағына ілігіп, артында қос перзенті қалғанда, оларға да өз балаларындай бауырмалдықпен қарады. Тойын жасап, аяқтандырды да.

Мінеки, менің негізгі айтпағым да осы еді. Бүгінде Айша екеуіміз төрт перзенттің ата-анасымыз. Ғалымжан мен Жанна жеке кәсіппен айналысып, өз істерін өрге домалатып жүрсе, ал Нұржан мен Нұрсұлтан мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстады.

Толықбай ҚАДЫРБАЕВ

ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

Толықбай – менің мақтан тұтарлық шәкіртім. Өз ісінің білгірі. Шымкент облыстық ауруханасында бас дәрігер болып жүргенімде оған бар білгенімді үйретуден жалыққан емеспін. Зерделі шәкіртімнің зейініне таң қалатынмын. Айтқанды құлаққа тез құйып алады. Ал, адамгершілік, азаматтық қасиеттері өзгелерге үлгі боларлықтай. Толықбаймен 33 жылдай қызметтес болдым. Осы уақыт аралығында әріптестігіміз достыққа да ұласты. Тіпті, туған бауырымнан кем болған жоқ.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген даналық бар. Шәкіртімді қалай мақтасам да жарасады. Себебі, соған әбден лайықты азамат. Ол медицинаның хирургия саласын жете меңгерумен қатар, оның ғылыми негізде дамуына да өзіндік үлесін қосты. Операциялар барысында қолданған жаңа әдістері кезінде баспасөз беттерінде талай жарияланды. Тәжірибеге енгізіліп, елдің игіліне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Толықбай Қадырбайұлын медицина саласының дамуына сүбелі үлес қосқан ғалым деп те айта аламыз. Бұған бірге қызметтес болған әріптестері мен атқарған істеріне қанық азаматтар шүбә келтірмейді.

Сөзімді қорытындылай келе айтарым, шәкіртім Толықбай қай кезде болса да, өз ісін таза атқарып, адал пиғылымен елдің абыройына бөленген бірегей азамат.

Дербісәлі СЕКСЕНБАЕВ,

**Қазақстан Республикасының құрметті дәрігері,
медицина ғылымының докторы, профессор,
ҚР МҒА академигі.**

* * *

1980 жылы мен Шымкент облыстық ауруханасына хирург-дәрігер болып жұмысқа орналасқанымда Толықбай Қадырбайұлы маған скальпелді алғаш ұстатты. Сол кезден бастап тәжірибелі дәрігер өз білгенін жалықпай үйретіп, хирургия саласының қыр-сырына қанықтырды. Ұстазымның атқарған ұлы істерін сол кезеңдерде көрдім. Жайдары мінезді Тоқаң облыстық аурухананың ең күрделі бөлімін басқарды. Сондай-ақ, адал, таза атқарған жұмыстарының арқасында ұжымның да, былайғы жұрттың да құрмет-қошеметіне бөленді. Біздің үлгі-өнеге тұтарлық ұстазымыз бола білді. Әсіресе, көптеген хирургиялық сырқаттарға қатысты тәжірибеге енгізген жаңа әдістері дертке дауа іздеп келген талай адамның өмірін ажал аждаһасынан алып қалды. Шәкірттері бұл кісіні «Біздің әкеміз» деп атап кеткен. Ия, Тоқаң шын мәнінде «Біздің әкеміз».

Мәди БИҒАЛИЕВ,
Медицина ғылымының докторы, профессор,
“ШГБСМП” МККП бас дәрігері
(Ескерте кетер жайт,
Мәди Бигалиев ұстазының
тәлімін ұстанып, бүгінгі таңда
халықтың қадірлісіне айналған
білікті, білгір дәрігер)

ТҮЙІН

Құрметті, көкірегі ояу, көзі қарақты оқырман қауым! Назарларыңызға ұсынылған «Хирург» атты кітабымда 1942 жылдың 5 мамырында Өзбекстанда дүниеге келген Толықбай Қадырбаевтың шырғалаңға толы өмірі мен табанды еңбек жолы баяндалды. 1967 жылдан бастап медицинаның хирургия саласы бойынша еңбек ете бастаған ол бүкіл саналы ғұмырын осы бір қым-қуыт тірлігі мол қиын мамандыққа арнады. Алайда, өз ісіне қызыққан талапты азамат талай қиындықты бастан өткерсе де, өрлік мінезі мен өрелі іс-әрекеттерінің арқасында діттеген мақсатына жетіп отырды. Алдымен, кез келген операцияны таза және тыңғылықты атқаратын деңгейге қол жеткізді. Уақыт өте келе біліктілігін арттырып, операция барысында қосымша жаңа әдістерді де тәжірибеге енгізе бастады. Ол белгілі бір себептермен мұнысын ғылыми түрде дәлелдей алмаса да, оның ғалымдық қабілетін бірге жұмыс істеген әріптестері жоққа шығарған емес. Аталмыш кітапқа қажетті дерек іздеп жүргенімде Толықбай Қадырбайұлымен Шымкент облыстық ауруханасында бірге қызмет атқарған, бүгінде қаладағы «Фосфор» ауруханасының бас дәрігері, профессор Иманәлі Байдәулетов кейіпкерімнің хирургия саласына сіңірген еңбегін жіпке тізгендей тізбектеп шықты да, өз әңгімесін «Толықбайды хирургия саласының майталманы деп айтуға болады. Ол – болмысынан ғұлама ғалым. Облыста одан асқан тәжірибелі хирург жоқ» деп түйіндеді. Тағы бір айта кетер жайт, сұхбаттасым болған қай азамат болсын кейіпкеріме қатысты сөз сабақтағанда «таңды таңға ұрып» әңгімелесуден

жалықпайтындай халде болды. Көсіле сөйлегенде көңілдері марқайып, осы сәтті көптен бері күткендей кейіп танытты. Мұндай сәттілік менің шабытымды қайрап, қаламымды еркін сілтеуіме себеп болды.

Жоғарыда атап өткенімдей, кейіпкеріме қатысты дерек берген кісілердің көсіле айтқан әңгімелері менің бұл кітапты шабыттана жазуыма жол ашты. Сондай-ақ, білікті хирургтың елдің игілігі жолында атқарған ерен еңбектері де арқамды қоздырды. Ойлап қараңыз, ауырудың ең асқынған түрлерімен сырқаттанған кісілер жататын және санаулы минуттарда адам тағдыры шешілетін жедел операциялар жасалынатын бөлімді тапжылмай жиырма бес жыл басқарған азаматты кім осал деп айта алады. Толықбайға әріптестері «Сіз екі оттың ортасында жүресіз» деп айтады екен. Бұл сөздің жаны бар. Облыстық ауруханадағы №2 хирургия бөлімі – халықтың соңғы үмітін арқалап келетін жері. Сондықтан мұнда өн бойыңды шымырлататын өлім-жітім де орын алып жатады. Былай қарағанда, халықтың алғысынан гөрі, реніш, мұңы жиі байқалады. Алайда, Толықбай өзін де, қол астындағы қызметкерлерін де елдің мейлінше алғысын алуға тәрбиеледі. Сол арқылы халықтың шынайы құрметіне ие болды. Жасаған әрбір операциясын таза әрі тыңғылықты атқарып, талай адамды ажал аузынан алып та қалды. Қандай істі қолға алса да, межелеген мақсатына жетті. Мәселен, қант диабеті дертіне қатысты жұмыстарды қолға алғанда қордаланған мәселелердің шешімін тауып, медицина саласына орасан үлесін қосты. Бәрінен де, сырқаттанған талай кісілердің жүрегінде ұялаған үрейін сейілтті. Нақтырақ айтқанда, Толықбай осы мәселемен айналысқанға дейін жыл сайын қант диабеті дертімен ауыратындардың 100 адамға

шаққанда 28 пайызы аяғынан айырылатын болса, білікті дәрігердің қолданған методикасынан кейін бұл көрсеткіш 7-8 пайызға дейін түскен.

Айта берсек, атқарылған істерге қатысты айғақты деректер жетерлік.

Сөзімді қорытындылай келе айтарым, кейіпкерім Толықбай Қадырбаевтың медицинаның хирургия саласына сіңірген еңбегі орасан болғандықтан және осы мамандыққа бірден-бір лайықты адам деп танығандықтан кітаптың атын «Хирург» деп атауды ұйғардым. Ал, кейіпкерімнің бейнесін қаншалықты деңгейде аша алғанымды ойлы оқырман қауым таразылай жатар.

Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ

ХИРУРГ

Редакторы: Ергазы Әсембеков

Техникалық редакторы: Ғани Шаймерденов

Корректоры: Фатима Құрманалиева

Басуға 20.03.2012 ж. жіберілді.

Қалыбы 84x108 ¹/₃₂ ОФСЕТТІК ҚАҒАЗ.

ҚАРШ ТҮРІ “ТАЙМС” ОФСЕТТІК БАСЫЛЫС

ЕСЕПТІК БАСПА ТАБАҒЫ 12,75.

ТАПСЫРЫС